

ТУҒАН ТІЛ №3 (46), 2021
ЕЛАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ АЛЬМАНАХ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Әділбек ҚАБА

БАС РЕДАКТОР
Зауытбек ТҰРЫСБЕКОВ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ
Смағұл ЕЛУБАЙ
Ерден ҚАЖЫБЕК
Ауыт МҰҚИБЕК
Ғабит АБЗАЛБЕК
Бабақұмар ХИНАЯТ (*Мажарстан*)
Асай РӘМІШ (*Моңғолия*)
Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (*Ресей, Орынбор*)
Кадыйша АБДЫБЕКОВА (*Қырғызстан*)
Роза БАҚБЕРГЕНОВА (*Түркия*)
Клара САДЫРБАЕВА (*Өзбекстан*)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Аягүл ОМАРОВА

МЕНШІК ИЕСІ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2007 жылғы 23 шілдеде №8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ:

Алғы сөз	3
ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ	
Әбдуақап Қара мен Баяхмет Жұмабайұлы арасындағы Шығыс Түркістан (Шынжан) қазақ әдебиетінің кешегісі мен бүгіні жайында сұхбат.....	4
ابدؤاقاپ قارا مەن بایاحمەت جۇمابای ۇلى اراسىنداغى شىعىس تۇركىستان (شىنجان) قازاق ادەبىيەتىنىڭ كەشەگىسى مەن بۇگىنى جايىندا سۇحبات.....	15
Асай Рәмішұлы. Сегіз қырлы, бір сырлы алып күштің иесі Қажымұқан бабамыз	31
اساي ەرامىش ۇلى . سەگىز قىرلى ، ەبىر سىرلى الپ كۇشتىڭ يەسى قاجىمۇقان بابامىز	33
Бабакұмар Хинаятұлы. Мажар-қазақ байланысындағы мәдени қадамдар	36
Babaqumar Hinaiatuly. Majar-qazaq bailyansyndaǵy mádeni qadamdar	48
ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	
Заңғар Еркебекұлы. Өлеңдері	57
Zańǵar Erkebekuly. Óleńderi	60
КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ	
Әзібаева Бақытжан Уәлиқызы. Ы. Алтынсарин – дәстүрлі мәдениет зерттеушісі	63
Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы. Ахмет Байтұрсынұлы «Әліппесі»	68
Омарова Аягүл Даниярқызы. «Әліппе» қайта оралды	71
Жаңалықтар	75
Jańalyqtar.	89
Қазақтың ұлттық ойындары.....	99
Qazaqtuń ulttyq oıyndary	101
Сәйкестендіру тапсырмасы.....	103



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының үшінші санында «Шетел қазақтарының тынысы», «Шетел қазақтарының шығармашылығы», «Кел, балалар, оқылық» атты айдарларды ұсынып отырмыз.

Биыл қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан, орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы Қажымұқан Мұңайтпасовтың туғанына 150 жыл толып отыр. Сол себептен, альманахтың бұл санынан Монғолияға еңбегі сіңген дәрігер, профессор Асай Рәмішұлының Қажымұқан бабамыз туралы жазған мақаласымен таныс бола аласыздар.

Сонымен қатар, биыл қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы. Қазақ балаларын оқытудағы тәрбие жұмысының ең озық әдістерін пайдалана отырып, балаларды ана тілінде оқытуға ерекше назар аударған, «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын және «Қазақтарды орыс тіліне оқытуға арналған бастапқы оқулық» атты дидактикалық құралды жазған тұңғыш ұстазымыз Ыбырай Алтынсариннің қазақ ұлты мен қазақ баласы үшін сіңірген еңбегі орасан зор. Бірінші қазақ педагогінің мерейтойының құрметіне альманахтан Әзібаева Бақытжан Уәлиқызының «Ыбырай Алтынсарин – дәстүрлі мәдениет зерттеушісі» атты мақаласымен таныса аласыздар. Ағартушының мерейтойына қазақ жеріне «Әліппенің» қайта оралуы да сәйкес келіп тұр. Журналдың бұл нөмірінен А. Байтұрсынұлы «Әліппесі» және биылдан бастап оқу бағдарламасына енген жаңа «Әліппе» оқулығы туралы мәліметті оқи аласыздар.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында Шынжаң қазақ әдебиетінің тарихы мен бүгінгі жағдайы және Мажарстандағы Абай ескерткішінің ашылуы, қазақ курстарының жүргізілуі және т.б. мажарлар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынаспен таныса аласыздар.

Журналдың «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарында қазақ ақын ұлдары мен журналистерінің шығармашылығы ұсынылып отыр. Сонымен қатар, Қазақстандағы және шетелдегі жаңалықтармен де танысып, қазақтың ұлттық ойындары туралы мағлұмат ала аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына ғана емес, шетелдегі қазақ диаспораларына да арналғандықтан, бірқатар мақалаларды латын және төте жазумен беріп отырмыз.

Редакция алқасы



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ



Сұхбат алушы: Түркия мемлекеті, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры

Әбдуақап Қара

Сұхбат беруші: Қазақстан Республикасы, тарих және қоғамдық ғылымдар академигі, жазушы, этнограф, шежіреші

Баяхмет Жұмабайұлы

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН (ШЫНЖАҢ) ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЕШЕГІСІ МЕН БҮГІНІ ЖАЙЫНДА СҰХБАТ

Әбдуақап Қара: Құрметті тыңдарман, біздің бүгінгі тақырыбымыз Шығыс Түркістан (Шынжаң) қазақ әдебиетінің тарихы және жетілуі туралы болмақ. Мұнда «қазақ әдебиеті» тілге алынар болса, әуелде Қазақстандағы қазақ әдебиеті қозғалады, себебі біз үшін құдіретті де қомақты, құнды әдебиеттің бастау көзі осында екені шындық. Сондықтан осы бір ортадан төңіректегі әр елде қоныстанған қандастарымыздың әдебиеттен нәр алып, өркен жайып, өз алдына отау болып отырғаны да шындық. Солардың бірі және бірегейі Шығыс Түркістан (Шынжаң)

қазақтарының әдебиеті, Моңғолия қазақ әдебиеті және Түркия қазақ әдебиеті. Осының ішінде Шығыс Түркістандағы (Шынжаңдағы) қазақ әдебиетінің орны айрықша. Біз бүгін Қазақстанда тұратын Шынжаң қазақ әдебиетінің уәкілі болған академик, жазушы, этнограф, фольклорист, шежіреші Баяхмет Жұмабайұлы мырзамен осы мәселе жөнінде қысқаша кеңес алуды жөн көрдік. Әуелде Бәкеңнің өзінің қысқаша өмірімен және шығармашылығымен таныса кеткеніміз жөн сияқты.

Баяхмет Жұмабайұлы: Рақмет, шамам келгенше әдебиет және



этнография және сол тәріздес тақырыптар көлемінде еңбектеніп жүрген жайым бар, арғы жағынан айтпасақ та қазақ елінде 2019 жылы жеті бірдей этнографияға қатысты «Қазақтың ою-өрнек мәдениеті», «Жартастар тіл катады», «Балбалдар мен кешендер», «Қазақтың сауда мәдениеті» т.б жеті бірдей кітабымның тұсауы кесіліп, жұртпен жүздесті, жалпы 40-қа жуық роман, эссе, фольклорлық шежіре, зерттеу кітаптарым жарық көрген. Міне, енді Шынжаң қазақтары арасында ақын, діндар, ғұлама, қажы, қазы, ағартушы болып ғұмыр кешкен Ақыт Үлімжіұлы туралы «Ақыт» романы жарық көрсе, ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы Шынжаңның өр Алтайындағы азаттыққа, теңдікке ұмтылып, қантөгіс күрес жасаған мұндағы халықтың ерен ерліктерін баяндайтын «Түнекте туғандар» (роман), «Жолбітік» (роман), «Қаратауда қара шал» (роман), «Бөрі ұлыған боз дала» (повестер жинағы), «Сораптар мен соқпақтар» (әңгімелер жинағы), «Жап-жарық әлем» (балалар әңгімесі), «Қазақ балаларының байырғы ойындары» т.б. тоғыз кітабым жарық көріп отыр.

Әбдуақап Қара: Рақмет, Бәке. Жарық көріп жатқан шығармаларыңызға құтты болсын айтамыз! Сіздің кей еңбектеріңіз Түркия қазақтарына да таныс, мысалы, «Сағыныш» романы, Сұлтаншәріп (тәижі) туралы және Зуқа батыр туралы кітаптарыңыз мұндағы оқырмандардың қолында.

Ендігі жерде тақырыпқа оралсақ. Шығыс Түркістан әдебиеті қашан, қалай туындағандығы жайында бізге мәлімет берсеңіз.

Баяхмет Жұмабайұлы: Әбеке, әуелде тыңдарманға мына бес түрлі мәселені ескерте кеткім келеді:

1. Жалпы әлемдік немесе тұтас Түркі әлеміне берісі жалпы қазақ әдебиеті жайында тоқталмаймын, тек Шынжаң қазақ әдебиетінің кешегісі мен бүгінгі жетілу барысына тоқталатынымды ескертем.

2. Шынжаң қазақ әдебиетінің уәкілі тұрғысынан емес, қарапайым әдебиет сүйер қауымның бірі, жақсы оқырман тұрғысында, азаматтық жеке көзқарасымды білдіретінімді ескертем.

3. Бұл сұқбат Шынжаң қазақ әдебиетіне баға беру, деңгейін талқылау емес, әдебиеттің жетілу барысына аздап тоқталу деп біліңіздер.

4. Жалпы Шынжаң қазақ әдебиетін әр жанр түрлерін қамтып айту емес, тек проза жанрындағы сүйікті шығарма романдарды негіз еткен тұрғыда тоқталамын.

5. Тыңдарман түрік ағайындарға ескертерім, мұнда сөйленетін сөздер архивте «Шынжаң» деп алынатындықтан, мен де «Шынжаң» деп сөйлеймін, сондықтан сіздер «Шығыс Түркістан» деп айтты деп сөкпеңіздер әрі түсінікпен қараңыздар!

Ал, Әбеке, алдыңғы сұрағыңызға тоқалайын. Халықтық ауыз әдебиеттің жалғасымы болған жалпы әдебиет ең әуелде «Құдайды» (Жаратушыны) тану дейтін діни әдебиеттен бастау алғандығы шындық.



Екінші сатыда Түркі әлеміне ортақ болған эпостық жырларға, мысалы, Жүсіп Баласағұнның, Сопы Жалайырдың т.б. шығармаларының ықпалы мен қазақ даласынан шыққан жарық жұлдыздар: Шалкиіз жырау, Асан қайғы, Қорқыт ата жырлары қазақ әдебиетінің алғашқы негіздерін қалады. Сондықтан Шынжаң қазақ әдебиет тарихын сөйлеу үшін дәуір бойынша ашып сөйлегенім түсінікті болғандай:

1. Қазақ ауыз әдебиетінің ықпалы негізінде.

2. Араб, парсы, түрік әдебиетінің ықпалы.

3. Шынжаңдағы Мәнжүр өкіметі кезіндегі, яғни Жың Шурын, Яң Зыңшың¹ өкіметі билеген дәуірдегі әдебиет (1910 – 1930).

4. Шынжаңды Шын Шысай өкіметі билеген дәуірдегі әдебиет (1933 – 1944)

5. Шынжаңда түрлі төңкерстік ұйымдар құрылып, үкіметпен теке тіреске түскен кездегі әдебиет (1935 – 1949).

6. Шынжаңда жаңа үкімет (Коммунистік қызыл үкімет) құрылған 1949 жылдан бергі әдебиет делінеді.

Әбдуақап Қара: Құрметті Баяхмет мырза, Шығыс Түркістанға қазақтар қай кезде қоныстанды, Кеңес үкіметімен шегара қашан белгіленді? Өзіңіз айтып өткен Шыңшысай үкіметі кезінде Шығыс Түркістан әдебиетіне көрші Кеңес үкіметі әдебиетінің ықпалы болды ма?

Баяхмет Жұмабайұлы: Шынжаң өңірі қазақтардың ежелгі мекені, тарихқа көз жүгіртер болсақ, ежелде қазақтар керей, найман, қоңырат, қыпшақтардың

Орхон – Енсей бойында отырғандығы жөнінде жазба деректер айғақтайды, кейін жаугершілік себептен жер аударғанын білеміз. Бұл жөнінде халық ортасында:

Әуелі Бұл Алтайға Уақ келді,

Соңынан Керей, Найман шуап келді.... – дейтін ұзақ дастанның жұрнағы барлығы бұл сөзімізге дәлел болады. Ал үшінші рет Жоңғар кезінде және байырғы кара жұрттары Шығыс Түркістаннан ығыстырылғанымен, міне, 1730 -1750 жылдарда Сыр бойынан 1723 жылдардан бастап «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болған қазақтар торғайдай тоза жүріп, Абылай ханның Шиң хандығымен аралық келісімі арқылы Іле, Алтай, Тарбағатай өңірлеріндегі байырғы кара жұрттарына қайта қоныстана бастады. Бұған жоғарыда айтылғандай Арғынбек Апашбайұлының «Сырдария» шығармасы дәлел болады.

Ал шегара жөнінде айтар болсақ, Абылай хан заманынан бері қарай Шынжаң мен Кеңес үкіметі арасындағы жер шегарасы үш рет белгіленді. Ең соңғысы ұмытпасам 1865-1867 жылдардың ішінде шегараны айқындап тұрақтандырды. Осылайша Шынжаң өңірінде қазақтар тұрақтанып қалды.

Ал Шыңшысай үкіметі кезінде Кеңес үкіметі мен Шыңшысай үкіметі арасындағы қатынас тығыз болғандығы себепті, Шынжаң әдебиетіне ықпалы айрықша болды.

Әбдуақап Қара: Айтыңызшы, Шығыс Түркістан қазақ әдебиеті 1920 - 1930 жылдардан басталды деп айтуымызға бола ма?



Баяхмет Жұмабайұлы: Бұл сұраққа толықтай жауап беру үшін ұзақ тоқталуға тура келеді, десе де қысқартып айтар болсақ, әуелде Шынжаң қазақ әдебиетінің дамуына сыртқы күштің әсері мен ішкі қозғалыстың сәйкесімі жайында аздап тоқталар болсақ, сөзіміз түсінікті болатын көрінеді.

Сыртқы себептер: халықтық фольклорымыз бен араб, парсы, түрік әдебиеттерінің және Кеңестік реализм әдебиеттерінің әсері.

Ал ішкі қозғалыс деп айтуға жергілікті әдебиет әуескерлерінің оларды аударып, жаттап, көшіріп, ел ішіне таратып әрі өздері еліктеп жазуынан мұндағы әдебиетте жаңғыру, жетілу барысы тіптен ылғары болды деуге болады.

Мысалы, Ақыт ақын әуелде «Қисса сләмбия», «Мыңбәр түн», «Құран кәрім» сияқты арабтың классикалық әдебиеттерінен пайдаланып «Кесік қол қатын», «Пайғамбардан кеңес» т.б. шығармалар жазса, кейінгі кезде Абай шығармаларын Шынжаң қазақтарына насихаттап,

«Болмасам да Құнанбай баласы Абай,

Мен де жазайын өлеңімді құрап-жамай...», – деп Абайдың өлеңдеріне еліктеп өлең жазып, Абай стилімен өлең жазуға болатынын барынша насихаттады.

Ал Ақыттың ізін басқан әйгілі ақын Отарбай Дүйсембіұлының «Ажы гүнге», «Арқалық батыр», «Сыр бойынан елдің аууы» т.б. ақындар бұл өңірде өз деңгейімен төбе көрсетсе, олардың ізін басқан Әсет Найманбайдан «Нұғыман – Нағым». «Сәлиқа –

Сәмен» шығармалары, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлынан «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы», Көдек Маралбайдан «Бір қызға», «Қалайы қасық» т.б. авторлардың шығармалары ел ішіне кеңінен тарап, Шынжаң қазақ әдебиетінің мазмұнын байытып, жанрлық дамуда өзіндік үлесін қосты.

Әбдуқап Қара: *Шынжаң қазақ әдебиетінің уәкілдері деп кімдерді айтасыз?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Бұларды дәуіріне қарай жіктеуге болады. Мысалы, қазақ даласында танымал Шалкиіз, Бұқар, Асандардың жырларының ықпалымен Шынжаңда өз дәуірінде Шәу (жырау), Отарбай (жырау) Дүйсенбіұлы (1834 – 1914), Арғынбек Апашбай, Шілбі Көмек (1860 – 1936), Әсет Найманбай (1866 – 1940), Ақыт Үлімжі (1866 – 1940), Төлеубай Бөжек (1884 – 1921), Көдек Маралбай (1888 – 1937), Жүсіпбек қожа Шайқысылам (1857 – 1937), Көтбай ақын, Мешел ақын, Таңжарық Жолды (1903 – 1947), Ниғымет Мыңжан (1922 -), Й. Құсайының «Бөгенбай батыр», Бұқара Тышқанбайдың (1920 – 1985) «Халық күші» т.б. авторлар мен олардың шығармаларын Шынжаң қазақ әдебиетінің өкілдері деуге болады. Ал бұдан бергісін тізбелесек өте көп.

Әбдуқап Қара: *Шығыс Түркістандағы баспасөз жұмысы қай кездерден басталды? Дербес авторлық кітаптардың шығу барысын айтып берсеңіз.*

Баяхмет Жұмабайұлы: Енді Шынжаң әдебиеті өз алдына басылым көріп, кітап, журнал болып шығуы



барысына тоқталар болсақ, Ақыт Ұлымжіұлы Қарымсақтан бастасақ жөн сияқты. Ақыттың 1893 жылы «Қазан» баспасынан «Әділет қақылиялар», «Жиғанша» т.б жеті бірдей шығармасы бірінен кейін бірі басылым көріп, Шынжаң қазақтарынан тұңғыш кітабы баспа көрген автор болып жұртқа танылды.

Ал архивтық дәлелдерге тоқталсақ, 1911 – 1912 жылдары «Қазан» баспасынан шығатын «Айқап» журналы және «Уақыт» газетінде «Іле уалаяты» газеті Іле өңірінде жарық көргендігі айтылады. Міне, бұл Шынжаң қазақ әдебиетінің баспа тарихының айғағы.

Ұзамай Шынжаңға Кеңес үкіметі жерінен жарық көрген «Қазақ елі», «Жаңа өмір» журналдары ұшқындап Шынжаңға жетіп, Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасы, Иса Байзақовтың «Құралай сұлу», «Ақ бөпе», Кенен Әзірбаевтың «Әли батыр» шығармаларын мұндағы оқырмандар қолдан-қолға көшіріп таратысты. Ұзамай «Шалқар» газеті, «Жұлдыз» және «Ара» сияқты журналдармен қоса «Қазақ ертегілері» кітабы мұндағы оқырмандардың қолына ұшқындап болса да тиіп отырғандықтан, мұндағы әдебиеттің дамуына тигізген рөлі айрықша болды деуге әбден болады.

Бұл кез, яғни Яң Зыңшың, Жың Шурын кезінде, 1920 – 1930 жылдары, Шынжаң көлемінде баспасөзге, әдебиетке мән бергендей болғанымен, ұлтық баспасөздің қарқыны баяу болды.

Шыңшысай билігі кезінде 1933 жылдан бастап саяси өзгерістермен бірге әдебиетте де өзгерістер болды. 1934 жылы «Сует үкіметімен ынтымақта болу» дейтін «Алты ұранын» ортаға қоюмен Шынжаңдағы саясатты жүйелі жүргізудің негізі баспасөз беттерінде еркін пайдалану керек екенін ескерген үкімет, жер-жерде баспасөзді күшейтуді жолға қойды. Кеңес үкіметінен баспахана техникасын, әріп теру және баспа мәшинелерін меңгерген мамандарды енгізді.

Үрімжіде «Қазақ – қырғыз ұйымы» «Тянь-Шань» (Тәңір тау) газетін қытай және қазақ тілінде шығарып, қазақ тіліндегі газеттің бас редакторы Сәліс Зәмере, орынбасарлары Қазез Қалбану, Зият Шәкерімдер болды.

Үрімжіде Шынжаң орган газетін 1934 жылы «Шынжаң газеті» деп шығарылып, әр аймақтарда «Іле газеті», «Тарбағатай газеті», «Алтай газеті» дейтін газеттер шығарылды, Алтайдан «Алтай журналы» жарық көрді.

1935 жылы «Алтай газеті» «Шынжаң Алтай газеті» болып шықса, 1937 жылға келгенде «Ерікті Алтай» болып өзгерді. Алтайдағы бұл газет-журналдар «Ерікті Алатай баспаханасы» баспасынан басылып, баспа қосымша «Таңшолпан» журналын шығарды.

Мұндай баспасөз жұмыстарына Кеңес үкіметінен келген Сейтқазы әпенді бастаған адамдар жауапты болып, Асқар Татанай сияқты жергілікті әдебиет әуескерлері белсене жұмыс жасады.



Шәуешек өңірінен «Шынжаң Тарбағатай» деген газет шығарылып, қосымша «Біздің дауыс» деген газет татар тілінде шығарылды.

Құлжада «Іле дәриясы» (Шынжаң Іле газеті) жарық көріп, бұлардың бәрі қаржылық жақтан жартылай үкімет қаражатына сүйенсе, жартылай сол кездегі «Қазақ – қырғыз ұйымы» және «Жиһангерлікке қарсы тұру» ұйымдарына сүйенді.

Осылайша, бұл кезде «Азат Шығыс Түркістан», «Ерікті Алтай» сияқты үш аймақ (Іле Алтай, Тарбағатай және Үрімжі) көлемінде 40-тан астам газет-журналдар жарық көріп отырған.

Бұл кезде «Шығыс түркістаншылдар» мен «Шын (жаңа) түркістаншылдар» арасындағы саяси текетірес баспасөздің бәсекелігін арттыра түсті.

Үрімжі көлемінде «Шығыс Түркістан» үкіметі жағынан «Күрес», «Білім арнасы», «Таңшолпан», «Бірлік», «Одақ» журналдарында әдебиет авторларынан тыс саяси беталыстағы шолу мақалалары көптен жарияланды.

Бұл кезде әдебиетте театр жанры барынша дами түсті, әрбір аймақтарда театр қойылатын клубтар әзірленіп «Айман – Шолпан», «Еңлік – Кебек», «Қозы көрпеш – Баян сұлу» сияқты театрлар сахналастырылып, әрі театр үйірмелері ауылды мекендерге барып табиғи сахна жасап, театр қойғандығын сол кезде Алтай театрының белді әртісі болған Мәсікен марқұм айғақтап, онда Еменақын, Күнгей, Бөпе, Қасымбек т.б. болғанын айтады.

Шынжаң әдебиетінің осылайша деңгейін ғана емес, жанрлық жақтан дамуына Кеңес үкіметінен арнайы келген ақын-жазушылардың ықпалы айрықша болса, енді бір жақтан «алашшылдар» өз адамдарын әр аймақтағы мәдениет орталықтарымен баспасөз орындарына енгізу арқылы баспасөз бәсекелестігін тіпті дамыта түсті. Мысалы, Сейтқазы әпенді әуелде Алтайдағы «Абақия» мектебіне оқытушы болса, арада «Алтай еріктілері» газетіне, кейін Үрімжіде «Қазақ – қырғыз ұйымының» жауаптыларының бірі болып Зият Шәкерімұлы бастаған зиялыларды топтай түсті. Осылайша жергілікті орындарда әдебиетшілер қауымы молыға бастады.

Бұл кезде әдебиеттің адам санасымен қоғамның өзгерісіне ықпалы айрықша екенін түсінген үкімет пен ұйымдар Кеңес үкіметінде және Қытайдың өз ішінде болып жатқан саяси жағдайларды ірі шолулар арқылы аударып, көшіріп, мұндағы газет-журналдарға үздіксіз жариялау арқылы әдебиеттің тынысын кеңітіп, қадамын қарқындата түсті.

Әбдуқап Қара: *Бір сөзіңізде «Шығыс Түркістан әдебиетінің дамуына алашшылдардың ықпалы да зор болды» деп кеттіңіз, бұл қай кезде болған?*

Баяхмет Жұмабайұлы: 1928 жылдардан кейін, Қазақстандағы алашшылдардан Ахмет Байтұрсынұлы бастаған адамдар Тарбағатайдың Шәуешек қаласына дейін барып, өз идеяларын дәріптеді. Алтай өңірінде Мәми бейсі ашқан «Абақия» мектебіне алашшылдардың уәкілі Сейтқазы әпенді



барып оқытушы болып, кейін «Алтай еріктілері» газетінің шығуына ықпал жасады және Шәкәрім қажының ұлы Зият бастаған бір топ адамдар барып, кейінгі кезде Үрімжіде «Қазақ – қырғыз бірлестігі» деген ұйымда жұмыс істеді. Міне, бұлар Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларын ала барды. Әсіресе осындай мәдениет адамдарының ықпалында әдебиеттің бәсекесі өрістеді.

Әбдуақап Қара: *Мұндай болғанда әдебиет өз кезінде идеологияның рөлін атқарған болды ғой?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Әлбетте, Шыңшысай үкіметінің мақсаты да дәл сондай болды. Мұнда газеттер мен журналдар бәсекелі түрде шығарылып, Кеңес үкіметінде болып жатқан өзгерістер, ішкі Қытайдағы «Жапонға қарсы соғыс», «Коммунистік партия мен Гоминдан² партиясының текетірестігі», Маузыдоңның «Ұзаққа созылған соғыс», «Иәнанда сөйленген сөз» сияқты мақалалар қазақ тіліне аударылып, жарияланып отырды.

Әбдуақап Қара: *Жоғарыда Шығыс Түркістан әдебиетін үш кезеңге бөлуге болады дедіңіз, соның бір кезеңі «Азаттық кезіндегі әдебиет» дедіңіз. Бұл қай кез?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Қытайда Коммунистік партияның Гоманда партиясын аударып, өз туын тіктеген 1949 жылды «Азаттық жылы» санайды. Міне, бұл Маузыдоң кезіндегі әдебиет болмақ.

1953 жылы Шәуешек қаласынан «Шынжаң әдебиеті мен өнері» деген

2 Гоминдан – Қытай либералдар партиясы.

қазақ тілінде әдеби журнал шықты. Бұл бүгінгі Шынжаңнан шығып жатқан «Шұғыла» журналының алғашқы сандары еді.

1954 жылы «Шынжаң халық баспасынан» саяси және әдеби кітаптар жарық көрді. Мұнда Қ. Қозыбайдың (1924 – 1979) «Алғашқы қадамда», Р. Әпшенің «Озғандар мен тозғандар» т.б. кітаптары біренен кейін бірі басылым көрді. Сөйтіп Шынжаңда Асқар Татанай, Күнгеі Мұқажан, Мағаз Раздан. Қажығұмар Шабдан, Дубек сияқты авторлардың ірі-ірі шығармалары халыққа жол алды. Бұлардың ізін басқан Мақатан Шәріпқан, Омарғазы Айтан, Оразқан Ақымет, Жұмабай Біләл, Батырқан Құсбегін, Зейнолла Сәнік, Сұлтан Жанболат, Әуелқан Қалый, Жақып Мырзақан, Серік Қапшықбай, Тұрсыналды Рыскелді, Бердібек Құржықай, Шәйсұлтан Қызыр, Жақсылық Сәмит, Жұмадыл Маман т.б. жазушылар легі төбе көрсетті. Кеңес үкіметінен Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Мұхтар Әуезовтердің шығармалары Шынжаң қазақтары қолдан-қолға өткізіп оқитын дәрежеге жетті.

Әбдуақап Қара: *Коммунистік идея болған Кеңес үкіметі алғашқы кезде әр өнер немесе саяси белсенділерден тартып, еркіндік беріп ауқымын байқап алып, ұзамай, олардың ертеңгі ықпалынан қорқып қырғындау саясатын жүргізетін әдеті, мысалы, алашшылдар соның бір мысалы. Ал Қытай коммунистері осы жолмен*



зиялыларға арандатушылық жүргізді ме?

Баяхмет Жұмабайұлы: Бұл бір күрделі сұрақ. Енді әр ел өзінің ішкі орнықтылығын мақсат еткен негізде саяси қозғаландар туатыны шындық. Қытайда да 1958 жылы «Оңшылдарды аластау», 1966 жылы «Мәдениет төңкерісі» деген қозғалыстар әсерінен қаншама зиялыларымыз сотталды. Солардың тірі қалғандары 18 жылдық өмірлерін түрмеде, «Еңбекпен өзгерту майдандарында» өткізіп оралды. Мысалы, Мағаз Раздан, Батырқан Құсбегин, Тәліпбай Қабай, Омарғазы Айтан. т.б. Олар келген соң том-том романдар жазып, халқына деңгейлі рухани азық берді.

Әбдуқап Қара: *Жаңа Коммунистік үкімет Шығыс Түркістанды иеленген соң әдебиеттің ауқымы, беталысы қалай болды? Қазақ әдебиетінде жетістіктер болды ма?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Шынжаң көлемінде әрбір аймақ, облыс, кей автономиялы аудандардан өз алдына журнал, газеттер шығарылды. Мысалы, өлке орталығы болған Ұрымжі қаласынан «Шұғыла», «Мұра», «Көкжиек», «Шалғын», «Бұлақ», «Оқырман өресі», «Тіл және аударма», «Шынжаң оқу - ағартуы», «Қоғамдық ғылым мінбесі», «Ғылыми мақалалар», «Шынжаң мал шаруашылығы», «Шынжаңдағы жер басқару», «Ячейка» т.б. журналдар басылым көрсе, газеттерден «Шынжаң газеті», «Ғылыми-техника газеті», «Азия кіндігі газеті»,

«Экономика газеті», «Дүние қабарлары газеті» т.б. болды.

Ал орталық болған Бейжіңнен «Ұлттар журналы» (Жұңго ұлттары), «Алқап», «Қызыл ту» журналдары шықты.

Іле облысынан «Іле айдыны», «Іле жастары», «Іле ағартуы», «Балалар дене тәрбиесі», «Іле әйелдері», «Іле дәрігерлігі» журналдары мен «Іле газеті», «Іле өрендер газеті» жарық көрді.

Санжыобылысынан «Боғда» журналы, «Үйрену және ғылым» журналы,

Алтай аймағынан «Алтай аясы», «Жас түлек», «Ғылым және өнер», «Денсаулық және білім» журналдары мен «Алтай газеті» жарық көрді.

Тарбағатай аймағынан «Тарбағатай» журналы мен «Тарбағатай газеті», Құмыл аймағынан «Құмыл алқабы» журналы жарық көрді.

Шынжаң көлеміндегі баспа орындары «Орталық ұлттар баспасы» «Шынжаң халық баспасы», «Шынжаң жастар-өрендер баспасы», «Шынжаң ғылым-техника баспасы», «Шынжаң көркем сурет баспасы», «Шынжаң Іле халық баспасы», т.б. баспа орындары болып, барлығы отызға жуық журнал, онға жуық газет, жеті баспа орындары жұмыс атқарғандықтан, әдебиет-көркемөнер өз деңгейінде толысып, авторлар саны молығып, әдебиетте деңгейлі шығармалар пайда болып, кей авторлардың шығармалары қытай, ағылшын тілдерінде жарық көрді.



Мысалы, алдыңғы буындардың ізін басқан жаңа буын авторлар саны жыл сайын артып, жұртқа танымал Шәміс Құмар, Әкбәр Мәжит, Еркеш Құрманбек, Қырбақ Нұрақын, Сағатқан Таңқай, Мәуілқан Әбілғазы, Әуесқан Нұрғожа, Серік Қауымбай т.б. әдебиет саңлақтары төбе көрсетті. Сөйтіп 2000 жылға дейін жалпы Шынжаң көлемінде тарихи және осы заман тақырыбында жазылған 200-ден астам романдар жарық көріп, олардың әрқайсысы өз деңгейінде, авторларының өзіндік айтар ойымен, оқырмандарына жеткізер мақсаттары айқын романдар болғандықтан, кейбірі қытай тіліне аударылып жарияланса, кейбірі мемлекеттен, өлкеден өз бағаларын алып үлгерді.

Соңғы уақыттан бері жас жазушылардың шоғыры да молықты, олар өз шығармаларын «әлемдік деңгейдегі шығармалар» қатарына қойды. Ал алдыңғы буын жазушылары олардың бұл шығармаларын «ұғымсыз» деп санайды. Міне, бұл дәуірдің жаңалануы, идеяның өзгешелігінен болатын құбылыс, заңдылық деуге болады.

Әбдуақап Қара: *Соңғы бірнеше жылдан бері Шығыс Түркістанда белгілі саяси өзгерістер болып жатқанын бүкіл әлем біледі, осындай жағдайда жоғарыдағыдай дамып, белгілі деңгейге жетті деп отырған әдебиеттің халі қандай, ол саяси жағдайдың ықпалы болды ма?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Менің жоғарыда айтып отырған әдебиеттегі жетістіктер тек 2000 жылдарға дейінгілері. Одан бергі жағдайдан тым хабарым жоқ.

Әбдуақап Қара: *Тәуелсіздік кезеңде екі қозғам арасындағы, яғни егеменді Қазақстан елі мен Қытай елі арасындағы әдеби байланыс қалай болып жатыр?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Шынжаң қазақ әдебиетінің үлгісі, әрине, кезіндегі Кеңестік реализм әдебиеті болды, жоғарыда айтылғандай, мұндағы Абай, Шәкәрімдердің, кейін Мұхтар, Сәбит, Ғабиттардың шығармаларымен сусындап отырды. Шынын айтсақ, әзірге дейін Қазақстандағы қазақ әдебиетіне Шынжаң оқырмандары барынша құрметпен қарайды, мұндағы танымал авторлар Мұқағали Мақатаев, Оралхан Бөкеев, Мұхтар Мағауин шығармаларын сан мәрте баспадан шығарып, ендігі жастардың сусындауына ұсынып отырды. «Абай», «Абай жолы», «Абай қара сөздері», «Абай өлеңдері таңдамалыларын» қытай тіліне аударып, қытай оқырмандарға ұсынды.

Ал қазақ елінде «Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы» деген орталық бар, негізгі иесі Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Мұнда Қазақстан егемендігін жариялаған күннен бастап, дүниедегі қазақтарды байырғы Отанына шақырумен қатар, дүниедегі қазақ әдебиеті мен тарихынан хабар беретін кітаптар шығарып отырған бірден-бір орын. Олар әзірге дейін



Шынжаң қазақ әдебиетіндегі танымал авторлардың шығармаларынан «Зуқа батыр» (Батырқан Құсбегін), «Пана» (Қажұғұмар Шабдан), «Бөке батыр» (Шәмис Құмарұлы), көп томды роман «Қаһарлы Алтай» (Жақсылық Сәмит), көп томды роман «Қылмыс» (Қажығұмар Шабдан) т.б. Авторлардың шығармалары Қазақстан оқырмандарын таныстырып, танытып келеді. Міне, мұның бәрі екі елдің достығы, екі елдегі әдебиеттің тоғыспалығы, тұтастығы болмақ.

Әбдуақап Қара: *Атамекен Қазақстандық ақын-жазушылар және әдебиет зерттеушілер Шығыс Түркістан қазақ әдебиетін қаншалықты біледі? Арадағы әдеби байланыс қандай болып тұр деп ойлайсыз?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Мен кей университеттерде «Қытайдағы қазақ әдебиетін тану, зерттеу» тақырыптары барлығын өз көзіммен көрдім. Мысалы, профессор Темірқан Тебеген мырза Шынжаңда жарық көрген романдарды тауып, студенттеріне талдау жасатып, сол тақырыпта қорғатып отырғанын көргенімде, ендігі ұрпақтың санасына Шынжаң қазақ әдебиетін ұялауы жалпы дүниедегі қазақтардың тарихы бір түйінмен зерттелудің нәтижесі деуге болады.

Ал шетел қазақтарының әдебиетіне де, тарихына да қызықпайтындар тіптен көп, олар кешегі Кеңестік жүйенің «шет елдегі қазақтар тұтас қашқындар, шпиондар» дейтін шеңбердің құрсауынан шыға алмай отырғандар болмақ.

Әбдуақап Қара: *Монғолия қазақ әдебиеті мен Шығыс Түркістан қазақ әдебиеті арасында Кеңестік кезеңдегі байланыстар болды ма? Қазір байланыстар қалай болып жатыр?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Моңғолия қазақ әдебиеті мен Шынжаң қазақ әдебиетінің тақырыбы да, тағдыры да бір деуге әбден болады. Себебі Моңғолиядағы қазақ халқының кешкен кешулері, тіршілік тынысы Шынжаңдағы қазақ халқымен бірдей.

Моңғолия қазақтары Шынжаң қазақтарының бөлінісі, олардың сусындаған ауыз әдебиеті де бірдей, ішінара «Жалама айдаған», «Кенжехан қырған» сияқты ішкі оқиғалармен «Кеңестік репрессияның» қырғыны болмаса, тарихи тамыры сабақтас болғандықтан шығармалар желісі де ұқсас болады. Мысалы, Моңғолияда өмір сүрген Тауданбек Қабан (1830 – 1908), Төлеубей Бөжек (1858 – 1924), Оңашыбай Рабит (1892 – 1953), Ақтан Бәби (1897 – 11953), Мешел Қожаберген, Аманбай Байқадам т.б. шығармалары Шынжаң қазақтарымен ортақ. Моңғолияда жарық көрген Солтан Тәкенің «Арман тау» (роман), «Ақыр Жәнібек» (роман) т.б. авторлардың шығармаларының оқиға құрылымы екі жаққа бірдей ұғынықты болу себебі де содан. Бұл жөнінде профессор Қабидаш Қалиясқарұлы «Халық ақындары», «Өскен өлкенің өршіл әдебиетшілері» деген шығармасында толығымен дәлелдеп баяндаған.

Әбдуақап Қара: *Шынжаң әдебиетінде әлемдік әдебиетпен*



салыстырарлық шығармалар барлыққа келді деп айта аласызба?

Баяхмет Жұмабайұлы: Бұл тым ауыр сұрақ, әрі мен жауап беріп, тұжырым айтуым оғаштау, десе де көзқарас білдіру азаматтық құқығым деуге болады.

Әуелде «әлемдік әдебиет» деп қандай әдебиетті айтамыз? Бұл үлкен сұрақ. Біреулер шығармалары ағылшын, француз, неміс тілдерінде шықса болды «әлемдік әдебиет» қатарына қояды. Енді біреулер бүгінгі модернизм әдебиетінде, болмаса ұғымсыз жұмбақ шығарманы әлемдік деңгей десе, тағы біреулер сол ортаның саясаты араласып, басқалар бата бермейтін жәйтті әшкерелеп тастаса, әлемдік әдебиет деңгейіне балайды, сонда әлемдік әдебиет дегенімізді қалай түсінуге болады?

Дәл қазіргі жағдайда жеңіл тіл, ұғынықты оқиғалармен жазылған романдардың оқырманы мол болады. Ал тілі ауыр, оқиғасы күрделі, стилі өзгеше романдардың оқырманы санаулы ғана болып жатады, міне бұл жоғарыда айтқан оқырманның білім деңгейі, ортаның талғамы дегенге жауап беретін дәлел. Мысалы, шығармаңыз ағылшын тілінде болсын, оқиғасы Шынжаңдағы 40 жылдардың соғыс жағдайы болса, мұндай романды тарихшылар немесе осы кездегі оқиғаға қызығушылар болмаса, оқырманы шекті болады.

Ендеше, осы оқиғаны адамзаттың бүгінгі ойлау жүйесімен бейнелеп жаза алсаңыз ше? Онда оқырман саны артуы мүмкін. Бұны айтудағы

себебім, Шынжаңдағы жарық көрді деген жоғарыдағы 200-ден астам романдардың ішінде бір сыдырғы тарихи тақырыптардың төңірегінде шиырлап жатқан жәйт та жоқ емес. Тіпті оқиға желілері бірін-бірі қайталаған, баяндау тәсілмен жазылған романдар саны тіптен мол екені де шындық. Десе де осы романдардың өз оқырманы бар, ал жаңа стиль, жаңа ой желісімен жазылған бүгінгі оқырманның көңілінен шығатын романдар да жоқ емес.

Әбдуақап Қара: *Алда Шынжаң әдебиетінің тағдыры қандай болады деп ойлайсыз?*

Баяхмет Жұмабайұлы: Мынау ақпараттың ұшқан құстай дамыған кезі. Дүниенің түкпір-түкпіріне ақпараттар аса тез жетіп жатқан информация заманы, мұндайда тек Шынжаң қазақ әдебиеті мен Қазақстандағы қазақ әдебиетінің тоғыспалығы ғана емес, тұтас дүние әдебиетінің өзара бір-біріне ықпалы әлсіремейді. Сондықтан әдебиетті дәуір талғамына қарай деңгейін танытып, әлемдік әдебиетке ортақ ұмтылады деп ойлаймын.

Әбдуақап Қара: *Бәке, жақсы сұқбат болды, тыңдарман да деңгейлі сауатқа ие болды деп ойлаймын, қымбатты уақытыңызды шығарып, сұқбатқа қатынасқаныңызға рақмет айтамын.*

Баяхмет Жұмабайұлы: Сіздерге де рақмет. Тыңдарман, өзің разы болып қанағаттансаң болғаны. Амандық болсын!



تۇركيا مەملەكەتتىن تارىخىلىق ئىلمىنىڭ دوكتورى، مېمار سېنان كوركىم ونىر ۋە ئىبۇر سېستېمىنىڭ پروفېسسورى اېدۋاقاپ قارا قازاقىستان رەسپۇبلىكاسىنان تارىخى جانە قوعامدىق ئىلىمدار اكا دەمىگى، جازۇشى، ەتئوگرافى، شەجىرەشى باياھمەت جۇماباي ۇلى



شەئىس تۇركىستان (شېنجاڭ) قازاق ادەبىيەتنىڭ كەشەھىس مەن بۇگىن بايىنا سۇببات

اېدۋاقاپ قارا: قۇرمەتتى تىڭدارمان، ەبىزدىڭ بۇگىنگى تاقىرىبىمىز شەئىس تۇركىستان (شېنجاڭ) قازاق ادەبىيەتنىڭ تارىخى جانە جەتلىۋى تۇرالى بولماق. مۇندا «قازاق ادەبىيەتى» تىلگە النىر بولسا، اۋەلدە قازاقىستاندا قازاق ادەبىيەتى قوزعالادى، سەبەبى ەبىز ۇشۇن قۇدىرەتتى دە قومماقتى، قۇندى ادەبىيەتنىڭ باستاۋ كوزى وسىندا ەكەنى شىندىق. سوندىقتان وسى ەبىر ورتادان توڭىرەكتەگى ەار ەلدە قونىستانعان قانداستارىمىزدىڭ ادەبىيەتتەن ەنار الپ، وركەن جايىپ، ەوز الدىنا وتاۋ بولپ وتىرعانى دا شىندىق. سولاردىڭ ەبىرى جانە بىرەگەيى شەئىس تۇركىستان (شېنجاڭ) قازاقتارى ادەبىيەتى، موڭغولىيا قازاق ادەبىيەتى جانە تۇركيا قازاق ادەبىيەتى. وسىنىڭ شىندە شەئىس تۇركىستاندا (شېنجاڭدا) قازاق ادەبىيەتنىڭ ورنى ايرىقشا. ەبىز بۇگىن قازاقىستاندا تۇراتىن شېنجاڭ قازاق ادەبىيەتنىڭ ۋاكىلى بولغان اكا دەمىك، جازۇشى، ەتئوگرافى، فولكلورىست، شەجىرەشى باياھمەت جۇماباي ۇلى مىرزامەن وسى ماسەلە جونىدە قىسقاشا كەشەھىس الۋدى ەجون كوردىك. اۋەلدە باكەڭنىڭ ەوزىنىڭ قىسقاشا ومىرمەن جانە شەئىسلىمەن تانىسا كەتكەنىمىز ەجون سىياقتى.



Баяхмет Жұмабай Ұлы: Рاحмет, Шамам келгенше адебиет және этнография және сәулә тарихында тақырыптар көлемінде еңбектеріне жайым бар, арғы жағынан айтпасақ та қазак җылында 2019 жылғы жеті бердегі этнографияға қатысты «қазактық ой-орнек мадәниеті», «жартастар етил қатады», «балбалдар мен кешендер», «қазактық сауда мадәниеті» т.б. жеті бердегі китабының тусауы кесіліп, жұртың жұздесті, жалпы 40-қа жұтқ романы, ессә, фольклорлық шежіре, зерттеу китабы жарық көрген, менә, енді шынжақ қазактары арасында ақын, әдіндар, ұлама, қажы, қазы, ағартушы болып ұмыр кешкен ақтә ұлымжы Ұлы туралы «ақтә» (романы) жарық көрсә, XIX җасындағы ортасы мен XX җасындағы басындағы шынжақтың еурә алындағы азаттыққа, тәҗдикке ұмтылып, қантоғкыс көрсәс жасасан мұндағы халықтың ерен ерліктерін баяндайтін «түнәктә тұғандар» (романы), «жолытык» (романы), «қаратауда қара шал» (романы), «ебурі ұлған боз дала» (поәстер жинағы), «сораптар мен соқпақтар» (аҗкәмелер жинағы), «жап-жарық әм» (балалар аҗкәмәсі), «қазак балаларының байрығы мындары» т.б. тәуғыз китабы жарық көрәп отыр.

әдәбият қара: рақмет, баке. жарық көрәп жатқан шеғармаларыңызға қутты болсын айтмыз! җсыздык кәй еңбектеріңіз туркыя қазактарына да тансы, мысалы, «сағыныш» романы, сұлтанышарып (әтайжы) туралы, туркыя қазактарының кәшсермелеріне байланысты және зұқа басы туралы китабыңыз мұндағы өқирмандарды қолында. ендігі жерде тақырыпқа оралсақ. шығарыс туркыстан әдәбиеті қашан, қалай тұндығандығы жайында бзгә мәлімет берсеңіз.

Баяхмет Жұмабай Ұлы: әбеке, әуәлде тығдарманға мына бәс әтурлі мәселәні ескертә кәткәм кәледі.

1. жалпы әмәдік немәсә тұтасы туркык әмәне берсы жалпы қазак әдәбиеті жайында тоқталмаймын, тәк шынжақ қазак әдәбиетінің



- кешегісі мен бұгінгі жетілу барына тоқталатынменді ескертем.
2. Шыңжаң қазак әдебиетининк Ұакли тӯрегиснан емес, қарапайим әдебиет сӯйер қаўимнинк әбри, жақси иқрман тӯрегиснан, азаматтинк жекә кузқарасмди билдиретинмди ескертем.
3. Бұл сӯҳбат Шыңжаң қазак әдебиетинә баға берӯ, деггәйин талқлау емес, әдебиеттинк жетілу барына аздап тоқталу дөп билгиздөр.
4. Жалпи Шыңжаң қазак әдебиетин әр жанр тӯрлерин қамтип айтӯ емес, тек перуза жанриндағи сӯйикти шеарма романдарди негиз еткен тӯреда тоқталамин.
5. Тигдарман тӯрик агайиндарға ескертерим, мӯнда суйленетин сوزдөр аричӯте «Шыңжаң» дөп аналитиндиқтан, мен дө «Шыңжаң» дөп суйлемин, сондиқтан сиздөр «Шеис тӯркистан» дөп аитти дөп сукепегиздөр әри тӯсинкипен қарагиздар!
- ал, әбекә, адиғи сӯраеггизға тоқталайин. Халқтиқ аӯз әдебиеттинк жалғасми болған жалпи әдебиет ек аӯлдә «қӯдаиди» (жаратӯшини) танӯ дөйтин әднә әдебиеттен бастау ағандәйи шиндиқ. екинши сатнда тӯрик әменә ортақ болған епостиқ жерларға, мсәли, әжӯсип баласағуннинк, суйи жалайрдинк т.т. шеармаларининк бқпәли мен қазак даласнан шиққан жариқ жӯлдиздар: шәлкиз жрау, асан қайғи, қорқит ата жерларй қазак әдебиетининк ағашқи негиздөрин қалади. сондиқтан Шыңжаң қазак әдебиет тарихин суйлеу әушин әдәур буйнша ашип суйлегәнем тӯсинкити болғандай:
1. қазак аӯз әдебиетининк бқпәли негизиндә.
 2. араб, парси, тӯрик әдебиетининк бқпәли.
 3. Шыңжаңдағи әманжур икметти кезиндәги, яғни жинк шӯрин, йәк зиггшинк икметти биләгән дәурдәги әдебиет (1910 - 1930).
 4. Шыңжаңди шин шисәйи икметти биләгән дәурдәги әдебиет (1933 - 1944).
 5. Шыңжаңда әтӯрли тоғкәрестинк ӯимдар қӯрлип, ӯкметпән тәкә трәскә тӯскән кәздәги әдебиет (1935 - 1949).



6. Шىنجاڭدا جاڭا ۇكىمەت (كوممۇنىستىك قىزىل ۇكىمەت) قۇرىلعان 1949 جىلدىن بەرگى ادەبىيەت دەلىنەدى.

ابدۇقاپ قارا: قۇرمەتتى باياخمەت مىرزى، شىعىس تۇركىستانغا قازاقتار قاي كەزدە قونىستاندى، كەڭەس ۇكىمەتىمەن شەگارا قاشان بەلگىلەندى؟ عوزىڭىز ايتىپ وتكەن شىنشىساي ۇكىمەتى كەزىندە شىعىس تۇركىستان ادەبىيەتىنە كورشى كەڭەس ۇكىمەتى ادەبىيەتنىڭ بقپالى بولدى ما؟

باياخمەت جۇمباي ۇلى: شىنجاڭ عوڭىرى قازاقتاردىڭ ەجەلگى مەكەنى، تارىحقا كوز جۇگرتەر بولساق، ەجەلدە قازاقتا كەرەي، نايمان، قوڭىرات، قىپشاق تاردىڭ ورحون - ەنسەي بويىندا وترعاندىعى جونىندە جازبا دەرەكتەر ايعاقتايدى، كەيىن جاۋگەر شىلىك سەبەپتەن جەر اۋدارعانىن بىلەمىز. ەكىنشى دۇركىندە شىڭعىس خان زامانىدا جانە ايرىلىپ ۇزاماي قايتادان بارىپ قونىستانعان. بۇل جونىندە حالق ورتاسىندا: *اۋەلى بول التايغا ۇاق كەلدى،*

سوڭىنان كەرەي، نايمان شۇاپ كەلدى... - دەيتىن ۇزاق داستانىڭ جۇرناعى بارلىعى بۇل سوزىمىزگە دالەل بولادى. ال عۇشىنشى رەت جوڭغار كەزىندە جانە بايرىعى قارا جۇرتتارى شىعىس تۇركىستاننان نىستىرىلعانىمەن، مەنە، 1730-1750 جىلداردا سىر بويىنان 1723 جىلداردان باستاپ «اقتابان شۇبىرىندى، القاكول سۇلاما» بولعان قازاقتار تورعايداي توزا عۇرۇپ، ابلاي خاننىڭ چىڭ حاندىعىمەن ارالىق كەلىسىمى ارقلى بلە، التاي، تارباغاتاي وڭىرلەرىندەگى بايرىعى قارا جۇرتتارىنا قايتا قونىستانا باستادى. بۇعان جوعارىدا ايتىلعانداي ارعىنبەك ايشىباي ۇلىنىڭ «سىرداريا» شىعارماسى دالەل بولادى.

ال شەگارا جونىندە ايتار بولساق، ابلاي خان زامانىنان بەرى قاراي شىنجاڭ مەن كەڭەس ۇكىمەتى اراسىنداى جەر شەگاراسى عۇش رەت بەلگىلەندى. ەڭ سوڭعىسى ۇمىتپاسام 1865-1867 جىلداردىڭ شىندە شەگارانى ايقىنداى تۇراقتاندىردى. وسلايشا شىنجاڭ وڭىرىندە قازاقتار تۇراقتانىپ قالدى.

ال شىڭ شىساي ۇكىمەتى كەزىندە كەڭەس ۇكىمەتى مەن



شىڭشىساي ۇكىمەتى اراسىنداى قاتىناس تىعىز بولغاندىعى سەبەپتى، شىنجاڭ ادەبىيەتىنە بىقپالى اىرىقىشا بولدى.

ابدۇقاپ قارا: ايتىڭىزشى، شىعىس تۇركىستان قازاق ادەبىيەتى 1920 - 1930 جىلداردان باستالدى دەپ ايتىۋىمىزعا بولام؟

باياھمەت جۇمباي ۇلى: بۇل سۇراققا تولىقتاي جاۋاپ بەرۋ ءۇشىن ۇزاق توقتالۋعا تۇرا كەلەدى، دەسە دە قىسقارتىپ ايتار بولساق، اۋەلدە شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتىنىڭ دامۇنا سىرتقى كۇشتىڭ اسەرى مەن شىكى قوزعالستىڭ سايكەسىمى جايىندا ازداپ توقتالار بولساق، ءسوزىمىز تۇسىنىكتى بولاتىن كورىنەدى.

سىرتقى سەبەپتەر: حالقتىق فولكلورىمىز بەن اراب، پارسى، تۇرىك ادەبىيەتتەرىنىڭ جانە كەڭەستىك رەلىزم ادەبىيەتتەرىنىڭ اسەرى. ال شىكى قوزعالسى دەپ ايتۋعا جەرگىلىكتى ادەبىيەت اۋەسكەرلەرىنىڭ ولاردى اۋدارىپ، جاتتاپ، كوشىرىپ، ەل شىنە تاراتىپ ءارى وزدەرى ەلىكتەپ جازۋىنان مۇنداى ادەبىيەتتە جاڭغىرۋ، جەتىلۋ بارىسى تىپتەن بلعارى بولدى دەۋگە بولادى.

مىسالى، اقتىن اقىن اۋەلدە «قىسا ءسۇل ءامبىيا»، «مىڭ ءبىر ءتۇن»، «قۇران كارىم» سىياقتى اراپتىڭ كلاسسىكالىق ادەبىيەتتەرىنەن پايدالانىپ «كەسك قول قاتىن». «پايعامباردان كەڭەس» ت.ت شىعارمالار جازسا، كەپىنگى كەزدە اباي شىعارمالارىن شىنجاڭ قازاقتارىنا ناسىحاتتاپ، «بولماسام دا قۇنانباي بالاسى اباي،

مەن دە جازاين ولەڭىمدى قۇراپ-جاماي...»، - دەپ ابايدىڭ سەگىزايىق، قوس اياق، ەگىز ۇيقاس ولەڭدەرىنە ەلىكتەپ ولەڭ جازىپ، اباي ستىلىمەن ولەڭ جازۋعا بولاتىن بارىنشا ناسىحاتتادى.

ال اقتىتىڭ ءىزىن باسقان اىگىلى اقتىن وتارباي دۇيسەمبى ۇلىنىڭ «اجى گۇڭگە»، «ارقالىق باتىر»، ارعىنبەك اپاشباي ۇلى «سىر بويىنان ەلدىڭ اۋۋى» ت.ت باسقا اقتىندار بۇل وڭىردە ءوز دەڭگەيمەن توبە كورسەتسە، ولاردىڭ ءىزىن باسقان اسەت نايمانبايدان «نۇعىمان - ناعىم». «سالىقا - سامەن» شىعارمالارى، جۇسىپبەك قوجا شايخىسلامانان: «مىڭ ءبىر ءتۇن»، «توتىنىڭ توقسان تاراۋى»، كودەك



Маралбайдың: «Ебір қызға», «Қалайы қасқы» т.б. аўторлардың шеғармалары ел шынне кешнен тарап, шынжақ қазак адебие тиниңк мазмунн байттып, жанрлық дамуда озиндиңк ۇлешин қосты.
ابدواقاب قارا: شينجاڭ قازاق ادەبىيە تىنىڭ ۇاكىلدەرى دەپ كىمدەردى ايتاسىز؟

بايحهمة جۇمباي ۇلى: بۇلاردى داۋىرىنە قاراي جيكتەۋگە بولادى. مىسالى، قازاق دالاسىندا تانىمال شالكىيز، بۇقار، اسانداردىڭ جىرلارنىڭ نىقالىمەن شىنجاڭدا ءوز داۋىرىندە ءشاۋ (جىراۋ)، وتارباي (جىراۋ) دۇيسەنبى ۇلى (1834 - 1914)، ارعىنبەك اپاشباي، ءشىلبى كومەك (1860 - 1936)، اسەت نايماىباي (1866 - 1940)، اقتى ءۇلىمجي (1866 - 1940)، تولەۋباي بوجەك (1884 - 1921)، كودەك مارالباي (1888 - 1937)، جۇسىپبەك قوجا شايقىسىلام (1857 - 1937)، كوتباي اقىن، مەشەل اقىن، تاڭجارق جولدى (1903 - 1947)، اسقار تاتاناي (1906 -)، نىعمەت مىڭجان (1922 -)، ي. قۇساينىڭ «بوكنباي باتىر»، بۇقارا تىشقانبايدىڭ (1920 - 1985) «حالىق كۇشى» ت.ب. اۋتورلار مەن ولاردىڭ شىعارمالارن شىنجاڭ قازاق ادەبىيە تىنىڭ وكىلدەرى دەۋگە بولادى. ال بۇدان بىلايىسىن تىزبەلەسەك وتە كوپ.
ابدواقاب قارا: شىعىس تۇركىستانداى باسپاسوز جۇمىسى قاي كەزدەردەن باستالدى، دەرىبەس اۋتورلىق كىتاپتاردىڭ شىعۇ بارىسىن ايتىپ بەرسەڭىز؟

بايحهمة جۇمباي ۇلى: ەندى شىنجاڭ ادەبىيە تى ءوز الدىنا باسىلىم كورىپ، كىتاپ، جۇرنال بولىپ شىعۇى بارىسىنا توقتالار بولساق، اقتى ءۇلىمجي ۇلى قارىمىساققان باستاساق ءجون سىياقتى. اقتىنىڭ 1893 جىلى «قازان» باسپاسىنان «ادىلەت قاقىلىلار»، «جىعانشا» ت.ب. جە تى بىردەي شىعارماسى ارت- ارتىنان باسىلىم كورىپ، شىنجاڭ قازاقتارىندا تۇڭغىش كىتابى باسپا كورگەن اۋتور بولىپ جۇرتقا تانىلدى.
ال ارخىۋتىك دالەلدەرگە توقتالساق: 1911 - 1912 جىلداردا «قازان» باسپاسىنان شىعاتىن «ايقاپ» جۇرنالى جانە «ۋاقتى» گازەتىندە «ىلە ۋالاياتى» گازەتى ىلە ۇڭىرىندە جارىق كورگەندىگى ايتىلادى. مىنە، بۇل شىنجاڭ قازاق ادەبىيە تىنىڭ باسپا تارىخىنىڭ ايعاعى.
ۇزاماي شىنجاڭغا كەڭسەس ۇكىمەتى جەرىنەن جارىق كورگەن «قازاق



«هلى»، «جاڭا ءومىر» جۇرنالدارى ۇشقىنداپ جەتىپ، ءساىت مۇقانۇتتىڭ «سۇلۇشاش» شىعارماسى، يسا بايزاقوۋوتتىڭ «قۇرالاي سۇلۇ»، «اق بوپە»، كەنەن ازىرباھۇتتىڭ «ءالى باتىر» شىعارمالارىن مۇنداغى وقىرماندار قولدان - قولعا كوشىرىپ تاراتتى. ۇزاماي «شالقار» گازەتى، «جۇلدىز» جانە «ارا» سىياقتى جۇرنالدارمەن قوسا «قازاق ەرتەگىلەرى» كىتابى مۇنداغى وقىرمانداردىڭ قولىنا ۇشقىنداپ بولسا دا ءتىپ وتىرعاندىقتان، مۇنداغى ادەبىيەتتىڭ دامۇنا تىگىزگەن رولى اىرىقىشا بولدى دەۋگە ابدەن بولادى.

بۇل كەز، ياعنى ياكى زىڭشىڭ، جىڭ شۇرىن كەزىنە ەتان 1920 - 1930 جىلدار، شىنجاڭ كۈلەمىندە باسپاسوزگە، ادەبىيەتكە ءمان بەرگەندەي بولغانىمەن، ۇلتىق ءباسپاسوزدىڭ قارقىنى باياۋ بولدى. شىڭ شىساي بىلىڭى كەزىندە 1933 جىلدىن باستاپ سىياسى وزگەرىستەرمەن بىرگە ادەبىيەتتە دە وزگەرىستەر بولدى. 1934 جىلى «سوۋەت وكىمەتى مەن نىتىماقتا بولۇ» دەيتىن «التى ۇرانىن» ورتاعا قويۇمەن شىنجاڭداغى سىياساتتى جۇيەلى جۇرگىزۋدىڭ نەگىزى باسپاسوز بەتتەرىندە ەركىن پايدالانۇ كەرەك ەكەننەن ەسكەرگەن ۇكىمەت، جەر- جەردە باسپاسوزدى كۇشەيتۋدى جولعا قويدى. كەڭەس ۇكىمەتىنەن باسپاچانا تەحنىكاسىن، ءارىپ تەرۋ جانە باسپا ماشىنەلەرىن مەڭگەرگەن مامانداردى ەنگىزدى.

ۇرىمجىدە «قازاق - قىرعىز ۇيىمى» «تىان-شان» (ءتاڭىر تاۋ) گازەتىن قىتاي جانە قازاق تىلىندە شىعارىپ، قازاق تىلىندەگى گازەتتىڭ باس رەداكتورى ءسالسى زامەرە، ورنىباسارلارى قازەز قالبان، زىيات شاكەرىمدەر بولدى.

ءۇرىمجى شىنجاڭ ورگان گازەتىن 1934 جىلى «شىنجاڭ گازەتى» دەپ شىعارىلىپ، ءار اймаقتاردا «بلە گازەتى»، «تارىباغاتاي گازەتى»، «التاي گازەتى» دەيتىن گازەتتەر شىعارىلدى، التايدان «التاي جۇرنالى» جارىق كوردى.

1935 جىلى «التاي گازەتى» «شىنجاڭ التاي گازەتى» بولپ شىقسا، 1937 جىلعا كەلگەندە «ەرىكتى التاي» بولپ وزگەردى. التايداغى بۇل گازەت - جۇرنالدار «ەرىكتى التاي باسپاچاناسى» باسپاسىنان باسلىپ، باسپا قوسىمىشا «ئاڭ شولپان» جۇرنالىن شىعاردى.



Мұндай баспасыз жұмыстарына кешес ۇкмешенен келген сеитқазы әпенди бастаған адамдар жауәпти болып, асқар татанай сияқты жергилікті әдебиет әуескәрлері белсенен жұмыс жасады. шауәшек ығырнен «Шыңжаң тарбағатай» деген газет шеғарылып, қосымша «әбздің дауыс» деген газет тараттылында шеғарылды.

құлжада «бел әдарыасы» (Шыңжаң бел газеті) жарық қорып, бұлардың әбары қаржылық жақтан жартылай ۇкмешенен қаражанына сүйенсе, жартылай сол кездегі «қазак - қыргыз ұймы» және «жыангәрлікке қарсы тұру» ұймдарына сүйенди.

осылайша, бұл кезде «азат шығыс тұркыстан», «әрықты тайы» сияқты әуш аймақ (бел тайы, тарбағатай және әурмыжы) қолменен 40 - тан астам газет - жұрналар жарық қорып отыраған.

бұл кезде «шығыс тұркыстаншылар» мен «Шың (жаңа) тұркыстаншылар» арасындағы саясий текетрес баспасыздың басыеліген әртәра әтүсті.

әурмыжы қолменен «шығыс тұркыстан» ыкмешенен жағыннан «күрес», «әблым арнасы», «тағшылыпан», «бырлік», «одақ» жұрналарында әдебиет әуторларынан тыс саясий белалыстағы шолу мақалалары қоптәен жарыаланды.

бұл кезде әдебиетте тәатр жанры барына дами әтүсті, әрбыр аймақтарда тәатр қойылатын қлүбтар азбырленіп «айман - шолпан», «әғлік - кәбек», «қозы қорыеш - байан шолу» сияқты тәатрлар сағаналастырылып, әары тәатр ұйымелері әүлды мекендерге барып тәбиғи сағана жасып, тәатр қойғандығын сол кезде тайы тәатрының белды әартысы болған маскән марқум аяқтап, онда әмәнақын, күнгей, бопе, қасымбек т.б. болғанн айтәды.

Шыңжаң әдебиетінің ыслайша дегәйын аана әмес, жанрылық жақтан дамуна кешес ۇкмешенен арнайы келген ақын - жарушылардың бықалы айрықша болса, әнды әбыр жақтан «алашшылар» әоз адамдарын әар аймақтағы маденнет ырталықтармен баспасыз ырындарына әнгзә әрқылы



баспасыз басқаларымен етпесті дамыта ұста. Мисалы, сепітқазы апенді аўледә тәидәғи «абәқия» мәктәбинә қиттәуші болса, арада «тәи әрәктә» газәтнә, кәйин ұрмәждә «қазәқ - қерғиз ұймәннә» жаўәптәләрнәң әбрә болпә зятә шақәрәм ұлы бастәған зятәләрді тәптәй әтәстә. өсләйшә жәргәләктә өрнәдәрдә әдәбәтәшләр қәўмә молға бастәдә.

бұл кәздә әдәбәтәтнәң әдәм санасмән қәғәмнәң өзгәрснә нқпәлі әйрәқшә әкәннә тәснәңгән ұкәмәт пән ұймәдә, кәғәс ұкәмәтнәдә жанә қтәйдәң өз шәндә болпә жәтқән сәйәсәй жәдәйләрді әбрә шәлүләр әрқәлі әдәрәп, күшәрәп, мұндәғи газәт - жәўрәләрәғә ұздәкәсәз жәриләў әрқәлі әдәбәтәтнәң тәнсән кәғәтәп, қәдәмнә қәрқәндәтә әтәстә.

әдәқәп қарә: әбрәсәзәңгәздә «шәсәс тәүрәкәстән әдәбәтәтнәң дәмәўнә әләшшәләрдәң нқпәлі дә зәүр болдә» дәп кәтәңгәз, бұл қәй кәздә болған?

бәйәхмәт жәмәбәй ұлы: 1928 жәлдәрдән кәйин, қазәқстандәғи әләшшәләрдән әхмәт бәйтәүрсән ұлы бастәған әдәмдәр тәрбәғәтәйдәң шәўәшәк қаласнә дәйин бәрәп, өзәйдәйләрән дәрәптәдә. тәйи өғәрнәдә әмәмәй бәйсә әшқән «абәқия» мәктәбинә әләшшәләрдәң әкәлә сәптәқазы әпәндә бәрәп қиттәуші болпә, кәйин «тәйи әрәктәләрә» газәтнәң шәғәўнә нқпәл жәсәдәй жанә шақәрәм қәжнәң ұлы зятә бастәған әбрә тәп әдәмдәр бәрәп, кәйингә кәздә ұрмәждә «қазәқ - қерғиз бәрләстәңгә» дәкән ұймәдә жәүмәс сәтәдә. мәнә, бұләр әбәйдәң, шақәрәмнәң шәғәрәмәләрән әлә бәрдә. әсрәсә өснәдәй мәдәнәт әдәмдәрнәң нқпәлнәдә әдәбәтәтнәң бәсәкәсә өрәстәдә.

әдәқәп қарә: мұндәй болған дәдәбәт өзәкәзәндәйдә өлөгәйәннәң әрәлән әтқәрәң болдә өй?

бәйәхмәт жәмәбәй ұлы: әбәтә, шәңгә шәсәй ұкәмәтнәң мәқсәтә дә әдәл сәндәй болдә. мұндә газәттәр мән жәўрәләр бәсәкәлә тәрдә шәғәрәлпә, кәғәс ұкәмәтнәдә болпә жәтқән өзгәрсәтәр, шәкә қтәйдәғи «жәпәнә қәрсә сәүәс», «кәүмәўнәстәк пәртә мән



Гоминьдаң партиясының теке-терестігі», «Узаққа
созылған соғыс», «Еян-анда сойленген Есоз» сияқты мақалалар
қазак тіліне аударылып, жарияланп отырды.

Идуақп қара: жоғарыда шечес Түрккстан адебіетін Еуш кезеңіге
болуіге болادی дедіңіз, сонкк Ебер кезеңі «азаттық кезіндегі
адебіет» дедіңіз. Бул қай кез?

Біаһмет жұмабай ұлы: қытайда коммунистк партияның гоминьдаң
партиясын аударып оз тўн тектеген 1949 жылды «азаттық жылы»
санаиды. Мине, бул маўзидуің кезіндегі адебіет болмақ. Усы кезден
бастап бурыннан ұшқындап жеткен кешес ўкметінк соўоттк
сотсиал релізм адебіеті шынжаң қазак адебіетіне барыша бқпал
жасады.

1953 жылы шаўешек қаласынан «шынжаң адебіеті унері» деген
қазак тілінде адебі жўрнал шықты. Бул бўкннгі шынжаңнан шечеп
жатқан «шўела» жўрналның еашқы сандары еды.

1954 жылы «шынжаң халық басыпасынан» саясы және адебі
кытаптар жарық корды. Мўнда қ. қозыбайдың (1924 - 1979) «еашқы
қадамда», Р. ашешек «озғандар мен тозғандар» т.б. кытаптары
бырын кешін Ебері басылым корды. Есоытып шынжаңда асқар
татанай, кўнгеші мўқажан, мағаз раздан. қажечумар шабдан, дўбек
сыяқты аўторлардык Еері-Еері шеғармалары халыққа жул ады.
булардык Езын басқан мақатан шарыпқан, марғазы айтан, уразқан
ақмет, жұмабай Еблал, баттықан қўсбеген, зешнўлла санк, султан
жанбулат, аўелқан қалы, жақып мерзақан, серк қашықбай,
турсыналды рескелды, бердбек қўржықай, Ешайсултан қыр,
жақсылық Есамит, жұмадыл маман т.б. жарушылар леші тобе
корсетті. кешес ўкметінен Есабит мўқануў, Еабит мўсерепуў,
Еабіден мўстафын, мўхтар аўезуўтердык шеғармалары шынжаң қазактары
қолдан-қолға текзып қытын дарежешегешетті.

Идуақп қара: коммунистк йедіа болған кешес ўкметі еашқы
кезде Еар унер немешес саясы белсенділерден тартып, меркнндык



Беріп алумен байқап сіп, ұзамай, олардың ертеңгі қыпалынан қорқып
қирғандау саясатын жұргізе тін аде ті, мисалы, алашшылдар сониң
Ебер мисалы. ал қитайи қоммунистери уسی қолмен зиялларға
аранда тўшлық жұргіزدі ме?

Баяхмет жұмабай ұлы: бұл Ебер қурдәлі сұрақ. енді ғар ел өзіннің
шкі ырынқылған мақсат еткен негзде саяси қозғалықтар
айратыны шындық. қитайда да 1958 жылы «оғшылдарды аластау», 1966
жылы «мадәниет тоғқерси» деген қозғалыстар асернен қаншама
зияллармыз сотталды. солардың әтәри қаландары 18 жылдық
мырлерин тұрмәдә, «еғбәкпен өзгерту майдандарында» текзип ыралды.
мағаз раздан, батқан қўсбәгін. әталыбай қабай, ымарғазы айтән.
т.т. олар кәлген соғқ том- том романдар қазып, қалқна дөғқәйлі
рўқани азық берді.

Абуақаб қара: қаша қоммунистк ұқмәт шәәс тұркыстанды
йәләнген соғқ адебіеттк ақымы, бәталсы қалай болды? қазық
адебіетнәдә жәтәстктер болды ма?

Баяхмет жұмабай ұлы: шынқалқ қоләмнәдә әрбер аймақ, ыблс,
кәй аўтономиялы аўдандардан өз алдына жұрнал, қазәттер шәарылды.
мисалы, ылкә ырталы болған әурмәжі қаласынан «шұәла», «мұра»,
«қоқжйәк», «шаләән», «бұлақ», «қырман ыресі», «әтәл қанә
аўдарма», «шынқалқ ықў - ағартўы», «қоғамдық әллім мнбәсі»,
«әллімә мақалалар», «шынқалқ мал шаруашылыы», «шынқалқдағы жә
басқарў», «йәчәйка» т.т. жұрналдар баслім қорсә, қазәттердән
«шынқалқ қазәтә», «әллімә - тәһнйка қазәтә», «азыа қнндығы
қазәтә», «әкәномйка қазәтә», «дўнйә қабарлары қазәтә» т.б. болды.
ал ырталы болған бәйжығнән «ўлттар жұрнәлі» (жұғқо ўлттары),
«қаб», «қзыл тў» жұрналдары шықты.

ыл ыблсынән «ылә айдны», «ылә қастары», «ылә ағартўы»,
«балалар дәнә тарыбәсі», «ылә айәдеры», «ылә дарыгәрлігы»
жұрналдары мән «ылә қазәтә», «ылә ырәндәр қазәтә» қарық қорды.
санжы ыблсынән «бועда» жұрнәлі, «ўйрәнў қанә әллім»



жұрналы.

التاي ايماعنان «التاي اياسى»، «جاس تۆلك»، «علم جانە ونەر»، «دەنساۋلىق جانە عىلىم» جۇرنالدارى مەن «التاي گازەتى» جارىق كوردى. تارباغاتاي ايماعنان «تارباغاتاي» جۇرنالى مەن «تارباغاتاي گازەتى»، قۇمىل ايماعنان «قۇمىل القابى» جۇرنالى جارىق كوردى.

شىنجاڭ كۆلەمىندەگى باسپا ورىندارى «ورتالىق ۇلتتار باسپاسى» «شىنجاڭ حالىق باسپاسى»، «شىنجاڭ جاستار-ورەندەر باسپاسى»، «شىنجاڭ عىلىم-تەحنىكا باسپاسى»، «شىنجاڭ كۆركەم سۆرەت باسپاسى»، «شىنجاڭ ىلە حالىق باسپاسى»، ت.ت. باسپا ورىندارى بولىپ، بارلىعى وتىزعا جۇىق جۇرنال، ونعا جۇىق گازەت، جەتى باسپا ورىندارى جۇمىس اتقارغاندىقتان، ادەبىيەت-كۆركۆمونەر ءوز دەڭگەيىندە تولىسىپ، اۆتورلار سانى مولىعىپ، ادەبىيەتتە ايتا قالسىن دەڭگەيلى شىعارمالار بارلىققا كەلىپ، كەي اۆتورلاردىڭ شىعارمالارى قىتاي، اعلىشىن تىلدەرىندە جارىق كوردى. مىسالى، الدىڭعى بۇنىداردىڭ ءىزىن باسقان جاڭا بۇىن اۆتورلار سانى جىل ساين ارتىپ، جۇرتقا تانىمال ءشامىس قۇمار، اكبار ءماجىت، ەركەش قۇرمانبەك، قىرباق نۇراقىن، ساعاتقان تاڭقاي، ءماۋىلىقان ابىلغازى، اۋەسقان نۇرعوجا، سەرىك قاۋىمباي ت.ت. ادەبىيەت ساڭلاقتارى توبە كۆرسەتتى. ءسويتىپ 2000 جىلعا دەيىن جالپى شىنجاڭ كۆلەمىندە تارىخى جانە وسى زامان تاقىرىبىندا جازىلعان 200-دەن استام روماندار جارىق كۆرىپ، ولاردىڭ ءارقايسىسى ءوز دەڭگەيىندە، اۆتورلارىنىڭ وزىندىك ايتار ويىمەن، وقىرماندارىنا جەتكىزەر ماقساتتارى ايقىن روماندار بولغاندىقتان، كەيىرى قىتاي تىلىنە اۋدارىلىپ جاريالانسا، كەيىرى مەملەكەتتەن، ولكەدەن ءوز باعالارىن الىپ ۇلگەردى.

سوڭعى ۋاقىتتان بەرى جاس جازۇشىلاردىڭ شوغىرى دا مولىقتى، ولار ءوز شىعارمالارىن «الەمدىك دەڭگەيدەگى شىعارمالار» قاتارىنا قويدى. ال الدىڭعى بۇىن جازۇشىلارى ولاردىڭ بۇل شىعارمالارىن «ۇعىمسىز» دەپ سانايدى. مىنە، بۇل ءداۋىردىڭ جاڭلانۋى، يدەيانىڭ وزگەشەلىگىنەن بولاتىن قۇبىلىس، زاڭدىلىق دەۋگە بولادى.

ابدۇاقاب قارا: سوڭعى بىرنەشە جىلدىن بەرى شىعىس تۇركىستاندا بەلگىلى ساياسى وزگەرىستەر بولىپ جاتقاندىن بۇكىل الەم بىلەدى،



وسىنداى جاعدايدا جوعارىداعداي دامىپ، بەلگىلى دەشگەيگە جەتتى دەپ وتىرعان ادەبىيەتتىڭ ءحالى قانداى، ول ساياسى جاعدايدىڭ نىقپالى بولدى ما؟

بايىحمەت جۇماباي ۇلى: مەنىڭ جوعارىدا ايتىپ وتىرعان ادەبىيەتتەگى جەتسىستىكتەر تەك 2000 جىلدارعا دەيىنگىلەرى. ودان بەرگى جاعدايدان تىم حابارىم جوق.

ابدۇقابىل قارا: تاۋەلسىزدىك كەزەڭدە ەكى قوعام اراسىنداى، ياعنى ەگەمەندى قازاقستان ەلى مەن قىتاي ەلى اراسىنداى ادەبىي بايلانىس قالاي بولىپ جاتىر؟

بايىحمەت جۇماباي ۇلى: شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتىنىڭ ۇلگىسى ارىنە كەزىندەگى كەڭەستىك رەالىزم ادەبىيەتى بولدى، جوعارىدا ايتىلعانداى مۇنداى اباي، شاكارىمدەردىڭ، كەيىن مۇختار، ءسابىت، عابىتتەردىڭ شىعارمالارىمەن سۇسىنداپ وتىردى. شىننن ايتساق، ازىرگە دەيىن قازاقستانداى قازاق ادەبىيەتىنە شىنجاڭ وقىرماندارى بارىنشا قۇرمەتپەن قارايدى، مۇنداى تانىمال اۆتورلار مۇقاعالى ماقاتايەۆ، ورالحان بوكەيەۆ، مۇقتار ماعاۋىن شىعارمالارىن سان مارتە باسپادان شىعارىپ، ەندىگى جاستاردىڭ سۇسىنداۋىنا ۇسىنىپ وتىردى. «اباي»، «اباي جولى»، «اباي قارا سوزدەرى»، «اباي ولەڭدەرى تاڭدامالىلارىن» قىتاي تىلىنە اۋدارىپ، قىتاي وقىرماندارعا ۇسىندى.

ال قازاق ەلىندە «دۇنيەجۇزىلىك قازاقتار قاۋىمداستىعى» دەگەن ورتالىق بار، نەگىزگى يەسى قازاقستاننىڭ تۇڭعىش پىرەزىدەنتى نۇرسۇلتان نازاربايەۆ. مۇندا قازاقستان ەگەمەندىگىن جاريالاغان كۇننەن باستاپ، دۇنيەدەگى قازاقتاردى بايرىعى وتانىنا شاقىرۋمەن قاتار، دۇنيەدەگى قازاق ادەبىيەتى، تارىحنان حابار بەرەتىن كىتاپتار شىعارىپ وتىرعان بىردەن-ءبىر ورىن. ولار ازىرگە دەيىن شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتىندەگى تانىمال اۆتورلاردىڭ شىعارمالارىنان «زۇقا باتىر» (باتىرقان قۇسبەگىن)، «پانا» (قاجىمۇمار شابدان)، «بوكە باتىر» (ءشامىس قۇمار ۇلى)، كوپ تومدى رومان «قاھارلى التاي» (جاقسىلىق ءسامىت)، كوپ تومدى رومان «قىلمىس» (قاجىمۇمار شابدان) ت.ب. اۆتورلاردىڭ شىعارمالارى قازاقستان وقىرماندارىن تانىستىرىپ، تانىتىپ كەلەدى. مىنە، مۇنىڭ ءبارى ەكى ەلدىڭ دوستىعى، ەكى ەلدەگى ادەبىيەتتىڭ



توعىسپالغى، تۇتاستىغى بولماق.
ابدۇقاب قارا: *اتامەكەن قازاقستاندىق اقىن-جازۇشىلار جانە ادەبىيەت زەرتتەۋىشىلەر شىعەس تۇركىستان قازاق ادەبىيەتىن قانشالىقتى بىلەدى؟ اراداعى ادەبىي بايلىنىس قانداي بولسۇن تۇر دەپ ويلايسۇن؟*
بايىھمەت جۇمباي ۇلى: مەنىگىشە، قۇر جايۇ مەس، كەي ۇنيۇەرسىتەتتەردە «قىتايداعى قازاق ادەبىيەتىن تانۇ، زەرتتەۋ» تاقىرىپتارى بارلىغىن كوزىم كوردى. مىسالى، پروفەسسور تەمىرقان تەبەگەن مىرزا شىنجاڭدا جىرىق كورگەن رومانداردى تاۋىپ، ستۇدەنتتەرىنە تالداۋ جاساتىپ، سول تاقىرىپتا قورعاتىپ وتىرعانىن كورگەنمە، ەندىگى ۇرپاقتىڭ ساناسىنا شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتىن ۇيالاۋى جالپى دۇنيەدەگى قازاقتاردىڭ تارىخى ەبىر تۇيىنمەن زەرتتەلۇدىڭ ناتىجەسى دەۋگە بولادى.
ال شەتەل قازاقتارىنىڭ ادەبىيەتىنە دە، تارىخىنا دا قىزىقپايتىندار تىپتەن كوپ، ولار كەشەگى كەڭەستىك جۇيەنىڭ «شەت ەلدەگى قازاقتار تۇتاس قاشقىندار، شىيوندار» دەيتىن شەڭبەردىڭ قۇرساۋىنان شىعا الماي وتىرعاندار بولماق.

ابدۇقاب قارا: *موڭغولىيا قازاق ادەبىيەتى مەن شىعەس تۇركىستان قازاق ادەبىيەتى اراسىندا كەڭەستىك كەزەڭدەگى بايلىنىستار بولدى ما؟ قازىر بايلىنىستار قالاي بولسۇن جاتىر؟*

بايىھمەت جۇمباي ۇلى: موڭغولىيا قازاق ادەبىيەتى مەن شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتىنىڭ تاقىرىبى دا، تاعدىرى دا ەبىر دەۋگە ابدەن بولادى. سەبەبى موڭغولىياداعى قازاق حالقىنىڭ كەشكەن كەشۋەلىرى، تىرشىلىك تىنىسى شىنجاڭداعى قازاق حالقىمەن بىردەي.

مونغولىيا قازاقتارى شىنجاڭ قازاقتارىنىڭ ەبولىنىسى، ولاردىڭ سۇسىنداغان اۋىز ادەبىيەتى دە بىردەي، ەشىنارا «جالاما ايداعان»، «كەنجەخان قىرعان» سىياقتى شىكى وقىعالارمەن «كەڭەستىك رەپرەسسىيانىڭ» قىرعىنى بولماسا تارىخى تامىرى ساباقتاس بولغاندىقتان شىعارمالار جەلىسى دە ۇقساس بولادى. مىسالى، موڭغولىيادا ەومىر سۇرگەن تاۋدانبەك قابان (1830 - 1908)، تولەۋباي بوجەك (1858 - 1924)، وڭاشىباي رابىت (1892 - 1953)، اقتان ەبابى (1897 - 1953)، مەشەل قوجابەرگەن، امانباي بايقادام ت.ت. شىعارمالارى شىنجاڭ قازاقتارىمەن ورتاق. سوندىقتان موڭغولىيادا جارىق كورگەن



Солтан таўкенің «арман таў» (роман), «ақир جانبهك» (роман) т.б. اۆتورلاردىڭ شىعارمالارىنىڭ وقيعا قۇربلىمى ەكى جاققا بىردەي ۇعىنىقتى بولۇ سەبەبى دە سودان. بۇل جونىندە پروفەسسور قابىداش قالياسقار ۇلى «حالىق اقىندارى»، «وسكەن ولكەنىڭ ءورشىل ادەببەتشىلەرى» دەگەن شىعارماسىندا تولىعمەن دالەلدەپ بايانداغان. وسىندا ەستە بولار: موڭغوليا وقىرماندارى مەن شىنجاڭداغى وقىرماندار اراسىن ءبولىپ تۇرغان شەگارا دەۋدەن گورى جازۇ ماسەلەسى، ولار شىنجاڭ ادەببەتتىنەن گورى قازاقستان جازۇشىلارنىڭ شىعارمالارىن كوپ پايدالانادى، ال اقيات بارسىندا شىنجاڭنىڭ راديو، تەلەدېدار سىياقتى ينفورماتسىياسىنان كۇندەلىكتى حابار تاۋىپ وتىرادى.

ابدۇقاپ قارا: شىنجاڭ ادەببەتتىندە الەمدىك ادەببەتتەن سالىستىرالىق شىعارمالار بارلىققا كەلدى دەپ ايتا الاسىزبا؟

بايىمىت جۇمباي ۇلى: بۇل تىم اۋىر سۇراق، عارى مەن جاۋاپ بەرىپ، تۇجىرىم ايتۇم وعاشتۇ، دەسە دە كوزقاراس ءبىلدىرۋ ازاماتتىق قۇقىم دەۋگە بولادى.

اۋەلدە «الەمدىك ادەببەت» دەپ قانداي ادەببەتتى ايتامىز؟ بۇل ۇلكەن سۇراق. بىرەۋلەر شىعارمالارى اعلىشىن، فرانتسۇز، نەمىس تىلدەرىندە شىقسا بولدى «الەمدىك ادەببەت» قاتارىنا قويدى. ەندى بىرەۋلەر بۇگىنگى موددەرىنىزم ادەببەتتىندە، بولماسا ۇعىمسىز جۇمباق شىعارمانى الەمدىك دەڭگەي دەسە، تاغى بىرەۋلەر سول ورتانىڭ ساياساتى ارالاسىپ، باسقارلار باتا بەرمەيتىن ءجايتتى اشكەرەلەپ تاستاسا، الەمدىك ادەببەت دەڭگەيىنە بالادى، سوندا الەمدىك ادەببەت دەگەنمىزدى قالاي تۇسىنۋگە بولادى؟

ءدال قازىرگى جاعدايدا جەڭىل ءتىل، ۇعىنىقتى وقىعالارمەن جازىلعان رومانداردىڭ وقىرمانى مول بولادى. ال ءتىلى اۋىر، وقىعاسى كۇردەلى، ءستىلى وزگەشە رومانداردىڭ وقىرمانى ساناۋلى عانا بولىپ جاتادى، مىنە بۇل جوعارىدا ايتقان وقىرماننىڭ ءبىلىم دەڭگەيى، ورتانىڭ تالعامى دەگەنگە جاۋاپ بەرەتىن دالەل. مىسالى، شىعارماڭىز اعلىشىن تىلىندە بولسىن، وقىعاسى شىنجاڭداغى 40 جىلداردىڭ سوعىس جاعدايى بولسا، مۇنداي روماندى تارىخشىلار نەمەسە وسى كەزدەگى وقىعاعا قىزىعۇشىلار بولماسا، وقىرمانى شەكتى بولادى.



ەندەشە، وسى وقيعانى ادامزاتتىڭ بۇگىنگى ويلاۋ جۇيەسىمەن بەينەلەپ جازا الساڭز شە؟ وندا وقىرمان سانى ارتۇى مۇمكىن. بۇنى ايتۇداعى سەبەبىم، شىنجاڭداعى جارىق كوردى دەگەن جوعارىداعى 200- دەن استام رومانداردىڭ شىندە ەبىر سىدىرى تارىخى تاقىرىپتاردىڭ توڭىرەگىندە شىيرلاپ جاتقان ەجايىت تا جوق ەمەس. ەتپتى وقيعا جەلىلەرى ەبىرىن- ەبىرى قايتالاعان، بايانداۋ تاسلىمەن جازىلعان روماندار سانى تىپتەن مول ەكەنى دە شىندىق. دەسە دە وسى رومانداردىڭ ەوز وقىرمانى بار، ال جاڭا ستىل، جاڭا وي جەلىسىمەن جازىلعان بۇگىنگى وقىرماننىڭ كوڭىلىنەن شىعاتىن روماندار دا جوق ەمەس.

ابدۇقاب قارا: *الدا شىنجاڭ ادەبىيەتىنىڭ تاعدىرى قانداي بولادى دەپ ويلايسىز؟*

باياھمەت جۇمباي ۇلى: ميناۋ اقپاراتتىڭ ۇشقان قۇستاي دامىعان كەزى. دۇنيەنىڭ تۇكىپر- تۇكىپىرەنە اقپاراتتار اسا تەز جەتپ جاتقان ينفورماتسىيا زامانى، مۇندايدا تەك شىنجاڭ قازاق ادەبىيەتى مەن قازاقستانداعى قازاق ادەبىيەتىنىڭ توغىسپالىعى عانا ەمەس، تۇتاس دۇنيە ادەبىيەتىنىڭ ەوزارا ەبىر- بىرىنە بىقپالى السىرەمەيدى. سوندىقتان ادەبىيەتتى ەداۋىر تالعامىنا قاراي دەڭگەين تانىتىپ، الەمدىك ادەبىيەتكە ورتاق ۇمتىلادى دەپ ويلايمىن.

ابدۇقاب قارا: باكە، جاقسى سۇقبات بولدى، تىڭدارمان دا دەڭگەيلى ساۋاتقا يە بولدى دەپ ويلايمىن، قىمباتتى ۇقتىڭىزدى شىعارىپ، سۇقباتقا قاتىناسقانڭىزعا راھمەت ايتامىن.

باياھمەت جۇمباي ۇلى: سىزدەرگە دە راھمەت. تىڭدارمان، ەوزىڭ رازى بولىپ قاناعاتانسىڭ بولعانى. اماندىق بولسىن!





АСАЙ РӘМІШҰЛЫ
*Доктор, профессор, Монғолияға
еңбегі сіңген дәрігер*

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ АЛЫП КҮШТІҢ ИЕСІ ҚАЖЫМҰҚАН БАБАМЫЗ

Қазақты әлемге теңдесі жоқ күшқайрат – палуандық өнерімен баршаны мойындатып, Қазақ деген ел бар екенін дүниеге танытқан Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанының 150 жылдығына орай «Қазақты әлемге танытқан Қажымұқан» атты халықарадық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияны ұйымдастырушы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, «Отандастар қоры», оның Ақмола филиалы, Қазақстан Грек-рим күресінің басшыларына алғыс айтамыз.

Күш атасы Қажымұқан бабамыздың алтын әлемді таң қалдырған палуандық шеберлігімен, цирк саханаларында көрсеткен қайталанбас өнері туралы талай кітап, мақалалар жазылғаны баршаға аян. Мен бұл орайда алып бабамыздың ақындық өнері жайлы қысқаша тоқталып айта кетпекпін.

«...Сондықтан Қажымұқан менің атым,

Көрмедім маған деген елдің жатын

Оқыған ұлы Петр қаласынан Палуандық әлі есімде, алған атым...» – деп төрт жолмен ғана өзінің кім екенін, қайдан білім алғанын, қай жерде, қай елде болса да өзінің халықпен бірге екенін, өзінің ел-жұртқа қадірменді болғанын айқындап тұрса, келесіде:

«...Қажымұқанмын қазақта күшім асқан,

Палуандықтан айтайын біраз дастан.
«Орыс палуан» атанып он екі жыл,
Жиырма төрт патшалықтың жерін басқам...» – деп қандай күш иесі болғанын, орыс палуаны атымен күресіп келгендігін, қаншама елге барғанын төрт өлеңмен көз алдына елестетіп дәлме-дәл суреттеген. Әрине «Орыс палуан» – деген атына өкініш те болған шығар....

«...Болып өстім несібем менің түзден,
Кім бар екен елінен күдер үзген.
Есіме туған елім түскен уақта.
Жас домалап түседі екі көзден...» – деп туған жер, ел-жұртқа деген сағынышын ішкі жан дүниесін ақтара отырып білдірсе,



«...Қаласын кездім талай дүниенің,
Таныттым мені туған қазақ елін.

Үстімнен жүкті автобус жүрген уақта,
Сонда да қайыспаған қайран белім...»

– деп қазақ болып туғанын мақтан тұтып,
өз күшіне сенімді болғанын аңғартады.

«...Сұрасаң Мұқан палуан менің атым,
Орта жүз, ұзын қыпшақ арғы затым.

Арғы атам қара қыпшақ Қобыланды,
Қолдайды күрескенде жұрағатын...»

– деп, төрт-ақ ауыз сөзге өзі шежіресін
сыйғыза салған. Сонымен, арғы тегі
Қобыланды батыр болған бабамыз
Қажымұқан қалайша күш атасы болмасқа,
қалайша палуандығымен дүниені
тамсандырмасқа!

«...Жайлаған жер дүниеге менің ісім,
Адамды таңдандырған қара күшім.

Ойлаған өлтірмек боп Сар- Кек-кидің
Сыпырғам түлкідей қып бас терісін...»

– деп арам ойдың алға жүрмейтінін,
асқанға тосқан болатынын, асып кеткен,
арам ойлы Жапон палуанына тосқауыл
болғанын осы бір өлең шумағымен
білдірер еді.

«...Қадиша қаза болды он жетіде,
Қараса жан тойғысыз келбетіне.

Жеті жатып айтқан серт, алысқан қол
Арман боп, шықпай кетті жер бетіне...»

Алғашқы сүйспеншілігі, алғашқы
махаббатынан үйленбей жатып
айрылғанын, әттеген-ай мен өткенін
өкіне білдіреді. Қанша палуан,
жойқын күш иесі болса да оның ішкі
дүниесінің соншама нәзік екені бұл
өлең жолдарынан көрініп-ақ тұр.

Алғашқы жары, балаларының
анасы поляк қызы Патиманың қабір
басында:

«Патима-Варшавалық поляк қызы,
Қосылдым тағдыр жазып дәмі-тұзы,
Қош айттым жылап тұрып қабіріне,
Көгімнің сөнгендей боп бір жұлдызы»

– деп ой тебіренісін өкіне, өкси
білдіреді.

Қажымұқан бабамыз өз анасынан
туа сала жетім қалып, шеше орнына
шеше болып, мәпелеп өсірген әжесі
Айсары туралы:

«Менің өмірімді жазғанда анам
Айсарыны қалдырма. Менің өрбіген
өмірімді, тасыған қайратымды берген
сол анам. Мен оның Кавказдың алып
тауындай биік, күннің шуағындай
жылы, мейірандық еңбегінің тозаңын
да өтегенім жоқ. Мені білген кісі – менен
бұрын соны білсін. Онан басқа кісі мені
асырап, кемеліме кетіре алмас еді» – деп
айтқаны бабамыздың асыл сезімділігі
мен мейірімді, адал да ақ жүректі адам
болғанын аңғартып-ақ тұр емес пе!

Міне, менің сегіз қырлы бір сырлы
дегенім палуан күштілігінің сыртында
бұл өлең жолдарынан қаншалықты нәзік
сезімді, терең ойлы, өз ұлтын қаншалықты
сүйетіні және ара айтса ата-бабасының
бері айтқанда әжесінің қадір-қасиетін
қастерлеп, ақ абыройына кір келтірмей
өткені, адамдық қасиетінің қаншама
жоғары екені кейінгі ұрпаққа үлкен үлгі,
өнеге болады дегенге сенімім зор.

Күш атасы, алып бабамыздың рухы
ұрпақтарын жебеп жүрсін!



асай ʼрамш ʄلى
 دوكتور، پروفهسسور، موڭغولياغا دڭبهگى
 سىڭگەن دارىگەر



سەگىز قىرلى، ʼبىر سىرلى الپ كۇشتىڭ يەسى قاجمۇقان بابامىز

قازاقتى الەمگە تەڭدەسى جوق كۇش قايرات- پالۋاندىق ونەرىمەن بارشانى مويىنداتىپ، قازاق دەگەن ەل بار ەكەننن دۇنيەگە تانىتقان قاجمۇقان مۇڭايتپاس ۇلىنىڭ تۇعاننىڭ 150 جىلدىعىنا وراي «قازاقتى الەمگە تانىتقان قاجمۇقان» اتتى حالقارالىق عىلمىي- تاجىرىبەلىك ونلاين كونفەرەنتسىيانى ۇيىمداستىرۇشى ق ر مادەنيەت جانە سپورت مىنىستىرلىگى، د ج ق ق، «وتانداستار قورى»، ونىڭ اقمولا فيلالى، ك ە ا ق مەن قازاقستان گرەك- رىم كۇرەسىنىڭ باششىلارىنا العىس ايتامىز. كۇش اتاسى قاجمۇقان بابامىزدىڭ اتىن الەمدى تاڭ قالدىرعان پالۋاندىق شەبەرلىگىمەن، تىپىر ك ساحنالارىندا كورسەتكەن قايتالانىپاس ونەرى تۇرالى تالاي كىتاپ، ماقالالار جازىلعانى بارشاعا ايان. مەن بۇل ورايدا الپ بابامىزدىڭ اقىندىق ونەرى جايلى قىسقاشا توقتالىپ ايتا كەتپەكپىن.

«... سوندىقتان قاجمۇقان مەنىڭ اتم،

كورمەدىم ماغان دەگەن ەلدىڭ جاتىن

وقىعان ۇلى پەتر قالاسىنان

پالۋاندىق ʄالى ەسىمدە، العان اتم...» - دەپ ʄورت جولمەن عانا ʄوزىنىڭ كىم ەكەننن، قايدان ʄبىلىم العاننن، قاي جەردە، قاي ەلدە بولسا دا ʄوزىنىڭ حالقىپەن بىرگە ەكەننن، ʄوزىنىڭ ەل- جۇرتقا قادىرمەندى بولعاننن ايقىنداپ تۇرسا، كەلەسىدە:

«... قاجمۇقانمىن قازاقتا كۇشىم اسقان،

پالۋاندىقتان ايتايىن ʄبىراز داستان.

«ورس پالۋان» اتانىپ ون ەكى جىل،



جييرما ءتورت پاتشالقتىڭ جەرىن باسقام...» - دەپ قانداي كۇش يەسى بولغانىن، ورس پالۋانى اتمەن كۇرەسىپ كەلگەندىگىن، قانشاما ەلگە بارغانىن ءتورت تارماق ولەڭمەن كوز الدىڭا ەلەستەتىپ دالمە - ءدال سۇرەتتەگەن. ارينە «ورس پالۋان» - دەگەن اتىنا وكىنىش تە بولغان شىعار....

«... بولسپ ءوستىم نەسىبەم مەنىڭ تۇزدەن،

كىم بار ەكەن ەلىنەن كۇدەر ۇزگەن.

ەسىمە تۇعان ەلىم تۇسكەن ۋاقتا.

جاس دومالاپ تۇسەدى ەكى كوزدەن...» - دەپ تۇعان جەر، ەل - جۇرتقا دەگەن ساعىنىشىن شىكى جان دۇنيەسىن اقتارا وتىرىپ بىلدىرسە:

«... قالاسىن كەزدىم تالاي دۇنيەنىڭ،

تانىتتىم مەنى تۇعان قازاق ەلىن.

ۇستىمنەن جۇكتى اۆتوبۇس جۇرگەن ۋاقتا،

سوندا دا قايسىپاعان قايران بەلىم...» - دەپ قازاق بولسپ تۇعانىن ماقتان تۇتىپ، ءوز كۇشىنە سەنىمدى بولغانىن اڭعارتادى.

«... سۇراساڭ مۇقان پالۋان مەنىڭ اتم،

ورتا ءجۇز، ۇزىن قىپشاق ارعى زاتىم.

ارعى اتام قارا قىپشاق قوبىلاندى،

قولدايدى كۇرەسكەندە جۇراعاتىن...» - دەپ، ءتورت - اق اۋىز سوزگە ءوزى شەجىرەسىن سىيعىزا سالعان. سونىمەن، ارعى تەگى قوبىلاندى باتىر بولغان بابامىز قاجىمۇقان قالايشا كۇش اتاسى بولماسقا، قالايشا پالۋاندىمەن دۇنيەنى تامساندىرماسقا!

«... جايلاعان جەر دۇنيەگە مەنىڭ ءسىم،

ادامدى تاڭداندىرعان قارا كۇشىم.

ويلاعان ولتىرمەك بوپ سار - كەك - كىدىڭ

سىپىرعام تۇلكىدەي قىپ باس تەرىسىن...» - دەپ ارام ويدىڭ العا جۇرمەيتىنىن، اسقانعا توسقان بولاتىنىن، اسىپ كەتكەن، ارام ويلى جاپون پالۋانىنا توسقاۋىل بولغانىن وسى ءبىر ولەڭ شۇماعىمەن بىلدىرەر ەدى.

«... قادىشا قازا بولدى ون جەتىدە،



қараса жан тوییессіз келбестен.
 جەتى جاتىپ ايتقان سەرت، السقان قول
 ارمان بوپ، شىقپاي كەتتى جەر بەتتە...»
 العاشقى سۇيسپەنشلىكى، العاشقى ماحابباتنان ۇيلەنبەي جاتىپ
 ايرىلعانن، اتتەگەن-اي مەن وتكەنن وكنە بىلدىردى. قانشا پالۋان،
 جويقن كۇش يەسى بولسا دا ونىڭ شكى دۇنيەسىنىڭ سونشاما نازىك
 ەكەنى بۇل ولەڭ جولدارىنان كورىنىپ-اق تۇر.
 العاشقى جارى، بالالارىنىڭ اناسى پولياك قىزى پاتيماننىڭ قابىر
 باسىندا:

«پاتىما-ۋارشاۋالىق پولياك قىزى،
 قوسىلدىم تاعدىر جازىپ ءدامى-تۇزى،
 قوش ايتتىم جىلاپ تۇرىپ قابىرىنە،
 كوگىمنىڭ سونگەندەي بوپ ءبىر جۇلدىزى» - دەپ وي
 تەبىرەنسىن وكنە، وكسى بىلدىردى.
 قاجىمۇقان بابامىز ءوز اناسىنان تۋا سالا جەتم قالىپ، شەشە ورنىنا
 شەشە بولىپ، ماپەلەپ وسىرگەن اجەسى ايسارى تۇرالى:
 « مەنىڭ ءومىرىمدى جازعاندا انام ايسارىنى قالدىرما. مەنىڭ
 وربىگەن ءومىرىمدى، تاسىعان قايراتىمدى بەرگەن سول انام. مەن ونىڭ
 كاۋكازدىڭ الپ تاۋىنداى بىيك، كۇننىڭ شۇاعىنداى جىلى، مەيىرباندىق
 ەڭبەگىنىڭ توزاڭن دا وتەگەنم جوق. مەنى بىلگەن كىسى - مەنەن
 بۇرىن سونى ءبىلسىن. ونان باسقا كىسى مەنى اسراپ، كەمەلمە
 كەترە الماس ەدى» - دەپ ايتقانى بابامىزدىڭ اسىل سەزىمدىلىگى مەن
 مەيىرىمدى، ادال دا اق جۇرەكتى ادام بولعانن اڭعارتىپ-اق تۇر ەمەس پە!
 مەن، مەنىڭ سەگىز قىرلى ءبىر سىرلى دەگەنم پالۋان
 كۇشتىلىگىنىڭ سىرتىندا بۇل ولەڭ جولدارىنان قانشالىقتى نازىك
 سەزىمدى، تەرەڭ وىلى، ءوز ۇلتىن قانشالىقتى سۇيەتىنى جانە ارى ايتسا
 اتا باباسىنىڭ بەرى ايتقاندا اجەسىنىڭ قادىر-قاسىيەتىن قاستەرلەپ، اق
 ابرويىنا كىر كەلتىرمەي وتكەنى، ادامدىق قاسىيەتىنىڭ قانشاما جوعارى
 ەكەنى كەينىڭى ۇرپاققا ۇلكەن ۇلگى، ونەگە بولادى دەگەنگە سەنمىم
 زور.

كۇش اتاسى، الپ بابامىزدىڭ رۇحى ۇرپاقتارىن جەبەپ ءجۇرسىن!





**БАБАҚҰМАР
ХИНАЯТҰЛЫ**
*тарих ғылымдарының
кандидаты,
этнограф*

МАЖАР-ҚАЗАҚ БАЙЛАНЫСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚАДАМДАР



ХУНГАРИЯ, ВЕНГРИЯ, МАЖАРСТАН

Картаға үңілсек, Дунай дариясы орта тұсында Тиса өзенімен жарыса келіп тоғысады. Дәл сол тұстағы аралға әйгілі Атилла патша жерленген дейді бүгінге жеткен аңыз сорабы. Ғұн мен авардан кейін Арпад мажарларынан Карпат қойнауына қоныстанып өзінің

мемлекеттілігін он бір ғасыр үзбей келе жатқаны анық. Кейін оғыз, печенек, қыпшақ, татар, моңғол, ноғай сынды шығыстық жұрттардың ат тұяғы тиген. Мемлекет атауы түрлі тілдерде Хунгария, Унгария, Үнгерүс, Мадияр. Заманында қуатты ел болған мажарлар алуан жеңіс пен дағдарысты бастан кешірді. Мажар жерін талан-таражға салған 1920 жылғы Трианон келісімінен кейін елдің тарихи



**ХУНГАРИКУМ – мажар
мақтанышы, айғақтаушы рәміз**

аймағының үштен екісі Атажұртынан алшақтап, көрші елдерге телінді. Аттила аралы да - қазір Сербия аумағында...

Дунай Тиса қос дариясының аралығында жатқан **Алфөльд** немесе **Мажар ойпатындағы** небір тарихи ескерткіштер, жер-су атаулары иісі Тұран жұртымен туыстығының айғағындай (*Сарыарқа* немесе *Үшқиян* сынды). Мажар ойпаты **Куншаг**, **Чонград**, **Хайду**, **Хортобадь** сынды бірнеше аймақты қамтиды. Куншагтың, яки еуропа тілдерінде Құмания, қазақша айтсақ **Қыпшақ жері** – қазақтың жанына жақын. Атақты түрколог Мандоки Қоңыр саралаған кун, яғни құман-қыпшақ деп басталатын жер-су атаулары (Кунсаллаш, Кишкунмайша, Кишкунхалаш, Кунсентмиклош, Карцаг, Кунчорба, Түркеве, Байа, Бачалмаш және толып жатқан атаулар) көненің көзі, тарих сөзіндей болып тұр ...

Карпаттың жағрафиялық орталығы **Опустасер** кентіндегі ашық аспан астындағы киіз үй пошымындағы мұражай мен мажарлардың қоныстануын бейнелейтін алып панорама туристердің толассыз ат басын тірейтін нысаны (турист демекші, пандемия жағдайында ересектердің басым бөлігі қорғаным екпесін (вакцина) алған ел тұмылдырықты лақтырып тастады. Жаз бойы елге 5 млн турист келіпті). Айтпағымыз басқа, бағзыдағы тарихи туыстықтың бүгінгі тынысы, екіжақты байланыс тарихының бүгінгі беталысы туралы.

Мажарларды өзгеден ерекшеліндіріп, одағайлығын айғақтап тұратын, өзіне ғана тән ұлттық құндылықтарды *Хунгарикум* деп атау 1999 жылдан жолға қойды. Жаһандану заманында алуан түрлі мақтаныш, бой теңестіру, жарысуға айналған түрлі тізім жасау етек алғанда мәдениеттанушылар енгізген санатқа ерекше зат, бұйым, қызмет көрсету, өнертабыс, мал тұқымы, өнім сорттары, тіпті атақты тұлғалар да енеді. **Мажар тілі бұл да – Хунгарикум**. Яғни ұлт үшін маңызы ерекше, өзгеше бітім болмысқа ие барлығы – осы санатта. Олар заңмен қорғалады, мемлекеттен ерекше қорғауға, қолдауға ие. Хунгарикум арасында Херед фарфоры, салами шұжығы, Токай шарабы, палинка арағы, Уникум бальзамы, Халаш шілтері, мажардың алуан аймағындағы кесте бұйымдары, би түрі, гуляш (қазіргі дыбысталуда гуйаш, қазақша бұқтырылған ет), паприка – ұнтақ қызыл бұрыш, ерекше көкөніс, жеміс сұрыптары тағысын тағылар. Мал тұқымынан мүйізі иірілген, сабалақ жүнді рацка қойы, мүйізі салақұлаш, дәу сұры сиыр, оған қоса иттің қуас, құмандор сияқты түрлері де Хунгарикум санатында қорғауға алынған... Әйгілі футболист *Пушкаш*, кубикті ойлап тапқан *Ерньө* де бар. Төртбұрыш қорап пішінді құрылысты киіз үй пошымындағы төбесі күмбезді сәулетке алмастырған органикалық архитектураның негізін



қалаушы *Маковец Имре* де осы санатта. (дәл осындай Қазақы, Алашқа тән, Бірегей деген мәдени категорияны әспеттеп, әлемге танытатындай серпінді іс-қимыл замана сұранып тұрғандай).

САНАТКЕР, ҚАЙРАТКЕР ЛЕЖАК ШАНДОР МЫРЗА

Мажар ойпатына (Алфөльд) оралсақ, оның орта тұсындағы *Кечкемет* қаласы қазақты елең еткізері анық (кечке—ешкі дегені). Мерседес зауыты салынғаннан кейін кең тыныстаған қаланың солтүстік батысында әлемдегі ең үлкен этнофестиваль Құрылтай өтіп тұратын **Бугац** елдімекені жатса, шығысында **Лакителек** атты кент қазаққа етене ыстық. Себебі мұнда бой көтерген *Хунгарикум паркі* – жасампаз істердің ордасы. Лакителектің бүгінгі келбеті Мажарстанның көрнекті қайраткері, ақын, драматург **Лежак Шандордың** қызметімен тікелей байланысты. Осында еңбек жолын бастаған Лежак әдеби, мәдени өмірдің қайнаған ортасында шындалып, тарихи тақырыптарда жазған рок опера, драмалары, өлеңдері кең таралды. Оның қаламынан туған «*Аттила – Құдайдың қамшысы*», «*Чаба патшазада*» сынды туындылары лайықты бағасын алған. Қызыл жүйенің қысымына қарсы әдеби, мәдени қауымның басын біріктірген ортада Лежакты қазаққа етене жақын Мандоки Қоңыр, Келемен Андраш сынды жүздеген мықтылармен тоғыстырды. Өткен жылы 70 жасқа толған қайраткерді құттықтауында мажар үкімет басшысы

Орбан Виктор, жаңа кезеңдегі саяси ұйымның негізін қалау *Лежак* үйінің ауласында жүрілгендігін атап өтті. Яки, ол 1987 жылы Мадияр Демократиялық форумы атты саяси ұйымды қалаған ...

Мажар парламентаризм тарихында елеулі орны бар *Лежак* мырза Парламенттің вице-спикері қызметін атқарумен қатар, Лакителекте қор құрып, ағартушылықты мықтап қолға алған. Онда халық институты атты білім беру орталығы мажарлар мен шығыс халықтарымен арадағы сан қырлы туыстықты насихаттау, әдебиетін таныту ісімен дендеп айналысады. Алуан түрлі білім беру, әдеби, мәдени шаралардың басы қасында *Лежак Шандор* мырза ұйытқы.

ЛАКИТЕЛЕК ХУНГАРИКУМ ПАРКІНДЕГІ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ

Әзір Лакителектегі *Хунгарикум* паркінде мәдени, сәулет, білім беру, сауықтыру орталықтарын қамтитын бірегей, өзгеден одағай ірі кешен бой көтеруде. Парк *Маковец* стиліндегі немесе тарихи сәулеттің кешендері, киіз үй қалашығынан, сан ондаған мүсіндерден құралған ашық аспан астындағы интерактивті мұражай деуге болады. Аумақта ғалым, өнеркәсіп, аграр, руханият саласының таңдаулы мажар қайраткерлерінің мүсіндері бой көтерген. Оның бір тобы бауырлас халықтардың көрнекті ойшылдарына арналған. Оның қатарына биыл Ұлы Абай ескерткіші қосылды.



«Бұл – Қазақ ақыны, ойшылы Абайдың Мажарстандағы екінші ескерткіші, біріншісі - Будапештегі орталық саябақта 2014 жылы ашылған», – деді шараға арнайы келген қазақ Елшісі Жәнібек Жарасқанұлы. Мүсін авторы – Карпат етегіндегі мажарлар тұратын Унгвар қаласында тұратын санаткер Роман Васил.

Салтанатта Мажарстанның вице-премьері, қаржы министрі, әрі экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мажар-қазақ үкіметаралық комиссиясының тең төрағасы Варга Михай өз сөзінде Абай тұлғасы мажар-қазақ бауырластығының рәмізі, оның

туындылары мен тәржімалары құрлықты жақындастыратын маңызына ден қойды. Мажарстанның шығыс пен батыс әлемінің тоғысуында орналасуы зор артықшылық, әрі оны қарым-қатынасты нығайтуда назардағы басты ұстаным ретінде мемлекеттік «Шығысқа ашылу» саясатында көрініс тапқандығына, әсіресе Қазақстанмен ынтымақтастық жете мән беріліп отырғандығына тоқталды.

Өз кезегінде Лежак мырза «Біз он жыл бұрын жан-жаққа тарттық, енді жан тартамыз, ынтымақтасамыз» («Tíz évvel ezelőtt még össze-vissza tartoztunk, most meg

összetartozunk»), – деді. Салтанатта Ұлы Абайдың өлеңдері оқылды, әндері шырқалды. Қазақ елшісі институт пен құрметті қонақтарға Мұхтар Әуезовтің «Абай жолының» мажарша басылымын сыйлады. Оңайша Мақсұмқызының дарынды шәкірті, қазақ тілін еркін меңгерген, Яссауи университетінде музыка мамандығын игеруші Фехер Богларка қобыз күйін орындады (жас өркеннің қобызда орындаған тырнақалды туындылары «Ösi rege» (Бағзы эпсана) атпен CD-диск түрінде жарыққа шыққан-ды).



Мажарстан вице-премьері Варга Михай, Мажар Парламентінің вице-спикері Лежак Шандор, Мажарстандағы қазақ елшісі Жәнібек Әбдіраш Лакителек Хунгарикум паркінде Ұлы Абай ескерткішінің ашылу салтанатында

ЛАКИТЕЛЕКТЕГІ БИЫЛҒЫ ҚАЗАҚ ТЫНЫСЫ

«Жаздық курстарда қазақ, моңғол, корей, жапон, түрік, орыс тілдерінде курстер, алуан әдеби, мәдени шараларды өткізуден жаңылған жоқ», – дейді Гашпар Роланд есімді жетекші. Биыл да сол үрдісінен танған жоқ, «тәржіма және елтану апталығына 60 үйренуші және ондаған ғалым, педагог шақырылған екен. Орыс, моңғол курстары әдебиет тәржімасының практикалық және теориялық ісімен шұғылданды: әйгілі моңғолтанушы Бирталан Агнеш, славист Горетить Иожеф, Толстой қауымдастығы жетекші Сүч Ольга, полиглот түркітанушы, моңғолтанушы Шомфай Қара Дәуіт сынды мамандар болды.

Қазақ тобының бағдарламасы қызықты болды: профессор Шомфай қазақ тілі мен тарихының өзекті мәселелеріне қақында (әсіресе өзінің Kazak Grammer (Languages of the World/ Materials 417. LINCUM Europa, 2002) еңбегі негізінде) біршама теориялық мәселелерден, қазақ аймақтары, қазақ спиритуализмі тақырыбында дәрістер оқыды. Оңайша Мақсұмқызы қазақ өмір салты, Шанта Иштван мажар зерттеушілерінің Орта Азияға сапары,

Бұқарбай Құралай жаңа кезең тарихы, Айдана Смағұл қазақ тілін үйрету бойынша, өз басым қазақ тарихына шолу, қазақ тіл ғылымындағы бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелер қақында әңгімеледік. Ахмет Байтұрсынұлынан бастап Сапархан Мырзабеков, Әлімхан Жүнісбек еңбектеріне арнайы тоқталған топ жуықта дүниеден озған Әлекеңді



Қазақ тілі мен мәдениетін үйренуші, дәріптеушілер оқытушы мен қазақ елшісімен

еске алып, Оңайша Мақсұмқызы естелік айтты.


Мажар тілділерге арналған баспаға дайындалу үстіндегі қазақ грамматикасының оқулығы таныстырылды (оның төте авторларының бірі, тілтанушы Бижомарт Қапалбек мырза).

Тағы бір елеулі оқиға мәдени антропологтар Шанта Иштван мен Шомфай Қара Дәуіттің «Азияның жүрегінен келген хаттар мен



фотосуреттер» (Levelek és fényképek Azsia szívéből) атты зерттеу еңбегінің тұсаукесері болды. «Антология» баспасын шыққан, сиясы кеуіп үлгермеген еңбек жуықта 92-ші мәрте өткен кітап жәрмеңкесінде ұсынылды. Алмаши Дьордь 1900 жылы Жетісу бойына жасаған сапар нәтижелерін «Азия жүрегіне сапарым» атпен 1903 жылы жариялаған еді. Он алты сандыққа жүк болған экспедиция олжасын мұражай қорына тапсырған аталмыш бекзада тұранизм мұратына қызмет еткен. Қос зерттеушінің еңбегі осы іргелі еңбектің жалғасы ретінде, Алмашидың 1906 жылы (екінші мәрте) Жетісу бойы мен Қырғыз жеріне саяхатының беймәлім

қырларын сараптауға арналған. Тағдыры ауыртпалыққа тап болған Алмаши Австрияда Грацта 1933 жылы қайтқан соң II жиһангерлік соғыста оның мұрасы бомбалаудың кесірінен құрып кетеді. Алайда Шанта мен Шомфай Қараның ширек ғасыр ізденуі арқасында әлемдік Орта Азия зерттеуге құнды мұра қосылды. Оған себеп болған Венада қызмет еткен профессор Көхалми Каталин мен Алмашидің жиені Дьомөрей Зита екен. Жиені зерттеушілерге нағашы атасының апасына жазған сапар күнделіктері мен фотоальбомын сыйлайды. Алмаши бірге саяхаттаған досы тегі ирландиялық Хубертке сыйлаған фотоальбомы аман сақталып, кейін мұрагерлерінің



«Levelek és fényképek Ázsia szívéből». «Антология» баспасы, 2021 еңбегінің мұқабасы және Алмашиға берілген қазақ тілінде жазылған әкімшілік хаты



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

қолына тиіпті. Еңбек Орта Азия зерттеуі үшін құнды мәліметтерге толы. Тіпті Алмашиға араб жазумен қазақ тілінде жазылған «Ашық хат, бұйрық хат» деп аталған құжатты жариялаған.

Еңбекте «Манас» дастанын кең танытуы, сапарының қыр-сыры, фотосуреттер туралы тарқата баяндалған. Құнды түпнұсқа фотосуреттердің бір парасы 2019-дың мамырында Алматы қала тарихы мұражайының қабырғасына Алмашиға ескерткіш тақта орнату салтанатына орай қазақ аудиториясына ұсынылған болатын.

Шанта мен Шомфайдың зерттеу еңбегімен қоса Алмашидің еліне ерте келген көмекшісі қырғыз бозбаласы **Бердікеұлы Тұрғанға арналған деректі фильм** Лакителек курсына көпке ұсынылды. 1892 жылы дүниеге келген

Қарақолда түздіктерге арналған мектепте оқыған бозбала Алмаши иелігіндегі сарайда екі жыл тұрған, балаларына орысша үйреткен, зерттеушіге экспедиция материалын өңдеуге, «Манасты» аударуға көмектескен. Кейінгі тағдыры белгісіз. Оны зерттеу әлі жалғасуда...

ЕЛШІГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Қазақ курсының ұжымы арнайы келген Елші Жәнібек Әбдірашовқа Анасының қазасына байланысты көңіл айтты. Мандоки Оңайша мен Шомфай Дәуіттің қазақша үйренген шәкірттері Жарасқан ақын темірқазығына балаған жары Нәзігүл Нұрғалиқызының арнаған «Кірмеші жиі түсіме» әнін орындады.



Қазақстанның Мажарстандағы елшісі Жәнібек Жарасқанұлы (ортада) Лакителектегі қазақ тілі мен мәдениеті курсының оқытушылары мен үйренушілерімен дидакталасты. Қасында түрколог Шомфай Қара Дәуіт және Мандоки Оңайша Мақсұмқызы.



Жарасқан Әбдіраш ақынның «Дала сенің ұлыңмын» поэмасынан үзіндіні мажар және қазақ тілінде мәнерлеп оқыды. Тәржімасы жасаған қыпшақ текті ақын Көрменди Лайош Мандоки Қоңырдың жәрдемімен аударған (бұл күнде екеуі де бақида). Мажарлардың Еуропаға қоныс аударуының 1100 жылдығына орай «*A puszta fiai*» (Дала ұландары) деген атпен 1996 жылы Карцаг қаласында шыққан шағын антологияда жарияланған еді.

АТА-БАБАЛАРДЫ ҰЛЫҚТАУ МЕЙРАМЫ

Өздерін Еуразиялық салт атты көшпелілердің заңды мұрагер санайтын мажарлар өз болмысы мен мемлекеттілігін сақтап қалу жолында оны зерттеу, өмірге кіріктіру, насихаттау ісін дәстүр ретінде қалыптастырған. Бұл тенденция, әсіресе ХХ ғасырда күш алған, ал жаһандану дәуірінде жаңа сипатқа ие болды. Соның бір айқын мысалы, көшпелілер мәдениетіне қатысты әлемдегі ең ірі этномәдени фестиваль санатына енген **ғұн-түркі-мажар Құрылтайы** екі жыл сайын Мажарстанда ұйымдастырылу екенінде дау жоқ. Ол Бугац ұлттық парк аумағында өтеді. Мазмұны мен сән салтанаты жыл сайын артып отырған бұл шараға қызығушылар қатары өте мол. Екі Құрылтай арасында *«ата-бабаларды ұлықтау» мажарша «Өөшөк напиа»* атты Құрылтайға парапар шара өтеді. Ол – әлемдегі мажарлардың басын қосатын ұлық мейрам.

Құрылтай мен Бабаларды ұлықтау шарасы иен далада, ұлттық парк

аумағында өтеді. Оған жақын ауыл бірнеше шақырымдағы **Бугац**, онда небәрі үш мыңдай адам тұрады. Фестивалға жиналған жұрт өздерімен ала келген киіз үйлерде жайғасады. Қатарласа бой түзеген инфрақұрылымға қосылған отаулар қазақ ауылдарын еске салады. Араларында қазақ, қырғыз, түркімен, ноғай, тіпті моңғол үйлері түгіл, мажар киіз үйлері (!) де бар.

Биыл 13-15 тамыз аралығында өткен шара ауқымы мен мазмұны жағынан бұрынғылардан асып түсті. Ұзаққа созылған індет шектеуінен кейін тұмылдырықсыз, мамыражай қалыпты сағынған жұрт аптапқа қарамастан жойдақсыз көп жиналды, әсіресе көрші елдерден ағылды. Оған қоса, Еуропадағы түркілер мен моңғол диаспорасының өкілдері көп келді.

ИЕН ДАЛАДАҒЫ ҮШ БІРДЕЙ КӨРМЕ

Бұл мейрамда да Құрылтайдағы басты шаралардың бірі ғылыми-практикалық конференция болды. Биыл да мажар антропологиясы, археогенетикасы мен көне тарихына қатысты өзекті мәселелер талқыланса, «Аттила ордасы» алып киіз үйде антропологиялық көрме жайғасты. «Мадияр Тұранмен» Ұлттық жаратылыстану мұражайымен бірлескен **«Ғұндар мұрасы және Арпад жұрты»** археологиялық-антропологиялық көрмесінде ғұн жауынгерінің сауыт сайманының һәм зергерлік бұйымдарының таңғажайып



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

реконструкциясын, ортағасыр көшпелілерінің ер-тұрмандарының ондаған түрі қойылды.

Екінші көрме «Бабалар ордасы (Өөшөк шатыра) атты киіз үйде «Ғұн, авар, мажар, печенек (мажарша бешеньо)» - археологиялық және антропологиялық құндылық ұсынылды. Үшіншісі - «Трианон шатырында» мажар мемлекетінің жүз жыл бұрын бөлшектеніп, Атажұртынан тысқары қалған қандастарының мұң-мұратынан хабар беретін көрме.



«Бабалар ордасы (Өөшөк шатыра)» көрмеге арналды. Орданың алдында тұрған Дарақтың (Мировое дерево) бір нұсқасымен Мадияр-Тұран қауымдастығы Торғайдағы атақты Міржақып Дулатов туған Қызбел (Сага) ауылына орнатқан

АРПАД МАЖАРЛАРЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» (Шәкерім қажыша айтқанда) болды, тың тосын қырлары жұртты елең еткізді. IX ғасырда Карпатқа сән салтанатымен келіп, өзгелерді ығыстырып, орнығып мемлекеттілігін жалғастыра берген Арпад патша бастаған мажарлардың көшіп-қоныстану үрдісінің бір сәтін бейнелейтін шеру (демонстрация) жасауы көңілден шықты.

Көне үлгідегі киім-кешекпен, қару-жарақпен мындаған жанның пандана, маңғаз жылжып келе жатқан көрініс өткен замандағы көшпелілер рухын алып келгендей. Олар сәйгүліктерін мініп, екі және төрт доңғалақты арбалары мен күймелерін жетектеп, күйме үстінде орнатқан шағын киіз отауларын мақтана көрсетіп келе жатты (бұл реконструкцияларды жасауда, «Мадияр-Тұран» қауымдастығының вице-президенті, сәулетші Варга Золтан бастаған мамандар ұзақ тер төккен екен).

Небір сұлу тұлпар, жетектегендері мүйізі сала құлаш дәу сиыр мен бота мен тайлағын ерткен қос өркешті және нар түйелер (! мұны Тұран қауымдастығының лидері Биро Андраш цирк пен зоопаркте арнайы қолға түсірген екен), мүйізі шиырылған, тұлғасы ешкі



іспетті раққа қойын алдына салып өткен көрініс өзара үйлесіп, бағзыдағы көшпелі бабаларды еске салды. Міне, сізге ата-бабаларды ұлықтау!

«Бұл шеруге 260-тан астам шабандоз және 600 жаяу сарбаз қатысты деді», – «Мадияр-Тұран» қауымдастығының баспасөз жетекшісі Биро Чаба. Сарбаздардың қару-жарақ пен костюмдері бір-біріне ұқсамайтын, алуан түрлі, түпнұсқаның көшірмесі немесе ғылыми негізде жасалған реконструкция. Мұндай сауыттың салмағы оннан бастап 26 кг-ға дейін жетеді дейді қауымдастықтың белсендісі Фехер Йожеф.

МАЖАРЛАР - САЛТ АТТЫ КӨШПЕЛІЛЕР ҰРПАҒЫ

Қай кездегі той, қазіргі ұғыммен этнофестивалда орын алған шаралар да ұмыт қалмағаны белгілі: тазы мен барақтың, Ақалтеке мен Алтын тұлпардың сыны ұйымдастырылды. Тек ұйымдастырылып қана қойған жоқ, олар жарыста сыналды: Дәстүрлі спорттық жарыстар 2021 жылы да кеңейе түсті. Puszta Vágtá (сақарадағы ат жарыс) атпен кәдімгі ұшқыр бәйге өтті, араларында бірнеше шабандоз қыздар бәйге алды. Алғаш рет шөгеннен, басқаша ат үстінен поло ойнаудан бірнеше топ бақ сынады.

Тағы бір қуантатын көкпар кең қанат жайып келе жатқандығы қуантты. Бұрыңғы Құрылтайларда небәрі екі-үш команда қатысса, бұл жолы алты команда «Тұран» кубогы үшін күш сынасты. Қыпшақ қаны ойнаған Құмания өңірінің

«Пустай рока», яғни Қарсақ тобы кубокқа қоса қомақты қаржына еншіледі.

Дәстүрлі жауынгерлік садақ (ат үстінен) тартудан бөлік жаяу алыс қашықтыққа садақ атудан жарыс өтті. Жеңімпаздар марапатталды.

Тағы бір тың жарыс - ересек мен жеткіншек санатына бөлінген білімдерін палуандар белбеу күресінен күш сынасуы.

Жұртты алаңдатқан жарыс - ауыр сауыт, дулығыға қосат бетті, саусақты қоса қорғайтын жаңсе мен бетқорғаныш киген сарбаздардың қылышпен бір бірінің қалқанын жойдақсыз күшпен соққылап, жекпе-жекке шығуы.

Күндіз фестивалден алған әсерін ашық аспан астындағы түн қараңғысында кинотуындыны көре отырып, рахатқа бөлену өзгеше ауан сыйлағаны шараның жанкүйерлері қазақтарға таласа жеткізіп жатты. Себебі қазақ киногерлерінің тың туындысы «Томирис» фильмін мажар тіліндегі субтитрімен көрсетілуі көкпен сырласып, көнемен үйлескен жандар үшін аса әсерлі болғаны анық. Ірі ас немесе тойлардағыдай мажар гастрономиясы, жәрмеңке, ас та төк ас мәзіріне тола дастархан туралы сөз қозғау артық. Оңаша сахнадағы толассыз би мен саз, ән мен жыр көшпелілік салтанатын бейвербалды түрде асқақтатып тұрды...

Биылғы шарада көптің есінде бақсының басқаруымен Тәңір қосқан жұп шабандоз Каради Аттила мен этнограф Лайко Жейкенің неке қию салтанаты өзгеше сипатта, байырғы рәсіммен өтуі дер едім. Оларды 2017 жылғы Тұрандықтардың Қазақстанға жасаған





*Аттила мен Жейкенің неке қию рәсімін талтош (бақсы)
Шойомфи Золтан өткізді.*

сапары екендігі, көшпелілер назары түскен, киелі топырақта тоғыстырғанын мақтана айтқан жас жұбайлар алқау мен батаға кенелді.

КИІЗШІЛІК ПЕН ЖАҚ ТАРТУ – БҮГІНГІ МАЖАР МАҚТАНЫШЫ

XX ғасыр ортасында мажар санасында сілкініс әкелген, әрі суретші, әрі археолог Ласло Дьюла мажардың байырғы болмысын қазақтарға ұқсас сипатта елестеткен. Оның қоныс аудару кезеңіндегі 50 сызба реконструкциясы - ұлтқа азық болған еңбек. Елде қазір киіз басушы жүздеген, ал үй жасаушы жиырмадай шебер бар деседі. Соның бірі Хубер Иштван кезінде Голлибудтықтарға (Марко Поло фильміне арнап) 80 киіз үй

жасаған маман, осы жолы мажар киіз үйін Тұрандықтарға арнап өзгеше жасағанын айтады.

Ал, киіз ұқсатуда мажарлар озық. Мұнда «Киіз студиясы» атты арт фестиваль 41-ші мәрте өткен шараға киіздің иісі бармайтын Африка мен Латын Америкадан шеберлер келіп үйренеді. Мұның негізін қалаған **Видак Иштван мен жұбайы Нойд Марилер** істі қолға алуға Мандоки Қоңыр мен Оңайша Мақсұмқызының атымен тікелей байланысты екендігін сағына еске алады. Кейін Қоңыр шәкірттерін жан-жаққа аттандырды. Еуразия халықтарындағы киізшілік өнерін жан жақты зерттеген мажарлар оны заманауи технологиямен үйлестіріп, ноу хауды әлемге таратып жүр, Орта Азия елдері мен қазақтарға келіп, киіздің қыр-сырын үйретіп кетеді.



Соның бірі Мажар Өнер Академиясының академигі **Ветро Михай** соңғы төрт жылда Еуразиялықтардың және көшпелілердің киізшілік өнері туралы үш бірдей тамаша туындыны баспадан шығарды.

Пандемия болсын, мейлі бейбіт кезең болсын мажарлар көшпелі рухын бір сәт те ұмыт қалдырмайтындығын, ұдайы жадында тұтып, әспеттейтіндігінің айқын куәсі екі шарада ғана осылай көрініс тапқанының қысқаша баяны осындай.



«Бабаларды ұлықтау мейрамы» соңында гұрыптық от жағып, аластау рәсімінің мәні зор. Ортада рәсімді жүргізуші Карабакша Ковач Ласло.

Жақ (садақ) тарту бүгін мажарлардың бренді. Елде садақ жасайтын оншақты шеберхана бар, әрине заманауи технологиямен органикалық пастадан жасалады. Садақ атуды үйрету, физикалық, психологиялық дайындықтан өту үшін Гиннестің әлденеше рекордына енген **Кашшай Лайоштың** садақты ат үстінен және жаяу тарту, сайысу саласында жеке авторлық әдістемесі мен франчайзы әлемдегі озық, бірегей.

Ел елде жылына жүздеген ірі, мыңдаған локалдық фестиваль өтіп тұратынын, оған қоса ауыл (деревняға) туризмі мықтап жолға қойылғандығын ескерсек, салт атты көшпелілер мәдениеті жете насихатталып жатқанын бажайлау қиын емес...

Мақалаға иллюстрациялар ұсынған Қазақстанның Мажарстандағы Елшілігінің баспасөз қызметі және Мадияр Тұран қауымдастығының баспасөз қызметіне алғыс білдіреміз (Редакция алқасы)



BABAQUMAR HINAIATULY

Tarih ғылымдарының кандидаты

**MAJAR-QAZAQ BAILANYSYNDAGY
MADENI QADAMDAR**

**HÝNGARIA, VENGRIA,
MAJARSTAN**

Kartaǵa únilsek, Dýnai dariasy orta tusynda Tısa ózenimen jarysa keliptogysady. Dál sol tustaǵy aralǵa ágili Attila patsha jerlengen deıdi búginge jetken ańyz soraby. Ğun men avarlan keiin Arpad majarlarynan Karpat qoınaýyna qonystanyp óziniń memlekettiligini on bir ǵasyr úzbeı kele jatqanyanyq. Keinoǵyz, pechenek, qypshaq, tatar, mońǵol, noǵai syndy shyǵystyq jurttardyń at tuıaǵy tigen. Memleket ataýy túrli tilderde Hýngaria, Ýngaria, Úngerús, Madiar. Zamanynda qýatty el bolǵan majarlar alýan jeńis pen daǵdarysty bastan keshirdi. Majar jerin talan-tarajǵa salǵan 1920 jylǵy Trianon kelisiminen keiin eldiń tarihı aımaǵynyń úshen ekisi Atajurtynan alshaqtap, kórshi elderge telindi. Attila araly da - qazir Serbia aımaǵynda...

Dýnai Tısa qos dariasynyń aralyǵynda jatqan Alföld nemese Majar oıpatyndaǵy nebir tarihı eskertkishter, jer-sý ataýlary iisi Turan jurtymen túystyǵynyń aıǵaǵyndaı (Saryarqa nemese Ushqian syndy). Majar oıpaty Kýnshag, Chongrad, Haidý, Hortobad syndy birneshe aımaqty qamtıdy. Kýnshagtyń, ıakı eýropa tilderinde Qumania, qazaqsha aıtsaq Qypshaqjeri –

qazaqtyń janyna jaqyn. Ataqty túrkolog Mandokı Qońyr saralaǵan kýn, ıaǵni quman-qypshaq dep bastalatyn jer-sý ataýlary (Kýnsallash, Kıshkýnmaısha, Kıshkýnhalash, Kýnsentmiklosh, Karsag, Kýnchorba, Túrkeve, Baia, Bachalmash jáne tolyp jatqan ataýlar) kóneniń kózi, tarih sózindeı bolyp tur ...

Karpattyń jaǵrafialyq ortalyǵy Opýstaser kentindegi ashıq aspan astyndaǵy kiz úı poshymyndaǵy murajai men majarlardyń qonystanýyn bebeleitin alyp panorama túristerdiń tolassyz at basyn tiretin nysany (týris demekshi, pandemia jaǵdaıynda eresekterdiń basym bóligi qorǵanys ekpesin (vaksına) alǵan el tumyldyryqty laqıyryp tastady. Jaz boıy elge 5 mln túris kelipti). Aıtpaǵymyz basqa, baǵzydaǵy tarihı túystyqtyń búgingi tynysy, ekijaqıy bailanys tarihynyń búgingi betalysy túraly.

**HÝNGARIKÝM – majar
maqtanyshy, aıǵaqtayshy
ráimiz**

Majarlardy ózgeden erekshelindirip, odaǵailyǵyn aıǵaqtap turatyn, ózine ǵana tán ulttyq qundylyqtardy Hýngarikým dep ataý 1999 jyl dan jolǵa qoidy. Jahandaný zamanynda alýan túrli maqtanysh, boı teńestirý, jarysýǵa aınalǵan túrli tizim jasaý



etek alganda mádeniеттанýshylar engizgen sanatqa erekshe zat, buym, qyzmet kórsetý, ónertabys, mal tuqymy, ónim sorttary, tipti ataqty tulǵalar da enedi. Majar tili bul da – Hýngarikým. Iagñi ult úshin mañzy erekshe, ózgeshe bitim bolmysqa ie barlyǵy – osy sanatta. Olar zañmen qorǵalady, memlekettен erekshe qorǵaýǵa, qoldaýǵa ie. Hýngarikým arasynda Hered farfory, salamı shujyǵy, Tokai sharaby, palinka araǵy, Ýnikým bálzamy, Halash shilteri, majardyñ alýan aimaǵyndaǵy keste buymdary, bı túri, gýlash (qazirgi dybystalýda gýıash, qazaqsha buqtyrylǵan et), paprika – untaq qyzyl burysh, erekshe kókinis, jemis suryptary taǵysyn taǵylar. Mal tuqymynan múıizi iirilgen, sabalaq júndi raska qoıy, múıizi salaqulash, dáy sury sıyr, oǵan qosa ittiñ kývas, qumandor sıaqty túrleri de Hýngarikým sanatynda qorǵaýǵa alyñan... Áıgili fýtbolist Pýshkash, kýbıkti oılap tapqan Ernó de bar. Tórtburyn qorap pishindi qurylysty kiiz úı poshymyndaǵy tóbesi kúmbezdi sáýletke almastyrǵan organikalyq arhitektýranyñ negizin qalaýshy Makoves Imre de osy sanatta. (dál osyndaı Qazaqy, Alashqa tán, Biregeı degen mádeni kategorıany áspettep, álemge tanytatatyndaı serpindi is-qımyl zamana suranyp turǵandaı).

**SANATKER, QAIRATKER
LEJAK SHANDOR
MYRZA**

Majar oıpatyna (Alföld) oralsaq, onyñ orta tusyndaǵy Kechkemет qalasy qazaqy eleñ etkizeri anyq (kechke–eshki degeni). Mercedes zaýyty salyñǵannan keiın keñ

tynystaǵan qalanyñ soltústik batysynda álemdеgi eñ úlken etnofestival Quryltaı ótip turatyn Býgas eldimеkeni jatsa, shyǵysynda Lakitelek atty kent qazaqqa etene ystyq. Sebebi munda boı kótergen Hýngarikým parki – jasampaz isterdiñ ordasy. Lakitelektiñ búgingi kelbeti Majarstannyñ kórnekti qairatkeri, aqyn, dramatýrg Lejak Shandordyñ qyzmetimen tikeleı baılanysty. Osynda eñbek jolyn bastaǵan Lejak ádebi, mádeni ómirdiñ qanaǵan ortasynda shyñdalyp, tarıhı taqyryptarda jazǵan rok opera, dramalary, óleñderi keñ taraldy. Onyñ qalamynan týǵan «Attila – Qudaıdyñ qamshysy», «Chaba patshazada» syndy týyndylary laıyqty baǵasyn alǵan. Qyzyl júeniñ qysymyna qarsy ádebi, mádeni qaýymnyñ basyn biriktirgen ortada Lejakty qazaqqa etene jaqyn Mandokı Qoñyr, Kelemen Andrash syndy júzdegen myqtylarmen toǵystyrды. Otken jyly 70 jasqa tolǵan qairatkerdi quttyqtaýynda majar úkimet basshysy Orban Viktor, jaña kezeñdegi saıası uıymnyñ negizin qalaý Lejak úiiniñ aýlasynda júrilgendigin atap ótti. Iakı, ol 1987 jyly Madiar Demokratıalyq forýmy atty saıası uıymdy qalaǵan ...

Majar parlamentarızм tarıhynda eleýli orny bar Lejak myrza Parlamenttiñ vıse-spikeri qyzmetin atqarýmen qatar, Lakitelekte qor quryp, aǵartýshylyqty myqtap qolǵa alǵan. Onda halyq institúty atty bilim berý ortalyǵy majarlar men shyǵys halyqtarymen aradaǵy san qyrly týystyqty nasihattaý, ádebietin tanyty isimen dende p analıysady. Alýan túrli bilim berý, ádebi, mádeni sharalardyñ basy qasynda Lejak Shandor myrza uıytqy.



**LAKITELEK HÝNGARIKÝM
PARKINDEGI ABAI
ESKERTKISHI**

Ázir Lakitelekтеgi Hýngarikým parkinde mádeni, sáylet, bilim berý, saýyqtyrý ortalyqtaryn qamtıyn biregei, ózgeden odaǵa iri keshen boı kóterýde. Park Makoves stilindegi nemese tarihi sáylettiń keshenderi, kiiz úı qalashyǵynan, san ondaǵan músinderden quralǵan ashıyq aspan astyndaǵy interaktivti murajai deýge bolady. Aýmaqta ǵalym, ónerkásip, agrar, rýhaniat salasynyń tańdaýly majar qairatkerleriniń músinderi boı kótergen. Onyń bir toby baýyrilas halyqtardyń kórnekti oıshyldaryna arnalǵan. Onyń qataryna bıyl Uly Abai eskertkishi qosyldy.

«Bul – Qazaq aqyny, oıshyly Abaidyń Majarstandaǵy ekinshi eskertkishi, birinshisi - Býdapeshtegi ortalyq saıabaqta 2014 jyly ashylǵan», - dedi sharaǵa arnaiy kelgen qazaq Elshisi Jánibek Jarasqanuly. Músin avtory – Karpat etegindegi majarlar turatyn Ýngvar qalasynda turatyn sanatker Roman Vasil.

Saltanatta Majarstannyń vise-premeri, qarjy ministri, ári ekonomıkalyq yntymaqtastyq jónindegi majar-qazaq úkimetaralyq komısiyasynyń teń tóraǵasy Varga Mihai óz sózinde Abai tulǵasy majar-qazaq baýyrlastyǵynyń rámi, onyń týnydlary men tárjimalary qurlyqta jaqyndastyratyn mańyzyna den qoidy. Majarstannyń shyǵys pen batys áleminiń toǵysynda ornalasýy zor artyqshylyq, ári ony qarım-qatynasty nyǵaitýda nazardaǵy basty ustanym retinde memlekettik «Shyǵysqa ashylý» saıasatynda kórinis

tapqandyǵyna, ásirese Qazaqstanmen yntymaqtastyq jete mán berilip otyrǵandyǵyna toqtaldy.

Óz kezeginde Lejak myrza «Biz on jyl buryn jan-jaqqa tarttyq, endi jan tartamyz, yntymaqtasamyz» («Tíz évvel ezelótt még össze-vissza tartoztunk, most meg összetartozunk»), - dedi. Saltanatta Uly Abaidyń óleńderi oqyldy, ánderi shyraqaldy. Qazaq elshisi institút pen qurmetti qonaqtarǵa Muhtar Áyezovtiń «Abai jolynyń» majarsha basylymyn syıady. Ónaisha Maqsumqyzynyń daryndy shákirti, qazaq tilin erkin meńgergen, Iassayı ýniversitetinde múzyka mamandyǵyn ıgerýshi Feher Boglarka qobyz kúin oryndady (jas órkenniń qobyzda oryndaǵan tyrnaqaldy týnydlary «Ösi rege» (Baǵzy ápsana) atpen SD–disk túrinde jaryqqa shyqqan-dy).

**LAKITELEKTEGI BIYLǴY
QAZAQ TYNYSY**

«Jazdyq kýrstarda qazaq, mońol, koreı, japon, túrik, orys tilderinde kýrster, alýan ádebi, mádeni sharalardy ótkizýden jańylǵan joq», – dedi Gashpar Roland esimdi jetekshi. Bıyl da sol úrdisinen tanǵan joq, «tárjima jáne eltaný aptalyǵyna 60 úrenýshi jáne ondaǵan ǵalym, pedagog shaqyrylǵan eken. Orys, mońol kýrstary ádebiet tárjimasynyń praktikalyq jáne teorıalyq isimen shuǵyldandy: ágili mońoltanýshy Birtalan Agnesh, slavıst Goretit Iojeı, Tolstoı qaýymdastyǵy jetekshi Súch Olga, polıglot túrkitanýshy, mońoltanýshy Shomfaı Qara Dáyit syndy mamandar boldy.



Qazaq tobynyń baǵdarlamasy qyzyqty boldy: profesor Shomfaı qazaq tili men tarihyńyń ózekti máselelerine qaqynda (ásirese óziniń Kazak Grammer (Languages of the World/Materials 417. LINCOM Europa, 2002) eńbegi negizinde) birshama teorıalyq máselelerden, qazaq aimaqtary, qazaq spiritýalizmi taqyrybynda dárister oqydy. Ońaısha Maqsumqyzy qazaq ómir salty, Shanta Ishtvan majar zertteýshilerinıń Orta Aziaga sapary, Buqarbaı Quralaı jańa kezeń tarihy, Aıdana Smaǵul qazaq tilin úretý boıynsha, óz basym qazaq tarihynda sholý, qazaq tilǵylymyndaǵy búgingi kún tártibindegi máseleler qaqynda áńgimeledik. Ahmet

Baitursynulynan bastap Saparhan Myrzabekov, Álimhan Júnisbek eńbekterine arнай toqtalǵan top jýyqta dúnieden ozǵan Álekeńdi eske alyp, Ońaısha Maqsumqyzy estelik aıtty.

Majar tildilerge arnalǵan baspaǵa daıyndalý ústindegi qazaq gramatikasynyń oqýlyǵy tanystyryldy (onyń tóte avtorlarynyń biri, tiltanýshy Bijomart Qapalbek myrza).

Taǵy bir eleýli oqıǵa mádeni antropologtar Shanta Ishtvan men Shomfaı Qara Dáyittiń «Azıanyń júreginen kelgen hattar men fotosýretter» (Levelek és fényképek Ázsia szivéból) atty zertteý eńbeginiń tusaýkeseri boldy. «Antologıa» baspasyn shyqqan, sıasy keyip úlgermegen

eńbek jýyqta 92-shi márte ótken kitap jármeńkesinde usynyldy. Almashı Dórd 1900 jyly Jetisý boıyna jasaǵan sapar nátiyelerin «Azıa júregine saparym» atpen 1903 jyly jarıalaǵan edi. On alty sandyqqa júk bolǵan ekspedısia oljasyn murajai



Lakitekte qazaq kýrsyna qatysýshylardıń bir toby

qoryna tapsyrǵan atalmysh bekdada turanizm muratyna qyzmet etken. Qos zertteýshiniń eńbegi osy irgeli eńbektiń jalǵasy retinde, Almashıdyń 1906 jyly (ekinshi márte) Jetisý boıy men Qyrǵyz jerine saıahatynyń beımálim qyrlaryn saraptaýǵa arnalǵan. Taǵdyry áyırtpalyqqa tap bolǵan Almashı Avstriada Grasta 1933 jyly qaitqan soń II jıhangerlik soǵysta onyń murasy bombalaýdyń kesirinen quryp ketedi. Alaıda Shanta men Shomfaı Qaranyń shirek ǵasyr izdenýi arqasynda álemdik Orta Azıa zertteýge qundy mura qosyldy. Oǵan sebep bolǵan Venada qyzmet etken profesor Kóhalmı Katalın men Almashıdiń jieni Dómóreı Zıta eken. Jieni zertteýshilerge naǵashy atasynyń apasyna jazǵan sapar



kúndelikteri men fotoalbomyn syılaıdy. Almashı birge saıahattaǵan dosy tegi irlandıalyq Hýbertke syılaǵan fotoalbomy aman saqtalyp, keiin muragerleriniń qolyna tipti. Eńbek Orta Azıa zertteýi úshin qundy málimetterge toly. Tipti Almashıǵa arab jazýmen qazaq tilinde jazylǵan «Ashyq hat, buiryq hat» dep atalǵan qujatty jarıalalǵan.

Eńbekte «Manas» dastanyn keń tanytýy, saparynyń qyr-syry, fotosýretter týraly tarqata baıandalǵan. Qundy túpnusqa fotosýretterdiń bir parasy 2019-dyń mamyrynda Almaty qala tarihy murajaiynyń qabyrgasyna Almashıǵa eskertkish taqta ornаты saltanatyna oraı qazaq aýditoriasyna usynylǵan bolatyn.

Shanta men Shomfaıdyń zertteý eńbegimen qosa Almashıdiń eline erte kelgen kómekshisi qyrǵyz bozbalasy Berdikeuly Turǵanǵa arnalǵan derekti film Lakıtelek kýrsynda kópke usynyldy. 1892 jyly dúniege kelgen Qaraqolda túzdikterge arnalǵan mektepte oqyǵan bozbala Almashı religindegi saraıda eki jyl turǵan, balalaryna oryssa úretken, zertteýshige ekspedisıa materialyn óndeýge, «Manasty» aýdarýǵa kómektesken. Keingi taǵdyry belgisiz. Ony zertteý áli jalǵasýda...

ELSHİGE QURMET – ELGE QURMET

Qazaq kýrsynyń ujymy arıay kelgen tanysqan Elshi Jánibek Ábdirashovqa Anasynyń qazasyna baılanysty kónil aıtty. Mandokı Ońaısha men Shomfaı Dáyittiń qazaqsha úrengen shákirterti Jarasqan aqyn temirqazyǵyna balaǵan jary Názigúl

Nurǵalıqyzynyń arnalǵan «Kirmeshi jii túsime» ánin oryndady.

Jarasqan Ábdirash aqynnyń «Dala seniń ulyńmyn» poemasyndan úzindini majar jáne qazaq tilinde mánerlep oqydy. Tárjimasy jasaǵan qypshaq tekti aqyn Kórmendi Laiosh Mandokı Qońyrdyń járdemimen aýdarǵan (bul kúnde ekeýi de baqıda). Majarlardyń Eýropaǵa qonys aýdarýynyń 1100 jyldyǵyna oraı «A puszta fiai» (Dala ulandary) degen atpen 1996 jyly Karsag qalasynda shyqqan shaǵyn antologıada jarıalangan edi.

ATA-BABALARDY ULYQTAÝ MEIRAMY

Ózderin Eýrazıalyq salt atty kóshpelilerdiń zańdy murager sanaityn majarlar óz bolmysy men memlekettiligini saqtap qalý jolynda ony zertteý, ómirge kiriktirý, nasıhattaý isin dástúr retinde qalyptastyrǵan. Bul tendensıa, ásirese HH ǵasyrda kúsh alǵan, al jahandaný dáýirinde jańa sıpatqa ie boldy. Sonyń bir aıqyn mysaly, kóshpeliler mádenietine qatysty álemdegi eń iri etnomádeni festivál sanatyna engen ğun-túrki-majar Quryltaı eki jyl saıyn Majarstanda uıymdastyryly ekeninde daý joq. Ol Býgas ulttyq park aýmaǵynda ótedi. Mazmuny men sán saltanaty jyl saıyn artyp otyrǵan bul sharaǵa qyzyǵyshylar qatary óte mol. Eki Quryltaı arasynda «ata-babalarydy ulyqtaý» majarsha «Óóshók napıa» atty Quryltaıǵa parapar shara ótedi. Ol - álemdegi majarlardyń basyn qosatyn ulyq meiram.

Quryltaı men Babalarydy ulyqtaý sharası ien dalada, ulttyq park aýmaǵynda ótedi.



Оған жақын аýыл бирнесше шақырымдағы Бýгас, онда небáри úш мындай адам турady. Festivalға жналған журт óздеримен ala kelgen кииз úлерде жаиғасady. Qatarlasa боi түзеген инфрақурылымға qosылған oтаýлар qazaq аýылдарын eske салady. Aralарында qazaq, qyrғыz, túrkimen, noғai, tipti moңғol úleri түgil, majar кииз úleri (!) de bar.

Был 13-15 тамыз аралығында óткен шара аýқымы мен mazmuny жағынан бuryнғылардан асып түсти. Uзақqa созылған индет sheктеýinen кейin тумылдырықсыз, мамыражаи қалыпты сағынған журт aptapqa қарамастан жoidaқсыз kóp жinalды, áсirese kórshi elderden ағылды. Oған

qosa, Eýropadaғы túrkiler мен moңғol diasporasыnyн ókilderi kóp keldi.

ИЕН ДАЛАДАҒЫ ÚШ БИРДЕИ KÓРМЕ

Bul meiramda da Quryltaidaғы bastы sharalардын biri gyлым-практикалық конференсия boldы. Был да majar antropologiasы, archeogenetikасы мен kóне тарихна қатысты óзекти máseleлер talқылansa, «Attila ordасы» алыпkiizúide antropologialық kórme жаиғасты. «Madiar Turanmen» Ulттық жаратылстанý murajаймен бирlesken «Gúндar murасы және Arpad журты» archeologialық-antropologialық kórmesinde

gun jaýngeriniн саýт саиманынýн hám zergerlik buyмдарынýн таңгажаып r e k o n s t r ý k s i a c y n , ортағасыр kóshpelileriniн er-turmandарынýн ондаған түри qoiылды.

Ekinshi kórme «Babalar ordасы (Óóshók shatyra) atty кииз úide «Gúн, avar, majar, pechenek (majarsha beshenó)» - archeologialық және antropologialық quндылық usыnyлды. Ushinshisi - «Trianon shatyryнда» majar мемлекетiniн жүз жыл бурын bóлshektenip, Atajуртынан тысқары қалған қандастарынýн муһ-муратыннан habар беретin kórme.



Babalarды ulyqтай шарасынýн ashылý saltanatyнда sóz sóilegen Majarstанын mádeniet jónindegi мемлекеттик hatshy Fekete Piter, шараны uймдастырышы «Madiar Turan» qoryнýн prezidenti, antropolog Biro Andrash Jolt және шаранын bas jebeýshisi - Majar Parlamentiniн vise spikeri Lejak Shandor



ARPAD MAJARLARINYŃ SALTANATY

«Bul án buryngý ánnen ózgerek» (Shákerim qajysha aıtqanda) boldy, tyń tosın qyrlary jurtty eleń etkizdi. IH ǵasyrda Karpatqa sán saltanatymen kelip, ózgelerdi yǵystyryp, ornyǵyp memlekettiligín jalǵastyra bergén Arpad patsha bastaǵan majarlardyń kóship-qonystaný úrdisiniń bir sátin bebeleitin sherý (demonstrasiya) jasaýy kónilden shyqty.

Kóne úlgidegi kiim-keshekpen, qarý-jaraqpen myńdaǵan jannyń pańdana, mańǵaz jyljyp kele jatqan kórinis ótken zamandaǵy kóshpeliler rýhyn alyp kelgendei. Olar sáigúlikterin minip, eki jáne

tórt dońgalaqty arbalary men kúmelerin jetektep, kúme ústinde ornatqan shaǵyn kiiz otaýlaryn maqtana kórsetip kele jatty (bul rekonstrýksialardy jasaýda, «Madiar-Turan» qaýymdastyǵynyń vise-prezidenti, sáýletshi Varga Zoltan bastaǵan mamandar uzaq ter tókken eken).

Nebir sulý tulpar, jetektegenderi múiizi sala qulash dáy sıyr men bota men tailaǵyn ertken qos órkeshti jáne nar túieler (! muny Turan qaýymdastyǵynyń lideri Biro Andrash sirk pen zooparkteg arnaıy qolǵa túsirgen eken), múiizi shıyrylǵan, tulǵasy eshki ispetti raska koıyn aldına salyp ótken kórinis ózara úlesip, baǵzydaǵy kóshpeli babalardy eske saldy. Mine, sizge atababalardy ulyqtaý!



Sharada sherýdi bastap kele jatqan sardarlardy somdaǵan shabandoz, saıyskerler



«Bul sherýge 260-tan astam shabandoz jáne 600 jaiay sarbaz qatysty dedi», - «Madiar-Turan» qaýymdastygynyń baspasóz jetekshisi Biro Chaba. Sarbazdardyń qarý-jaraq pen kástómderi bir-birine uqsamaıtyn, alýan túrli, túpnusqanyń kóshirmesi nemese gylymı negizde jasalǵan rekonstrýksia. Mundaı saýyttyń salmaǵy onnan bastap 26 kg-ǵa deın jetedi deıdi qaýymdastyqtyń belsendisi Feher Iojeif.

MAJARLAR - SALT ATTY KÓSHPELILER URPAǴY

Qaı kezdegi toı, qazirgi úgymmen etnofestivalda oryn alǵan sharalar da umyt qalmaǵany belgili: tazy men baraqtyń, Aqalteke men Altyn tulparдың syny uıymdastyryldy. Tek uıymdastyrylyp qana qoıǵan joq, olar jarysta synaldy: Dástúrli sporttyq jarystar 2021 jyly da keńeıe tústi. Pushta Vágtá (saqaradaǵy at jarys) atpen kádimgi ushqyr báıge ótti, aralarynda birneshe shabandoz qyzdar báıge aldy. Alǵash ret shógennen, basqasha at ústinen polo oınaýdan birneshe top baq synady.

Taǵy bir qýantatyn kókpar keń qanat jaiyp kele jatqandyǵy qýantty. Buryńǵy Quryltaılarda nebári eki-úsh komanda qatyssa, bul joly alty komanda «Turan» kýbogy úshin kúsh synasty. Qypshaq kany oınaǵan Qumanıa óńiriniń «Pýstai roka», ıaǵni Qarsaq toby kýbokqa qosa qomaqty qarjyna enshiledi.

Dástúrli jaýyngerlik sadaq (at ústinen) tartýdan bólik jaiay alys qashyqtyqqa sadaq atýdan jarys ótti. Jeńimpazdar marapattaldy.

Taǵy bir tyń jarys - ererek men jetkinshek sanatyna bólingen bilimderin palýandar belbey kúresinen kúsh synasýy.

Jurty alańdatqan jarys - aýyr saýyt, dýlyǵyǵa qosat betti, saýsaqty qosa qorǵaıtyn jańse men betqorǵanysh kigen sarbazdardyń qylyshpen bir biriniń qalqanyn joıdaqsyz kúshpen soqqylap, jekpe- jekke shyǵýy.

Kúndiz festivalden alǵan áserin ashyq aspan astyndaqy tún qarańǵysynda kınótyyndyny kóre otyryp, rahatqa bólený ózgeshe aýan syılaǵany sharanyń jankúierleri qazaqtarǵa talasa jetkizip jatty. Sebebi qazaq kınogerleriniń tyń týyndysy «Tomırıs» filmin majar tilindegi sýbtıtrimen kórsetilýi kókpen syrlasyp, kónemen úlesken jandar úshin asa áserli bolǵany anyq. İri as nemese toılardaǵydaı majar gastronomiasy, jármeńke, as ta tók as mázirine tola dastarhan týraly sóz qozǵay artyq. Ońasha sahnadaǵy tolassyz bı men saz, án men jyr kóshpelilik saltanatyn beıverbaldy túrde asqaqtatyp turdy...

Bıylǵy sharada kóptiń esinde baqsynyń basqarıymen Táńir qosqan jup shabandoz Karadı Attila men etnograf Laiko Jeikeniń neke qıy saltanaty ózgeshe sıpatta, baıyrǵy rásimmen ótyi der edim. Olardy 2017 jylǵy Turandyqtardyń Qazaqstanǵa jasaǵan sapary ekendigi, kóshpeliler nazary túsken, kielı topyraқта toǵystyrǵanyn maqtana aıtqan jas jubailar alqaý men bataǵa keneldi.



КИІЗШІЛІК PEN JAQ TARTÝ - BÚGIN MAJAR MAQTANYSHY

HH ғасыр ортасында мажар санасында silkinis ákelgen, ári síretshi, ári archeolog Laslo Dúla majardyń baıyrǵy bolmysyn qazaqtarǵa uqsas sıpatta elestetken. Onyń qonys aýdarý kezeńindegi 50 cyzba rekonstrýksiasy - ultqa azyq bolǵan eńbek. Elde qazir kiiz basýshy júzdegen, al úi jasaýshy jıymadaı sheber bar desedi. Sonyń biri Hýber Ishtvan kezinde Gollıbýdtyqtarǵa (Marko Polo filmine arnap) 80 kiiz úi jasaǵan maman, osy joly majar kiiz úiin Turandyqtarǵa arnap ózgeshe jasaǵanyn aitady.

Al, kiiz uqsatýda majarlar ozyq. Munda «Kiiz stýdiasy» atty art festival 41-shi márte ótken sharaǵa kiizdiń uisi barmaityn Afrika men Latyn Amerikadan sheberler kelip úrenedi. Munyń negizin qalaǵan Vidak Ishtvan men jubayı Noıd Mariler isti qolǵa alýǵa Mandokı Qońyr men Ońaisha Maqsumqyzynyń atymen tikelei baılanysty ekendigin saǵyna eske alady. Kein Qońyr shákirterin jan-jaqqa attandyrdy. Eýrazia halyqtaryndaǵy kiizshilik ónerin jan jaqty zerttegen majarlar ony zamanaýı tehnologiamen úlestirip, noý haýdy álemge taratyp júr, Orta Azia elderi men qazaqtarǵa kelip, kiizdiń qyr-syryn úretip ketedi. Sonyń biri Majar Óner Akademiasynyń

akademıgi Vetro Mihai sońgy tórt jylda. Eýrazialyqtardyń jáne kóshpelilerdiń kiizshilik óneri týraly úsh birdei tamasha týyndyny baspadan shyǵardy.

Jaқ (sadaq) tartý búgin majarlardyń brendi. Elde sadaq jasaıtyn onshaqty sheberhana bar, árıne zamanaýı tehnologiamen organıkalyq pastadan jasalady. Sadaq atýdy úiretý, fıızıkalyq, psıhologıalyq daıyndyqtan ótý úshin Gınnestiń áldeneshe rekordyna engen Kashshai Lajoshtyń sadaqty at ústinen jáne jaiay tartý, saıysý salasynda jeke avtorlyq ádistemesi men franchaızy álemdedi ozyq, biregeı

Pandemia bolsyn, meili beıbit kezeń bolsyn majarlar kóshpeli rýhyn bir sát te umyt qaldyrmaityndyǵyn, uday jadynda tutyp, áspetteitindiginiń aıqyn kýási eki sharada ǵana osylaı kórinis tapqanynyń qysqasha baıany osyndaı. El elde jylyna júzdegen iri, myńdaǵan lokaldyq festival ótip turatynyn, oǵan qosa aýyl (derevnáǵa) týrizmi myqtap jolǵa qoıylǵandyǵyn eskersek, salt atty kóshpeliler mádenieti jete nasıhattalyp jatqanyn bajailay qıyn emes...

Maqalalǵa ilústrasialar usynǵan Qazaqstannyń Majarstandaǵy Elshiliginiń baspasóz qyzmeti jáne Madiar Turan qaýymdastyǵynyń baspasóz qyzmetine alǵys bildiremiz (Redaksia alqasy)



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



Заңғар Еркебекұлы

1996 жылы Баян-Өлгий аймағы, Қызыл-қайың өлкесінде дүниеге келген. Термеші, ақын. Халықаралық «Дін және Тәуелсіздік» мүшәйрасының жүлдегері. Өлеңдері моңғол, қырғыз тіліне аударылып, халықаралық басылымдарда жарияланған. 2012-2019 жылдардағы халықаралық жыр-терме сайыстарының бас жүлдегері, Моңғолияның «Дарынды» медалінің иегері.

Көз жас...

Ай-ару жылады...
Жасын сұртті ақ мамық бұлттармен!
Әлемнің көзімен тамшы мұң құлады...
Жұбатып,
Ұсынсам ақ шарап ұрттар ма ең?!...

Еңкілдеп қосыла,
Бетінен өбеді, шайырдың өлеңі!
Қасірет, қайғысын,
Ақ жаңбыр тілімен, тілімдеп төгеді.....

Ыңырсып,
Дүние
Зілдей мұң, сөзге ащы!
Егілген, жаңбыр емес
Мұңнан күйреген,
Ай-Қыздың көз жасы!...

Сәби кештің періште көбелегі.....

Балалығым,
Қыр астында алыстап барады үнің.
Ала-құла көңілім алабұрттып,
Ауыр ойлы жүзімен қарады күн!

Тәтті-шағым,
Жанға пана көрмейтін жат құшағын.
Бура бұлттар манғанда тау сағалап,
Бұлдырап кетті сағым!

Қатпар ойлы,
Тұманды қалада кір...
Қаңыраған ішімде қора жатыр!
Қарт,
Білеуде алдырған бала күнгі,
Сүгіретім ескіріп бара жатыр.....



Қиял ойдың,
Жаңбыры себеледі.
Көктем жыры бүр жарып көгереді.
Шамдарынан ұшып жүр көше жақтың,
Сәби кештің періште көбелегі!

Мен

Мен,
Сонау таудың қиясындағы,
Қырдағы көңнің иісімін.
Қоңыр әуеннің қылындағы,
Қоңыр күйшімін!

Жалантөс баһадүрлердің,
Жалына жармасқан асау күндердің...!
Ғаламшар қарашығында,
«Қандас» боп аталған елмін!

Тәуба,
Бауырым бүтін, бас аман!
Түз тағысының иесі, Менмін!
Балбал тастарға қаламұш жырын
қашаған!

Алтаймын, әлемге аңызбын...

Алтайдан асып, ару күн қиыла қарап
барады...
Қалдырғандай қимасын!
Әуезді әуен сыңсытып, әлемді сүйген
жанары,

Мен, Құдайды сүйемін,
Ішіме өлең сыйғасын...
Қауыста борап қара-жел,көрмеген
пенде қаймығып,
Муза-жыр,оттан шарпытып!
Төбемде тұрар әліде,Тәңірім қалап Ай-
Күліп....
Ғаламға шашам нұрымды,
«Жұмақтың иісін анқытып»....

Әманда туғам, Бек, Асыл Алтаймын
әлемге аңызбын...
Турадан туған достанмын.
Қылыштан қанды-жыр тамыздым..
Қаһарын төккен,Қасына
Ақ боз атты, Оспанмын.!

Аңсау..

О, Дүние, әкеттің қайда,
Қолаң шаш, құралайымды?!
Адастырдың ба
Сәуле боп, тұрар Айымды?!

Тастан да қатты тағдыр-ай, шіркін..
Миымды аулап ескі мұң!
Жасқанып,жүрек, жабырқап көңіл.
Қалмады жоқтар ешкімім!

Сағыныш жыры үздігіп іште,
Сарғая күтіп мен қалдым.
Ұшында тұрмын, Күзді күмістеп...
Саған апарар жолдардың.



Әуен

Түнгі әуен сыңсиды,
Бұзады қаланың тынышын.
Қолымнан уақыт сусиды,
Күтке сәт құрысын!

Жел неге көшеден жериді,
Ал, оған билейді ай көктен.
Әлде кім, әлде не ериді,
Қыраукөз әйнектен!

Көк Тәңір - әуені,
Көңілдің құсы да шалқыған.
Өзімді жұбаттым әуелі,
Ауада қанатсыз қалқыған!

Көктем

Жылы жүректе,
Мейірім нұры шағылысып.
Жусандай бүрлеген тағдырлар,
Иісі аңқып.

Жалғыз гүл,
Терезе алдында қаузаған.
Көкірек ішінде,
Оянған муза әні...

Мен және ғашығым,
Сүйгізді маңдайын.
Ұйықтадым,
Көктемді құшақтап!

Сезім қылы өлгенмен....

Кездесе алмай, сағатымнан кешігіп
Қиын екен бақ деген,
Алаңдастам, жаным мені кеш, ұмыт
Қапы, қалдым әттеген.

Тілейтінім, бұл әлемде саған бақ....
Соңғы жазған хат осы.
Келмейтінін телефонмен қабарлап,
Жабық тұрды сезімнің кафесі.

Көшедегі ғашықтарға қызығып,
Ауыр бұлт боп, төнді өлең...
Кеткенімен сезім қылы үзіліп,
Ал, екен ғой жүрегіміз өлмеген!



ZAŃĜAR ERKEBEKULY

1996 jyly Baian-Ólgi aimaғы, Qyzyl-qaiyń ólkesinde dúniege kelgen. Termeshi, aqyn. Halyqaralyq «Din jáne Táýelsizdik» múshátrasynyń júldegeri. Óleńderi mońgol, qyrǵyz tiline áydarylyp, halyqaralyq basylymdarda jarialanǵan. 2012-2019 jyldardaǵy halyqaralyq jyr-terme saıystarynyń bas júldegeri, Mońǵolıanyń «Daryndy» medaliniń iegeri.

Kóz jas...

A1-arý jylady...
Jasyn súrtti aq mamyq bulttarmen!
Álemniń kózimen tamshy muń qulady...
Jubatyp,
Usynsam aq sharap urttar ma eń?!...

Eńkildep qosyla,
Betinen óbedi,shayırdyń óleńi!
Qasiret, qaiǵysyn,
Aq jańbyr tilimen, tilimdep tógedi.....

Yńyrsyp,
Dúnie
Zildeı muń, sózge ashshy!
Egılgen, jańbyr emes
Muńnan kúiregen,
A1-Qyzdyń kóz jasy!...

Sábı keshtiń perishte kóbelegi.....

Balalyǵym,
Qyr astynda alystap barady úniń.
Ala-qula kónilim alaburtyp,
Áyır oıly júzimen qarady kún!

Tátti-shaǵym,
Janǵa pana kórmetin jat qushaǵyn.
Býra bulhtar manganda taý saǵalap,
Buldyrap ketti saǵym!

Qatpar oıly,
Tumandy qalada kir...
Qańyraǵan ishimde qora jatyr!
Qart,
Bileýde aldyrǵan bala kúngi,
Súgiretim eskirip bara jatyr.....

Qıal oıdyń,
Jańbyry sebeledi.
Kóktem jyry búr jaryp kógeredi.
Shamdarynan ushyp júz kóshe jaqtyń,
Sábı keshtiń perishte kóbelegi!

Men

Men,
Sonaý taýdyń qıasyndaǵy,
Qyrdaǵy kónniń iisimin.
Qońyr áyenniń qylyndaǵy,
Qońyr kúshimin!



Jalańtós bahadúrlerdiń,
Jalyna jarmasqan asaý kúnderdiń...!
Ǵalamshar qarashyǵynda,
«Qandas» bop atalǵan elmin!

Táýba,
Baýyrym bútin, bas aman!
Túz taǵysynyń iesi, Menmin!
Balbal tastarǵa qalamush jyryn qashaǵan!

Altamyn, álemge ańyzbyn...

Altaıdan asyp, arý kún qıyla qarap
barady...
Qaldyrǵandaı qımasyn!
Áyezdi áyen syńsytyp, álemdi súıgen
janary,
Men, Qudaıdy súıemin,
İshime óleń syıǵasyn...

Qaýysta borap qara-jel, kórmegen pende
qaimyǵyp,
Mýza-jyr, ottan sharpytyp!
Tóbemde turar álide, Táńirim qalap Aı-
Kúlip...
Ǵalamǵa shasham nurymdy,
«Jumaqtyń iisin anqytyp»...

Ámanda týǵam, Bek, Asyl Altamyn
álemge ańyzbyn...
Týradan týǵan dostanmyn.
Qylyshstan qandy-jyr tamyzdym..
Qaharyn tókken, Qasyna
Aq boz atty, Ospanmyn.!

Ańsaý..

O, Dúnie, áketiń qaıda,
Qolań shash, quralaıymdy?!
Adastyrdyń ba
Sáýle bop, turar Aıymdy?!

Tastan da qatty taǵdyr-aı, shirkin..
Mıymdy aýlap eski muń!
Jasqanyp, júrek, jabyrqap kónil.
Qalmady joqtar eshkimim!

Saǵynysh jyry úzdigip ishte,
Sargáıa kútip men qaldym.
Ushynda turmyn, Kúzdi kúmiste...
Saǵan aparar joldardyń.

Áyen

Túngi áyen syńsıdy,
Buzady qalanyń tynyshyn.
Qolymnan ýaqyt sýsıdy,
Kútke sát qurysyn!

Jel nege kósheden jerıdi,
Al, oǵan bileıdi aı kókten.
Álde kim, álde ne erıdi,
Qyraýkóz ámekten!

Kók Táńir - áyeni,
Kónildiń qusy da shalqyǵan.
Ózimdi jubattym áyeli,
Aýada qanatsyz qalqyǵan!



Kókteм

Jyly júrekte,
Meirim nury shaǵylysyр.
Jýsandaı búrlegen taǵdyрlar,
Iisi ańqyp.

Jalǵyz gúl,
Tereze aldynda qaýzaǵan.
Kókirek ishinde,
Oıańǵan mýza áni...

Men jáne ǵashyǵym,
Súgizdi mańdaıyn.
Uıyqtadym,
Kóktemdi qushaqtap!

Sezim qyly ólgenmen....

Kezdese almaı, saǵatymnan keshigip
Qıyn eken baq degen,
Alańdastam, janym meni kesh, umyt
Qapı, qaldym áttegen.

Tiletinim, bul álemde saǵan baq....
Sońgy jazǵan hat osy.
Kelmetinin telefonmen qabarlap,
Jabyq turdy sezimniń kafesi.

Kóshedegi ǵashyqtarǵa qyzyǵyp,
Aıyr bult bop,tóndi óleń...
Ketkenimen sezim qyly úzilip,
Al,eken ǵoi júregimiz ólmegen!



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ



ӘЗІБАЕВА БАҚЫТЖАН УӘЛИҚЫЗЫ

*Филология ғылымдарының
докторы*

Ы.АЛТЫНСАРИН – ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ

Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, тұңғыш педагог әрі қазақ педагогика ғылымының іргетасын қалаушы, фольклортанушы, этнолог, жаңа заман қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, аудармашы, халқымыздың қоғамдық, мәдени өмірінде елеулі рөл атқарған, «қазақ мәдениетінің зор қайраткері» (М.О.Әуезов), ел тарихы мен отандық ғылым тарихында есімі құрметпен аталатын озық ойлы, демократиялық ұстанымдағы тұлға.

Ы. Алтынсарин бүкіл саналы ғұмырын туған халқына қызмет етуге бағыштады. Кез келген этностың болашағы/тағдыры жасөспірім, өсіп келе жатқан ұрпақтың білімі, санасы, тәрбиесі, мәдени, рұхани, интеллектуалды әлеуетімен тығыз байланысты екенін жақсы білген ұлтжанды Ыбырай елімізде ағарту

жұмыстарын белсенді түрде жүргізді, осы жолда қажырлы еңбек сіңірді: мектептер ашты, балаларды оқуға баулу мақсатымен ата-аналар арасында үгіт-насихат жүргізді, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды, педагог кадрларын тағайындады, оларға ғылыми-методикалық көмек, кеңес беруге шаршамады, т.б.


Сондай-ақ Ы. Алтынсарин халықтың дәстүрлі мәдениеті – ғасырлар бойы жасалған, халықтың табиғаты мен болмысын, рухын, ішкі жан-дүниесін, көп ғасырлық тарихын, салт-санасын, дәстүрін, этнографиялық ерекшеліктерін, менталитетін танытатын баға жетпес құндылық екенін, бүгінгі терминдермен айтқанда этностың мәдени коды екенін терең сезінді, халықтың дәстүрлі мәдениеті туралы өзіндік ғылыми концепциясын



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

қалыптастырды. Басқаша айтқанда ғалым ағартушылық, ұстаздық және қоғамдық істерімен қатар дәстүрлі мәдениетке, атап айтқанда, халық ауыз әдебиетіне, халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына, шаруашылығы мен діни көзқарастарына айрықша көңіл бөлді, фактологиялық материал жинады, зерттеді, аталған мәселелерге арналған ғылыми еңбектер жазды.

Бірінші, Ы.Алтынсарин фольклорлық материалдарды айтушы, орындаушылардан жазып алып, үлгергенінше жариялап отырды. Оның бірнеше жыл материал жинап,



оларды сұрыптап, жинақ форматында құрастырып, 1879 жылы жарыққа шығарған «Қазақ хрестоматиясының» негізін фольклор үлгілері құрайды. Осы жинаққа жазған «Сөз басы» деп берілген шағын кіріспеде автор былай дейді: «Қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды. Оның ой-пікірі еркін. Оның келешегі үшін оған тек

сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр». Әрі қарай осы жинаққа материал жинақтау, оны құрастырудағы негізгі ұстанымдарын автор былай көрсетеді: «Ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім. Екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім».

Алтынсарин фольклордың тақырып пен сюжет, мотивтері мен персонаждар жүйесін пайдалана отырып жалпыадамзаттық гуманистік идеал, құндылықтарды насихаттады; жеке шығармашылығында да кең түрде пайдаланды, оның жазған шығармаларының басым көпшілігінің сюжеттері фольклордан алынғаны белгілі. Ғалымның фольклорлық сюжеттерге жазған шығармалары – қазақ жазба әдебиетіндегі алғашқы фольклоризмнің үлгісі болып табылады; бұл шығармалар жазба әдебиеттің қайнар көзі, бастауы – фольклор деп ғылымда мойындалған ақиқаттың дәлелі.

Фольклорды ағартушылық, ұстаздық мақсатында пайдаланған Ы.Алтынсарин оның тәрбиелік, ақпараттық, дүниетанымдық, көркемдік-эстетикалық құндылығын жоғары бағалады, оның халықтың тарихын, мәдениеті мен



болмысын түсініп тануда, сондай-ақ халықтың ертеңі үшін баға жетпес руханият екенін жақсы білді.

Екінші, Ы.Алтынсарин қазақ этнографиясына арналған «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор қазақтарының өлген адамды жерлеу, оған ас беру дәстүрінің очеркі» атты еңбектерін 1867 жылы жазды. 1868 жылы жаңа ашылған Орыс



географиялық қоғамның Орынбор бөлімшесінің сол жылдың 28 наурызында өткен мәжілісінде Ы.Алтынсарин осы еңбектерінің негізінде баяндама жасады. Бұл «Баяндама жұрт көңілінен шығып, ұнамды бағасын алды» – дейді ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылығын ұзақ жылдар зерттеген ғалым Ә.Дербісәлин. 1874 жылы Ы.Алтынсарин Орыс географиялық қоғамның қызметкер-мүшесі болып сайланды. Бұл

Ы.Алтынсариннің өлкетанулық, ағартушылық, ұстаздық қызметін, этнографиялық салалар бойынша жасаған жұмыстарын бағалаудың бір көрінісі.

Ы.Алтынсариннен бұрын да бұл тақырыптар XVIII ғасырда жарық көрген бірнеше еңбектерде қарастырылғаны белгілі. Мысалы, Н.П.Рычковтың 1772 ж. жарық көрген «Капитан жазбалары» атты еңбегінде, П.С.Палластың 1773 ж. жарияланған «Путешествие по разным провинциям Российской империи (известие о киргизцах)» деген еңбегінде, И.Георгидің «Описание всех в Российском государстве обитающих народов» деп аталатын 1776 ж. баспа бетін көрген еңбегінде, А.И.Левшиннің 1832 ж. «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты кітабында т.б. қазақтың үйлену, өлік жөнелту салттары туралы көптеген деректер, оларға қатысты рәсімдерді әңгімелейтін баяндаулар көптеп кездеседі. Бірақ Ы.Алтынсариннің еңбектері ғылым үшін аса құнды, олар жүйелілігімен, тиянақтылығымен, тақырыпты жетік меңгеріп, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне сараптамалық талдау жасауымен ерекше.

Мысалы, Ы.Алтынсарин үйлену ғұрып-салттарын зерделеу барысында төмендегідей мәселелерге ерекше мән беріп, былай қорытындылайды: 1) баласын үйлендіру ата-ана үшін үлкен



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

қуаныш; 2) қазақтар ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқанда екінші жақтың өзімен теңдес болғанын қош көреді; 3) ұлды кімге үйлендіріп, қызды кімге ұзатуды ата-анасы шешеді, яғни ұл мен қыздың талап, тілегі ескерілмейді; 4) көп жағдайда ата-аналар ұлына қалыңдық, қызына күйеу таңдағанда достық, жақындықты нығайту мәселесін көздейді; 5) қазақтар жеті атаға дейін қыз алыспайды.

Ы.Алтынсарин алғашқылардың бірі болып жеті атаға дейін қыз алыспау салтына көңіл бөлді. Жақын туыстардың немесе бір рудың мүшелерінің бір-бірімен некелесуіне тиым салатын мұндай тәртіп алғашқы қауымдық құрылыс кезінен белгілі және әлі күнге дейін көптеген этностарда сақталып келеді. Бұл тәртіпті «экзогамия» деп атаған шотланд ғалымы Дж. Мак-Леннан, бұл терминді «эндогамия» терминімен бірге ғылыми айналымға 1864 ж. енгізген.

Ы.Алтынсарин алыстан, басқа рудан қыз алу тәртібін руаралық қарым-қатынастарды реттеу, ру, тайпалық бірлестіктерді нығайту мақсатынан пайда болған әрі бұл тәртіпті орнатқан Есім хан дейді.

Бұл – байырғы замандарда қалыптасқан, бірақ уақыт өте тарихи-әлеуметтік негіздері ұмыт болған қатал тәртіпке кейінгі ұрпақтардың берген түсініктеме, интерпретациясы.

Шындығында, көрнекті америкалық ғалым Л.Г. Морган дәлелдегендей экзогамия мен эндогамияның түп

тамыры көнедегі аналық-құқықтық қоғамда жатыр. Ол кездегі туыстық қатынас анадан таралатындықтан бір рудың ішінде өзара некелесуге қатаң тиым салынған. Яғни, бірнеше рудан құрылған тайпаның ішінен қыз таңдауға рұқсат болғанымен, бір рудан қыз алып, қыз берісуге тиым салынған.

Осы мақаласында Ы.Алтынсарин халқымыздың тағы бір салтына назар аударады, ол – әменгерлік салты (институт аменгерства, левират). Жесір қалған әйел көп жағдайда тауқымет тартатындықтан демократ, ағартушы Ы.Алтынсарин бұл салтты әйелдің тағдыры тұрғысынан қарастырады. Ал шындығында бұл салт бала әкесінің отбасына тиесілі болып табылатын патриархалдық әулет заңдары мен қағидаттарынан туған. Сонымен қатар, бұл ретте, отбасы қарайтын рудың мүлкін сақтау принципі мен әйелді рудың бір мүшесі, сондай-ақ қалың беріп алынған жеке меншігі деп санайтын ұстаным да аса маңызды болды. Демек, әу баста әйелді мұқату, жесір қалған әйелді зорлықпен екінші күйеуге беру мақсаты арнайы көзделмеген.

Басқаша айтқанда, жеті атаға дейін қыз алмау дәстүрінің де, әменгерліктің де негізін байырғы замандарда шынайы өмірде болған патриархалды қоғамның тәртіп, заңдары, яғни тарихи шындық құрайды.

Үшінші, Ы.Алтынсариннің 1877 ж. жазылған «Об орошаемом земледелии в Тургайской области» атты еңбегі



осы саланы жан-жақты зерттеудің нәтижесінде жазылған. Автор суармалы жер өңдеу жүйесін, еңбек құралдарын сипаттай келе «Хлебопашцы составляют исключительно из бедных киргизов, кои по бедности не в состоянии кочевать и остаются на все лето близ зимовых стоибищ» – дейді. Дегенмен қазақ жерінде егіншіліктің тарихы ерте замандардан басталатыны, біздің арғы ата-бабаларымыз суару жүйесін жақсы білгені Ш.Ш.Уәлихановтың жазбаларынан, сондай-ақ кейінгі кездердегі археологиялық қазба жұмыстарынан белгілі болып отыр. Бұл еңбектерін Ы.Алтынсарин орыс тілде жазды, себебі автор қазақ туралы материалдардың кең ғылыми айналысқа еңгізуді мақсат етті.

Төртінші, Ы.Алтынсарин 1884 ж. «Мұсылмандықтың тұтқасы» (Шариат-ул-Ислам) атты еңбегін жазып баспаға шығарды. Өзі көрсеткендей, автор

бұл еңбегін «Қазақ жастарының діни ұғымдар туралы жалған бағыт алуын мүмкіндігінше болдырмау үшін» жазған. Кітапта автор Алла Тағаланы «теңдесі жоқ, ұқсастығы жоқ кәмил жаратушы» деп сипаттай келіп, әрі қарай ақылдың маңызын айтады, қоршаған ортаны, Алла жаратқан ғажап әлемді адам баласы ақылмен танып, қажетіне жаратқанын сөз етеді. Демек, бұл еңбегінде де ғалым ағартушылық принциптеріне берік.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз етілген Ы.Алтынсариннің еңбектері халқымыздың өмір салты, әдет-ғұрыптары, шаруашылығы мен фольклоры туралы мол мәлімет-деректер беріп, өткенімізді біліп тануға зор үлесін қосты. Бұл тұрғыда оны отандық фольклортану мен этнология ғылымдарының бастауында тұрған Ш.Ш.Уәлихановтан кейінгі екінші тұлға деп атауға толық негіз бар.

Ұлы ағартушы, қазақтың тұңғыш педагогы, ғалым, сөз зергері, озық ойлы, ұлтжанды Ы.Алтынсарин кезінде былай деп жазған екен: «Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасының келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз». Ұлы бабамыздың бұл сөздері бүгін де актуальды.



2017 жылы бой көтерген Ыбырай кесенесі





ҚАПАЛБЕК БИЖОМАРТ СЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

*Филология ғылымдарының
кандидаты «Мемлекеттік тілді
дамыту» институтының
атқарушы директоры
«Туған тіл» альманахының
бас редакторының
орынбасары*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «ӘЛІППЕСІ»

Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетіне «Бастауыш мектеп» деген мақала жазады. Онда ұлт ұстазы «Бүгінгі қос бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің қатарынан табылмайтын мектептер. Біреуінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды қажет қылғандықтан жаман да болса, жоғынан бары артық деумен жасалып отырған іс. Екіншісінде, яғни орыс тілді школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ есесіне оның пайдасы аз. Олардың пайдасын азайтып отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып орыс әрпін алдырамыз дейді. Сондықтан әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс

тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да орыс әрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұл еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді. Өткен он төртінші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген». Байқап отырғанымыздай Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласындағы сол кездегі жағдайды, ондағы оқытудың екі жүйесін, олардың пайдасы мен зиянын керемет сұңғылалығымен талдап береді.

Осы күні кей ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлына ағартушы деген баға береді. Ахмет Байтұрсынұлы оқу керек, сауаттану керек деп өлең



жазумен, насихатпен ғана шектелген тек ағартушы емес екендігі анық. Әбіш Кекілбаев: «Иә, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес». Ахмет Байтұрсынұлы өзі мектепте он төрт жыл сабақ берген. Сол тәжірибесінің негізінде бастауыш білімнің бастауы әліппе оқулығын жазған. Тек халықты ағартумен ғана емес, оқуға не керек екендігін біліп жасап та берген ұлы реформатор.

Ұлт ұстазы әліппе баланы оқу мен жазуға үйретеді деп, Әліппенің мақсатын айқындап берген. Оның мақсаты хат таныту, жазуға үйрету және жазылған сөзді оқуға үйрету болып табылады. Сондықтан Әліппенің сөздік қоры өте шектеулі болады. Бала сөйлеп тұрғанымен оқу мен жазу дағдысы өте баяу қалыптасады, мәнерлеп оқып, жүгіртіп жазып кету үшін ол әбден дағдылануы керек. Бізге оған өзге елдегідей көп уақыт керек емес, Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқитын ағылшындарға немесе әр суреті жеке-жеке мәні бар сөз болып табылатын қытайларға хат тану үшін

көп уақыт керек. Мына іргедегі орыстың өзінде шарттылық көп. Мәселен, алты дауысты дыбысы қай дауыссыздың қасында тұруына қарай 48 түрге енеді. Ал, қазақ тіліндегі $9+19=28$ дыбыс қайда тұрса да сол дыбысталу күйін сақтап тұрады. Сол себептен біздің баланың сауат ашуы тез, оңай. Хат тануға Ақаңның Әліппесімен төрт-ақ апта керек болған. Қазіргі 42 таңбадан тұратын орыс-қазақ әліпбиімен оған көбірек уақыт керек болар. Жаңа жылға шейін бұрынғыдай Әліппені аяқтайды ғой. Ал қазіргі «Сауат ашуда» түбін тексермей, әріппен танысуды наурызға шейін созып отырмыз.

Әліппенің ішіндегі мәтіндер өте қарапайым, (Ата ат тағала, Айдос доп ал және т.б.), 5-6 жастағы баланың өзінің табиғи сөздік қоры бұдан әлде қайда бай. Зерттеушілер монотілді (тілі бір тілде, ана тілінде шыққан) баланың сөздік қоры шамамен 5000 сөзді құрайтындығын айтады. Бұл дәлелденген тұжырым. Сондықтан бірінші жартыжылдықта тек хат танытамыз деп, баланың сөйлеу дағдысын екі тоқсан бойы тежеп қоюға болмайды. Бірінші тоқсанда әлі оқый алмайтын бала сабақты Әліппемен қатар, тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы жүргізіп отыруы керек. Ана тілінің мақсаты оқушының сөйлеу дағдысын жетілдіру, дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Яғни, Әліппе баланы оқу мен жазуға дағдыландырса, Ана тілі оның





КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

сөйлеу дағдыларын әрі қарай жетілдіріп, шыңдай түседі. Мақсаты бөлек екі пән бөлек-бөлек оқытылуы керек.

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше әліппе шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық. Бірақ біз төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеніз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар, кешенді дүние жасай алмадық.

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (listening, reading, writing, speaking) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады.


Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дейді. Ахмет тіл үйретуді келесідей топтарға ажыратады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету;

3) айтылым – сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша және ауызша тілдің ара-жігі ажыратыла бермейді. Білім алушылар әріп пен дыбысты айыра алмай, бір сөйлеу барысында сөздерді жазба түріндегі қалпы бойынша айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында ғалымның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп те отырған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?




Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін сатылап көрсеткен.





**ОМАРОВА АЯГУЛ
ДАНИЯРҚЫЗЫ**
*Гуманитарлық ғылымдар
магистрі*

«ӘЛІПPE» ҚАЙТА ОРАЛДЫ



Біз бүгін өзге жұрттан үлгі алуға немесе көзсіз көшіруге әлі күнге дейін әуеспіз. Бірақ бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғандығынан көбіміз хабарсызбыз. Иә, бізде ұлы реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау

алатын әліппенің өз тарихы бар. Ақан 1926 жылғы Бакудегі жиыннан кейін: «Біздің 10-ыншы жылдары шығарып ескі қоймаға тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас-талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» - деген еді және өзі айтқандай, қазақтың дыбыс жүйесін тәртіптеген алғашқы Әліппесі Орынборда 1912 жылы шығып еді. Бұл әліппелер толықтырылып, түзетіліп 30-жылдарға шейін Орынборда, Ташкентте, Қызылордада 10 шақты рет қайта-қайта басылып тұрды.

Осы уақытқа шейін қырық түрлі Әліппе шықты. Бірақ біз бәрібір Ахметтің Әліппесіне қайта оралып, соның ізімен оқытуға кірісіп жатырмыз.

2021 жылдың 1 қыркүйек күні Қазақстанның 1-сынып оқушыларының қолына А. Байтұрсынұлы әдістемесі негізінде әзірленген «Жаңа Әліппе» тиді.

Қазіргі әліппеде ұлт ұстазының кітабында ұстанған дыбыстық әдіс идеясы бар. Ондағы әріптердің орналасуы оңайдан қиынға бағытталған. Енді балалар сөйлем құрауды оңай игере алуы тиіс.

«Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оңтайлылықпен әліппенің қысқа мерзімде игерілетін тәртібі басшылыққа алынды. Бағдарламада осындай идеялар тұжырылымдаған соң, орталыққа 5 баспалық нұсқалар келді. Біз өткен жылдың қарашасы мен

биылғы сәуір аралығында осы жұмысқа сараптама жүргізгенбіз», – дейді Білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Елдос Нұрланов.

Жаңартылған әліппеде заманауи технология да ескерілген. Оқулықтың әр бетінде QR-код бар. Оны сканерлеп, аудиожазбалар тыңдауға да мүмкіндік бар. Тіпті тапсырмалар да жалпылама берілмей, оқушыға қосымша ретінде арнайы дискте ұсынылады.

«Жұрт шулап, қазақ мектебінің ұлттық негізін 3-4 жыл іздеді. Әліппенің оралуы мен үшін жақсылық нышаны. Білім саласына ұлттық иістің оралуы деп ойлаймын. Білім саласында ұлттық тәрбие мен ұлттық менталитет өзегі болмаса, біз ешқашан ұлттық мемлекет



болмаймыз», – дейді Нұр-Сұлтан қаласы №90 мектеп-гимназиясының директоры Аятжан Ахметжан.

Жаңа оқулықтағы әріптердің реті өзгерген. Алғашқы «А» әрпінен кейін кезек бұрынғыдай «Б»-ға емес, «Р» әрпіне тиеді. Себебі Ахмет Байтұрсынұлы балаға әуелі «Ар» сөзін үйрету маңызды деген.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі жасаған құралдармен сабақ берудің жолын да анық көрсеткен. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнелікті



қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген. Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек дейді ұстаз.

Қазір өте көп айтылып жүрген Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы А.Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек дейді.

Әліппе оралды, бірақ оралған «Әліппе» Ақандікі ме, оны уақыт көрсетеді.

АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



150 ЖЫЛ



ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЛЕГІ ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРАЛДЫ

Тарихи Отанға оралу

2021 жылы 9 қыркүйек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Ауғанстан еліндегі қандастарымыз атажұртқа табан тіреді.

Игілікті іс-шараны Сыртқы істер министрлігі, ҚР-ның Кабулдағы елшілігі мен «Отандастар қоры» КЕАҚ бірлесіп ұйымдастырды. «Әр қазақ менің жалғызым» дегендей қандастардың елге келуіне барлық азаматтар қолдау білдірді.

«Өздеріңіз білетіндей «Отандастар қоры» КЕАҚ жанынан құрылған Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы 1200-ге жуық Ауғанстанда тұратын қандастарымыздың тізімін жасады. Аталған тізімге, бұрынғы ауған елінен көшіп келген және сол жақта тұратын қандастар мен Байланыс орталығына хабарласқан азаматтар енді. Тізім Сыртқы істер министрлігінде жинақталып, одан әрі Кабул қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігіне жіберілді. Туындаған күрделі мәселелерді оңтайлы шешу мақсатында Елшілікте арнайы комиссия құрылып, жүйелі жұмыс жүргізуде. Бүгінгі күні 35 қандасымыздың қазақ екені дәлелденіп, комиссиядан құжаттары реттеліп, тарихи отанына аман-есен жетіп отыр.

Қандастарымызды Алматы әуежайынан Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар қоры» КЕАҚ қызметкерлері күтіп алды», – дейді «Отандастар қоры» КЕАҚ вице-президенті Мағауия Сарбасов.

Қажымұхан Мұңайтпасовтың туғанына 150 жыл!

15 қыркүйек күні Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Отандастар қоры» КЕАҚ және Ақмола әкімдігі бірлесіп ұйымдастыруымен «Қазақты әлемге танытқан Қажымұқан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы өтті.

Аталған ғылыми-тәжірибелік конференцияға Мәдениет және спорт министрлігі, мемлекеттік грек-рим күрес федерациясының басшылары, балуанның туыстары, шәкірттері, ғалым-профессорлар, Еуропа, Түркия, Моңғолия, Иран, Қытай мемлекеттерінен арнайы өкілдер мен өзге де азаматтар қатысты.

Конференция аясында «Қазақ спорт тарихындағы Қажымұқанның орны», «Балуанның жеңістері мен жетістіктері және бүгінгі күн», «Ұрпақ бойына батыр рухын сіңіру: парыз бен қарыз» мәселелері талқыға салынды.



ЖАҢАЛЫҚТАР



Атажұртқа оралған бауырларымыз 20 қыркүйек сағат 16.00-де Нұр-Сұлтан қаласына Маңғыстау – Нұр-Сұлтан Нұрлы Жол бағытындағы пойызбен келді. Қандастарымызды күтіп алу іс-шарасы ұйымдастырылып, алыстан келген ағайынға Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлеріне экскурсия өткізіліп, арнайы ас берілді.

ҮЛКЕН КӨШТІҢ БАСТАУЫ...

2021 жылғы 14 қыркүйекте 16:00-де Қазақстанға қоныс аударушылардың алғашқы легі келді. Жиыны 13 адам (3 отбасы). Қандастарымызды «Отандастар қоры» КЕАҚ өкілдері күтіп алып, Солтүстік Қазақстан облысына шығарып салды.

Сондай-ақ, 15 қыркүйекте көштің екінші легімен Қазақстанның Солтүстігіне бет алған Ираннан көшкен 73 қандасымыз (20 отбасы) Маңғыстау облысы Ақтау қаласына ат басын тіреді.



Бұл көш ҚР Сыртқы істер министрлігі, Еліміздің Ирандағы Елшілігі және Горган қаласындағы Бас консулдығы мен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар Қоры» КЕАҚ ұйымдастыруымен, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары



ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

әкімдіктерінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Атажұртқа көшіп келген ағайындар мемлекеттік квота арқылы Еліміздің солтүстік аймақтарында орналастырылады.

Халықтар арасындағы достық пен сенім үзілмесін!

11 қыркүйек күні «Отандастар қоры» КЕАҚ вице-президенті Мағауия Сарбасов бастаған басшылық құрам мен Германия Федералдық үкіметінің Қоныс аударушылар және аз ұлт істері жөніндегі уәкілі, Бундестаг депутаты Бернд Фабрициус бастаған делегация кездесті.

Отырыстың күн тәртібінде алдағы уақытта мәдени-гуманитарлық бағыттағы жобаларды бірлесіп ұйымдастыру мәселелері ортаға салынды.

Кездесу барысында Мағауия Қанапияұлы Германияда тұратын қандастарымыз бен елімізде тұратын этникалық немістер қос мемлекет арасындағы байланыстың дамуына тың серпін бергенін және ынтымақтас-тықтың бұдан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша тәжірибе алмасу, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және қаралған мәселелерді оңтайлы шешу жолдары нақтыланды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай шетелде тұратын отандастар арасында өткен «Қазақстан – жүрегімде!» атты халықаралық фотобайқауының қорытындысы қазылар алқасының талқысынан өткізіліп, байқау жеңімпаздары анықталды.

Барлық қабылданған жұмыстар қазылар алқасымен әділ бағаланып, байқаудың жүлделі орындары бойынша түпкілікті нәтижесі шығарылды.

Өз жұмыстарын жолдаған барлық үміткерлерге байқауға қатысқаны үшін сертификат және барлық жеңімпаздарға арнайы диплом, құрмет грамотасы мен сыйлықтар табысталады.

Байқау қатысушыларының жұмыстары Ережеде көрсетілген талаптарға сай бағаланды. Жеңімпаздар тізімі мына төмендегідей:

«Әдемі тұлғалар» номинациясы бойынша:

1-орын Митенбаева Меруерт (Науаи, Өзбекстан);

2-орын Сайлау Гүлдаурен (Моңғолия);

3-орын Галиева Асель (Ишим, Ресей).

«Менің сүйікті өлкем» номинациясы бойынша:

1-орын Ахжан Оспан (Моңғолия);

2-орын Жарқынбек Жұмаділұлы (Қытай);

3-орын Сана Ескелді (Горган, Иран).

«Тұрмыс және салт-дәстүр» номинациясы бойынша:



ЖАҢАЛЫҚТАР

1-орын Рзахметова Балжан (Үшқұдық, Өзбекстан);

2-орын Киякова Менслу (Орынбор, Ресей);

3-орын Жексенбай Қайыпұлы (Моңғолия).

Ерекше шығармашылық көрініс бойынша жеңімпаздар:

1. Мельникова Виктория (Алматы, Қазақстан);

2. Исакова Эльвира (Минск, Беларусь);

3. Ахмарал Ханат (Баян-Өлгей, Моңғолия);

4. Алимханова Гаухар (Финляндия).

ҚР жоғары оқу орындарының оқытушылық қызметіне шетелдік мамандарды тарту туралы

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының оқытушылық қызметіне шетелдік мамандарды тарту бойынша жыл сайынғы бағдарлама іске асырылады. Егер Сіз дәріс, шеберлік сыныптары немесе семинарлар форматында өз тәжірибеңізбен бөлісуге, Қазақстанның мәдениетімен танысуға дайын болсаңыз үміткер өтінімін толтыруыңызды сұраймыз.

Үміткерлерге арналған критерийлер:

- Шетелдік азамат (ТМД елдерінен егер ол халықаралық ғылыми қоғамдастықта танылған ғалым болып табылса ғана жіберіледі (жоғары индекс,

белгілі ғалыммен бірлескен жұмыс, патенттер, халықаралық ғылыми жобаларға қатысуы).

- немесе ғылым докторы дәрежесі (IT-технологии, менеджмент, бизнес бойынша магистр дәрежесіне рұқсат беріледі).

- Оқытушылық тәжірибесі 5 жылдан аз болмауы керек.

- Импакт-фактормен ғылыми және кәсіби журналдарда соңғы үш жылдағы жарияланымдардың болуы.

- Келу кезеңі кем дегенде 4 апта болу керек.

Толық ақпарат enic-kazakhstan.edu.kz сайтында.

«ACeSYRI - информатика саласындағы PhD докторанттары мен жас зерттеушілерге арналған озық орталық» (610166-EPP-1-2019-1-SK-EPPKA2-CBHE-JP ACeSYRI)

2020 жылы ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы Erasmus+ K2 бағдарламасы аясында ғылыми зерттеулерге кірісті: «Advanced Centre for PhD students and young researchers in informatics»- «Информатика саласындағы PhD докторанттары мен жас зерттеушілерге арналған озық орталық (ACeSYRI).

Жоба аясында Қазақстанның жоғары оқу орындарының докторанттары, жас зерттеушілері мен оқытушылары арасында ынтымақтастық жөніндегі



портал және орталық құрылады. ACeSYRI порталы қатысушыларға зерттеу топтарын құруға, шетелдік ғылыми серіктестермен ынтымақтасуға және ақпарат пен жобалардың нәтижелерімен алмасуға мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаттары мен міндеттері:

- Жас зерттеушілер мен аспиранттар үшін оқыту қағидаттары мен тәжірибесін, зерттеу әдіснамасын және этикалық шекараларды қамтитын білім базасын құру.

- ACeSYRI порталы аспиранттардың ғылыми консультациялар алуы және қажетті ақпаратты іздестіруіне арналған база ретінде ғана емес, сондай-ақ Қазақстаннан тыс ғылыми бағыттарға байланысты салаларда ғылыми консультанттарды іздестіруге арналған Халықаралық зерттеу жобаларына енгізу үшін де оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

- Жас зерттеушілердің жариялануы мақсатында құрылған «Церера» журналының аясында оларға жариялануға мүмкіндік беру.

- Арнайы семинарлар мен студенттік конференцияларда, атап айтқанда, Жилина университеті ұйымдастырған ІТ-конференцияларда презентациялар өткізуге арналған алаңдармен қамтамасыз ету.

Жоба қатысушылары:

Жилина университеті (Жилин, Словакия)

Лодзь университеті (Лодзь, Польша)
Universite de Lorraine (Нанси, Франция)

Назарбаев Университеті (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Алматы, Қазақстан)

Алматы энергетика және телекоммуникациялар университеті (Алматы, Қазақстан)

Жәңгір Хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университет (Орал, Қазақстан)

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда, Қазақстан)

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. (Петропавл, Қазақстан)

Сулейман Демирел университеті (Қаскелең, Қазақстан)

«Қазақстандық ақпараттық қауіпсіздік қауымдастығы» заңды тұлғалар одағы (Алматы, Қазақстан)

Жұмыс тобының тізімі:

1. Г.С. Джарасова – директордың орынбасары

2. Х.Н.Касенов – менеджер

Жобаның ресми сайты: acesyri.eu
Қазақстандағы Эразмус бағдарламасының ұлттық офисі:

neo@erasmusplus.kz



ШЕТЕЛ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ШӘКІРТАҚЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Стипендиялық бағдарламаға кім қатыса алады?

Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына түсу үшін: шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға, «жақсы» деген бағамен орта білімнің аяқталғанын растайтын құжаты бар тұлға;

Магистратураның білім беру бағдарламаларына түсу үшін: шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға, бакалавр немесе маман дипломы бар, GPA орта балы кем дегенде 2.33 (4.0-тің) немесе оның білім беру мекемелерінде алынған баламасы.

PhD докторантураның білім беру бағдарламаларына түсу үшін: шетел азаматы, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адам, магистр дипломы бар, GPA орта балы кемінде 2.33 (4.0-тің) немесе оның білім беру мекемелерінде алынған баламасы, шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаты бар тұлға.

Шетел азаматтары, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ-нің бакалавриаты мен магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша тегін оқуға мүмкіндік алады. Ол үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған стипендиялық бағдарлама конкурсына қатысу қажет. <https://enic-kazakhstan.kz/>

Шәкіртақы қамтиды:

- таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша барлық мерзім ішінде тегін оқу;
- білім алушының академиялық жетістіктеріне байланысты барлық оқу мерзімі ішінде ай сайынғы стипендия.

Шәкіртақы қамтымайды:

- көлік шығындары;
- тұру;
- виза, медициналық сақтандыру бойынша шығындарды.

Қандай құжаттар қажет:

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (транскриптпен);
- мотивациялық эссе қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде;
- үміткер оқыған білім беру ұйымынан немесе жұмыс берушіден қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдеріндегі ұсыным хат;



- шетелге оқуға баратындарға арналған медициналық анықтама, сондай-ақ үміткер тұратын елдің денсаулық сақтау ресми органы берген адамның иммун тапшылығы вирусының (АИТВ-инфекциясы) және ЖИТС ауруының жоқтығы туралы медициналық анықтама;
- қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (бар болса).

Шетел азаматтарының келу-кету ережесі

Егер Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен келісінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, шетелдіктер жарамды шетелдік паспорттар немесе оларды алмастыратын құжаттар бойынша Қазақстан Республикасының келу визалары болған кезде Қазақстан Республикасына келе алады. Бұл - визалық тәртіп деп аталады және ол негізінен алыс шетел азаматтарына қатысты әрекет етеді.

Шетел азаматтары халықаралық және жолаушылар қатынасы үшін ашық мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттері арқылы келеді-кетеді.

Келетін (кететін) шетелдіктің паспортына шекарадан өткен кезде тиісті мәртабан қойылады.

Паспорттарды тіркеуден дипломатиялық және қызметтік паспорттары бар шетелдіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «дипломатиялық», «қызметтік»,

«инвесторлық» санатындағы визасымен келген немесе уәкілетті органнан «инвестор» мәртебесі расталған кезде (визасыз болу режимі бар елдер үшін) Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер босатылады.

Жақын шетелдердің бірқатар мемлекеттерімен визасыз сапарлар тәртібі сақталуда.

Қазақстан Республикасына келген кезде шетелдіктерге көші-қон карточкалары беріледі. Көші-қон карточкаларының нысанын және оны беру қағидаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекітеді. Келуге визаларды немесе оларға тиісті басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері немесе жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының осыған арнайы уәкілеттік берілген өкілдері береді.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, қабылдаушы тұлғалардың шақырулары немесе Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті мемлекеттік органдарының рұқсаты виза беру үшін негіздер болып табылады.

Шетелдіктер жарамды шетелдік паспорттар немесе оларды алмастыратын құжаттар бойынша, егер тиісті мемлекетпен келісімде



ЖАҢАЛЫҚТАР

өзгеше тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті мемлекеттік органдары берген шығу визалары болған кезде Қазақстан Республикасынан кетеді.

Шетелдікке Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат етілмейтін жағдайлар:

1) егер оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіздер болса - іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін;

2) егер ол қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған болса, ол үшін пробациялық бақылау белгіленген немесе оған жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған болса, - сот шешімі негізінде шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, жазаны өтегенге немесе жазадан босатылғанға, пробациялық бақылау мерзімі өткенге, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін;

3) егер ол өзіне сот салған міндеттемелерді орындаудан жалтарса, - міндеттемелер орындалғанға дейін.

Ақын Рафаэль Ниязбек қайтыс болды

Белгілі ақын Рафаэль Ниязбек 78 жасында дүниеден озды. Қаралы хабарды Жазушылар одағы растады. Рафаэль Ниязбек 1943 жылы 24 наурызда Жамбыл облысы, Талас ауданының қазіргі Тамабек ауылында дүниеге келген. 1978 жылы

Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін тәмамдады. 1967 жылы Қазақ радиосының әдебиет редакциясына қызметке орналасты. 1971-1977 жылдары «Жұлдыз» журналында, 1977-1991 жылдары «Жазушы» баспасында редактор болған. Ол – Шешен Республикасының ең жоғары Мемлекеттік «Ұлт намысы» орденінің иегері, Шешенстан Мемлекеттік және Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлықтардың лауреаты. «Қаратау мен Алатау», «Темірқазық», «Жалын кешкен», «Жер жанары», «Өркен», «Биіктей бер, тауларым», «Жетіген», «Тамұқ отына жанбаған», «Шешендер», «Ичкерия» атты жыр жинақтары жарық көрген.

www.24.kz

Әзербайжан делегациясымен кездесу

16 қыркүйекте ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Нұр-Сұлтандағы Еуразиялық медиа форумның қатысушылары Әзербайжан Республикасының өкілдерімен кездесу өткізді. Іс-шараға Әзербайжан Республикасы Президенті әкімшілігі медиа бөлімінің басшысы К.Гасанов, Телевизия және радио жөніндегі ұлттық кеңестің басшысы А.Исмаилов, Әзербайжан Республикасы Президенті әкімшілігі медиа бөлімі басшысының орынбасары О.Саттаров,



Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі А.Атамогланов, «Әзербайжан телевизиясы және радиохабары» ЖАҚ төрағасы Р.Маммадов қатысты. Министр А.Атамоглановты жақында Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және уәкілетті елшісі қызметіне тағайындалуымен құттықтап, министрлік қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырды. Оған қоса, Аида Балаева Әзербайжан аумағында кабельдік операторлар торында «Qazaq tv» телеарнасының хабар таратуына көмек көрсетуді сұрады, сондай-ақ Министрліктің Әзербайжан телеарналарымен бірлескен жобаларды іске асыруға, медиасаладағы мамандардың тәжірибе алмасуын ұйымдастыруға дайын екендігін білдірді. А.Балаева Әзербайжан өкілдерін ағымдағы жылдың 27-28

қыркүйегінде өтетін «Astana Media Week» медиаапталығына қатысуға шақырды. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара тиімді ынтымақтастыққа қызығушылық танытты.

www.24.kz

Душанбедегі Гала-концерт

16-17 қыркүйек аралығында Тәжікстан астанасы Душанбеде Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет басшылары кеңесінің аясында Гала-концерт өтті. Тәжікстан төрағалығымен өткен саммит жұмысында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер – Үндістан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы мен Ресей



ЖАҢАЛЫҚТАР



Федерациясының басшылары қатысты. Ұйымның бақылаушы мемлекеттері қатарында Беларусь Республикасы, Иран Ислам Республикасы және Моңғолия Президенттері қатысты. Кездесуге құрметті қонақ ретінде Түркіменстан президенті шақырылды.

Еліміздің атынан Гала-концертте «Салтанат» Мемлекеттік би ансамблі, «Астана сазы» фольклорлы-этнография ансамблі, дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали өнер көрсетті. Ал 18 қыркүйекте Бохтар қаласында (Тәжікстан) қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған концерт ұйымдастырылды. Қазақстандық әртістер белгілі қазақ және дәстүрлі музыкалық шығармалармен қоса, жаңа композициялар орындады.

www.24.kz

Науаи кітаптары қазақ тіліне аударылды

13 қыркүйек күні Ташкентте Халықаралық Түркі академиясы түркі әлемінің тұғырлы тұлғасы, өзбек халқының ұлы ойшыл ақыны Әлішер Науаидың 580 жылдық мерейтойы аясында әзірлеп шығарған

бірқатар кітаптардың тұсаукесер рәсімін өткізді.

Өзбекстан Жазушылар одағында өткен алқалы жиынға Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дархан Сатыбалды, Өзбекстан Республикасы Министрлер кабинетінің Руханият, мемлекеттік тіл департаменті басшысы Абдугаппор Киргизбаев, Халыққа білім беру министрінің бірінші орынбасары Усмон Шарифходжаев, Өзбекстан Жазушылар одағының төрағасы Сироджиддин Сайид, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжанов, «Қолжазба және фольклортану» ғылыми-инновациялық орталығының директоры Төрәлі Қыдыр,




сонымен қатар Өзбекстан Үкіметінің лауазымды тұлғалары, қазақ және өзбек зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Түрік тілі дегенде алдымен есімізге Білге Тоныкөк, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни секілді даналарымыз оралады. Сол бабаларының жолын үзбей жалғаған, ана тілінің өрісін кеңітіп, ырысын тасытып жаңа арнаға шығарған Әлішер Науаи да түрік тілінің алып атасы саналады. Дарабоз данышпан Әлішер Науаи ана тілінің жауһарларын өзінің шығармаларында жарқыратып қолданып, түрк тілін ғылым мен білімнің, классикалық әдебиет пен өнердің тіліне айналдыруға берік іргетас қалап, тарихи-рухани соны бетбұрыс жасаған аймаңдай тұлға болады», – деді Халықаралық

Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі сөйлеген сөзінде.

Өз кезегінде Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Дархан Сатыбалды бауырлас елдер арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік қатынастардың жоғары деңгейде екенін атап өтті. Оның айтуынша, мәдени-гуманитарлық саладағыынтымақтастыққа ерекше назар аударылып келеді.

«Бүгінгі шара – әдебиет пен өнер саласындағы бекем бауырластық пен ынтымақтастық байланыстарының тағы бір дәлелі. Ұлы ақынның терең туындылары біздің елдер арасындағы әдеби байланыстың алтын көпіріне айналатыны сөзсіз», – деп атап өтті қазақстандық дипломат.



ЖАҢАЛЫҚТАР

Айта кету керек, данышпан ақын Әлішер Науаидың жиынға қатысушылардың назарына ұсынылған «Хамса» жинағына көрнекті ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Несіпбек Айтұлы аударған «Ләйлі – Мәжін», «Ескендір қорғаны» дастандары енгізілген.

Сонымен қатар, Ә.Науаидың «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» (Екі тіл туралы пікір) атты еңбегі Түркі академиясының қолдауымен алғаш рет қазақ тіліне толық аударылып, транслитерациясы және факсимилесімен бірге жеке кітап ретінде жарық көрді. Бірегей басылымды баспаға белгілі ғалым Төрәлі Қыдыр әзірледі. Әлішер Науаидің бұл шығармасының түркітану саласында алар орны ерекше. Екі (түркі һәм парсы) тілдің табиғатын терең зерделеген ақын осы еңбегі арқылы түркі әдеби тілінің бай сөздік қоры мен поэтикалық қуатын нақты мысалдар арқылы жеткізіп берген.

Бұдан бөлек Халықаралық Түркі академиясы ұлы ақынның түбі бір түркі тіліне аударылған таңдамалы туындыларын жинақтап, «Ғазалдар» жинағын жарыққа шығарды. Аталған кітапқа Әлішер Науаидың он бір тілдегі өлеңдері енгізілді.

Бас қосу аясында бауырлас елдердің рухани байланысына қосқан зор үлесі үшін Науаи ғазалдарының аудармаларын жинақтаған көрнекті ақын, Өзбекстанның Халық жазушысы Мухаммад Али

және қазақтың ұлы ақыны Абайдың Қарасөздерін өзбек тіліне аударған белгілі ғалым Қозоқбой Йулдашев және Ибодулла Мирзаев Халықаралық Түркі академиясының арнайы медалімен марапатталды.

<http://twesco.org>

Ауқымды ғылыми форум ашылды

Қазақстанның ядролық физика институтында ауқымды ғылыми форум ашылды. Пандемияға байланысты ұзақ үзілістен кейінгі халықаралық басқосуға әлемнің 12 елінен 40-қа жуық ғалымдар мен мамандар келді. Басты мақсат – іргелі ғылымдағы байланыстарды қалпына келтіру. Мамандандырылған институтта 4 күн бойы өтетін халықаралық форум «Ядролық ғылым мен технология» деп аталады. Еліміздегі іргелі ғылыми мекеме бір жылға жуық іс жүзінде жұмыс істемеді. Бұл, маңызды сала үшін үлкен үзіліс. «Сондықтан, оны қалпына келтіретін уақыт келді», – дейді ғалымдар. Халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыруда жүзбе жүз кездесудің маңызы зор.

Батыржан Қаракөзов, ҚР ядролық физика институтының бас директоры: – Соңғы жылдары офлайн кездесулердің болмауы ғылымның дамуына айтарлықтай әсер етті. Дегенмен, онлайн конференциялар өтіп



тұрды. Биыл жиынды аралас форматта ұйымдастырдық. Форумға осы саланың 200-ден аса ғалымы қатысуда. Атом энергетикасы, ядролық физикаға қатысты ғылыми зерттеулер талқыланбақ. Форум бағдарламасы бойынша 5 секция жұмыс істейді. Онда ядролық және радиациялық физика, материалтану мен радиациялық экология мәселелерін талқылау жоспарланған. Сондай-ақ, Қазақстанда атом энергетикасын дамытудағы ғылыми ізденістер форумның өзегіне айналмақ. Атап айтқанда, ядролық реакторлардың қауіпсіздігі басымдыққа ие. Бұл ретте біздің мамандардың тәжірибесі бар. Мәселен, соңғы жылдары Жапонияда салынатын реакторларға арналған материалдар Қазақстанның қысымды су реакторында сынақтан өтті. Әрине, бірінші кезекте маман даярлау мәселесі талқыланды. Бұл, атом электр стансасын салуды жоспарлап отырған Түркия мемлекеті үшін маңызды.

Исмаил Бостосун, Akdeniz университетінің профессоры:

– Біз Қазақстан студенттерін Түркияда тәжірибеден өткіземіз. Форумда жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін даму мен ынтымақтастықтың тиімді жолдарын қарастырамыз. Ядролық физиканың іргелі мәселелерінен басқа, конференцияда қолданбалы зерттеулер саласындағы жобаларды талқылау да жоспарланған. Атап айтқанда, радиациялық медицина саласындағы жетістіктер. Біздің мамандар шетелдік әрітестерінің

назарына натрий йодид 131 радиофармацевтикалық препаратының Қазақстандағы алғашқы клиникалық қолданылуы мен өндірісі туралы ақпаратты ұсынады. Бұл препарат қазірдің өзінде онкологиялық аурулар мен қалқанша безі ауруларының радионуклидті терапиясында белсенді қолданылады.

www.24.kz

Альцгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрі жасалып жатыр

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Еуропалық Одақ грантын жеңіп алды. Олар Португалия, Нидерланд, Дания, Ресей, Беларусь және Украина ғалымдарымен бірлесіп, әзірлеушілер тобына кірді. Дәрілік препаратты дайындау үшін Қазақстанның оңтүстік аймақтарында өсетін түйе тікенегі пайдаланылады. Отандық зерттеушілер өсімдіктен атеросклероздың бастапқы формаларын емдеуде тиімді биологиялық белсенді заттарды алды. «Біз дәрілік өсімдік – түйе тікенегіне зерттеу жүргізу үшін Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің грантын алдық. Содан кейін біз оның құнды қасиеттерін анықтадық. Біз өзіміз ашқан жаңалықты Португалияда таныстырдық. Олар біздің ғылыми әзірлемелерімізге қызығушылық танытып, ынтымақтастық ұсын-



ЖАҢАЛЫҚТАР

ды. Жобаны орындау кезінде флавоноидтардың суда еритін формаларын аламыз, оларды көміртекті наноматериалдармен модификациялаймыз. Шетелдік ғалымдар жедел тест өткізіп, біз анықтаған наноматериалдар Альцгеймер және Паркинсон ауруларының дамуына кедергі келтіретінін және пациенттерді аурудың алғашқы кезеңдерінде емдеуге көмектесетінін растады. Сонымен қатар түйе тікенегінен алынған модификацияланған биологиялық белсенді заттардың жанама әсерлері жоқ және адам денсаулығы үшін қауіпсіз болып танылды», – деді Қорқыт Ата



атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры Нұрбол Аппазов.

Қызылордалық ғалымдар шетелдік әріптестерімен бірге байқауға қатысу үшін өтініш беріп, Horizon-2020 бағдарламасы бойынша Еуропалық Одақтың грантын жеңіп алды. Енді

ғылыми топ клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдарында басқа да көптеген инновациялық жобалар бар, олардың бір бөлігі коммерцияландырылған. Мәселен, химик ғалым, профессор Нұрбол Аппазов қара алтынды мұнай шламынан өңдеудің тиімді әдісін ойлап тапты. Жоба Құмкөлдің ірі мұнай-газ кен орындарының бірінде енгізілді. Қазақстандық ғалымның жобасы көптеген шетелдік жобалар арасынан топ жарып, ең үнемді жобалардың бірі ретінде танылды. Ғалымдардың күріш сабанынан целлюлоза алу жобасы

қағаз өндірісінде қолданысқа енгізілді. Бұрын астық жинап, өңдегеннен кейін мыңдаған тонна күріш сабаны мен қауызы қолданылмай өртелетін. Ғалымдардың жұмысының арқасында экологияға таза шешім табылды. Қазір күріш сабанының дәндері мен қабығынан қағаз, белсендірілген көмір және тыңайтқыш -

биочар жасалады. Соңғы үш жылда қызылордалық ғалымдар 60 бірегей ғылыми әзірлемені патенттеді. 10-нан астам инновациялық жобаны коммерцияландыру жоспарда бар.

www.24.kz



QANDASTARYMYZDYŇ ALĠASHQY LEGI TARIHI OTANYNA ORALDY

2021 jyly 9 qyrkúiek Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyň tapsyrmasymen Aýġanstan elindegi qandastarymyz atajurtqa taban tiredi.

Igilikti is-sharany Syrtqy ister ministrligi, QR-nyň Kabýldaġy elshiligi men «Otandastar qory» KEAQ birlesip uymdastyrdy. «Ár qazaq meniň jalǵyzym» degendei qandastardyň elge kelýine barlyq azamattar qoldaý bildirdi.

«Ózderińiz билетindei «Otandastar qory» KEAQ janyнан qurylǵan Qandastardy aqparattyq qoldaý ortalyǵy 1200-ge jýyq Aýġanstanda turatyn qandastarymyzdyń tizimin jasady. Atalǵan tizimge, buryńǵy aýġan elinen kóship kelgen jáne sol jaqta turatyn qandastar men Bailanys ortalyǵyna habarlasqan azamattar endi. Tizim Syrtqy ister ministrliginde jınaqtalyp, odan ári Kabýl qalasyndaġy Qazaqstan Respýblikasynyň Elshiligine jiberildi. Týyndaǵan kúrdeli máselelerdi ońtaıly sheshý maqsatynda Elshilikte arnayı komıсія qurylyp, júieli jumys júrgizýde. Búgingi kúni 35 qandasymyzdyń qazaq ekeni dáleldenip, komıсіадan qujattary rettelip, tarihi otanyна aman-esen jetip otyr. Qandastarymyzdy Almaty ájejaıynan Syrtqy ister ministrligi men «Otandastar qory» KEAQ qyzmetkerleri kútip aldy», - deidi «Otandastar qory» KEAQ vıse-prezidenti Maǵaýıa Sarbasov.

Qajymuhan Muńaitpasovtyň týǵanyна 150 jyl!

15 qyrkúiek kúni Dúniejúzi qazaqtarynyň qaýymdastyǵy, «Otandastar qory» KEAQ jáne Aqmola ákimdigi birlesip uymdastyryımen «Qazaqty álemge tanytqan Qajymuhan» atty halyqaralyq ġylymı-tájiribelik onlain konferensiasy ótti.

Atalǵan ġylymı-tájiribelik konferensiaǵa Mádeniet jáne sport ministrligi, memlekettik grek-rım kúres federasiasynyň basshylary, balýannyň týystary, shákirtteri, ġalym-professorlar, Eýropa, Túrkiа, Mońǵolia, Iran, Qytaı memleketterinen arnayı ókilder men ózge de azamattar qatysty.

Konferensia aıasynda «Qazaq sport tarihyndaġy Qajymuhannyň orny», «QR-da balýannyň jeńisteri men jetistikteri jáne búgingi kún», «Urpaq boıyna batyr rýhyn sińirý: paryz ben qaryz» máseleleri talqyǵa salyndy.

ÚLKEN KÓSHTIŇ BASTAÝY...

2021 jylǵy 14 qyrkúiekte 16:00-de Qazaqstanǵa qonys áydarýshylardyň alǵashqy legi keldi. Jıyny 13 adam (3 otbasy). Qandastarymyzdy «Otandastar qory» KEAQ ókilderi kútip alyp, Soltústik Qazaqstan oblysyna shyǵaryp saldy.



ЖАҢАЛЫҚТАР

Sondaı-aq, 15 qyrkúıekte kóshtiń ekinshi legimen Qazaqstannyń Soltústigine bet alǵan Irannan kóshken 73 qandasymyz (20 otbasy) Mańǵystaı oblysy Aqtaı qalasyna at basyn tıreıdi.

Atajurtqa oralǵan baýyrlarymyz 20 qyrkúıek saǵat 16.00-de Nur-Sultan qalasyna Mańǵystaı – Nur-Sultan Nurly Jol baǵytyndaǵy poıyzben keledi. Qandastarymyzdy kútip alý is-sharasy uıymdastyrylyp, alystan kelgen aǵaıyńǵa Nur-Sultan qalasynyń kórikti jerlerine ekskýrsia ótkizilip, arnayı as beriledi.

Bul kósh QR Syrtqy ister ministrliǵı, Elimizdiń Irandaǵy Elshiligi jáne Gorgan qalasındaǵy Bas konsýldyǵy men Dúnejúzi qazaqtarynyń qaýymdastyǵy jáne «OtandastarQory»KEAQ uıymdastyryımen, Mańǵystaı jáne Soltústik Qazaqstan oblystary ákimdikteriniń qoldaıyymen júzege asyrylyda.

Atajurtqa kóship kelgen aǵaıyндar memlekettik kvota arqyly Elimizdiń soltústik aımaqtarynda ornalastyrylatyn bolady.

Halyqtar arasyndaǵy dostyq pen senim úzilmesin!

11 qyrkúıek kúni «Otandastar qory» KEAQ vice-prezıdenti Maǵaııa Sarbasov bastaǵan basshylyq quram men Germanıa Federaldyq úkimetiniń Qonys aýdarýshylar jáne az ult isteri jónindegi ýákili, Býndestag depýtaty Bernd Fabrısıýs bastaǵan delegasıa kezdesti.

Otyrystyń kún tártibinde aldaǵy ýaqyтта mádenı-gýmanıtarlyq baǵyттаǵy jobalardy birlesip uıymdastyryı máseleleri ortaǵa salyndy.

Kezdesý barysynda Maǵaııa Qanapıauly Germanıada turatyn qandastarymyz ben elimizde turatyn etnikalyq nemister qos memleket arasyndaǵy bailynystyń damýyna tyń serpin bergenin jáne yntymaqtastyqtyń budan ári nyǵaıa túsetinine senim bildirdi.

Kezdesý qorytyndysy boıynsha tájiribe alması, birlesken jobalardy júzege asyryı jáne qaralǵan máselelerdi ońtaıly sheshý joldary naqtylandy.

QURMETTI DOSTAR!

Qazaqstan Táýelsizdiginin 30 jyldyǵyna oraı shetelde turatyn otandastar arasynda ótken «Qazaqstan - júregimde!» atty halyqaralyq fotobaiqaýynyń qorytyndysy qazylyar alqasynyń talqysynan ótkizilip, baiqaý jeńimpazdary anyqtaldy.

Barlyq qabyldanǵan jumystar qazylyar alqasymen ádil baǵalanyp, baiqaýdyń júldeli oryndary boıynsha túpkilikti nátjesi shyǵaryldy.

Óz jumystaryn joldaǵan barlyq úmitkerlerge baiqaýǵa qatysqany úshin sertifikat jáne barlyq jeńimpazdarǵa arnayı diplom, qurmet gramotasy men sylyqtar tabystalady.

Baiqaý qatysýshylarynyń jumystary Erejede kórsetilgen talaptarǵa saı baǵalandy. Jeńimpazdar tizimi myna tómendegideı:



«Ádemi tulǵalar» nominasiyası boıynsha:
1-oryn Mitenbaeva Merýert (Naýaı, Ózbekstan);

2-oryn Sailay Gúldaýren (Mońǵolia);

3-oryn Galieva Asel (Ishım, Reseı).

«Meniń súiikti ólkem» nominasiyası boıynsha:

1-oryn Ahjan Ospan (Mońǵolia);

2-oryn Jarqynbek Jumadiluly (Qytaı);

3-oryn Sana Eskeldi (Gorgan, Iran).

«Turmys jáne salt-dástúr» nominasiyası boıynsha:

1-oryn Rzahmetova Baljan (Úshqudıyq, Ózbekstan);

2-oryn Kiakova Menslıy (Orynbor, Reseı);

3-oryn Jeksenbai Qayıpuly (Mońǵolia).

Erekshe shyǵarmashylyq kórinis boıynsha jeńimpazdar:

1. Melnikova Viktoria (Almaty, Qazaqstan);

2. Iskakova Elvira (Minsk, Belarýs);

3. Ahmaral Hanat (Baian-Ólgeı, Mońǵolia);

4. Alimhanova Gaýhar (Fınlándia).

**QR joǵary oqý oryndarynyń
oqytýshylyq qyzmetine sheteldik
mamandardy tartý týraly**

Qurmetti áriptester!

Qazaqstan Respýblikasynda joǵary oqý oryndarynyń oqytýshylyq qyzmetine sheteldik mamandardy tartý boıynsha jyl saıynǵy baǵdarlama iske asyryladı. Eger Siz dáris, sheberlik synnyptary nemese seminarlar

formatynda óz tájiribeńizben bólisýge, Qazaqstannyń mádenietimen tanysýǵa daıyn bolsańyz úmitker ótinimin toltyrýyńyzdy suraimyz.

Úmitkerlerge arnalǵan kriteriuler:

• Sheteldik azamat (TMD elderinen eger ol halyqaralyq ǵylymı qoǵamdastyqta tanylǵan ǵalym bolyp tabylsa ǵana jiberiledi (joǵary indeks, belgili ǵalymmen birlesken jumys, patentter, halyqaralyq ǵylymı jobalarǵa qatysýy).

• nemese ǵylym doktory dárejesi (IT-tehnologıı, menejment, bıznes boıynsha magistr dárejesine ruqsat beriledi).

• Oqytýshylyq tájiribesi 5 jyldan az bolmaýy kerek.

• Impakt-faktormen ǵylymı jáne kásibi jýrnaldarda sońǵy úsh jyldaǵy jarıalanymdardyń bolýy.

• Kelý kezeńi kem degende 4 apta bolý kerek.

Tolyq aqparat enic-kazakhstan.edu.kz saıtynda.

**«ACeSYRI - informatika salasyndaǵy
PhD doktoranttary men jas
zertteýshilerge arnalǵan ozyq ortalyq»
(610166-EPP-1-2019-1-SK-EPPKA2-
CBHE-JP ACeSYRI)**

2020 jyly QR BGM Bolon prosesi jáne akademiya utqyrlyq ortalyǵy Erasmus+ K2 baǵdarlamasy aıasynda ǵylymı zertteýlerge kiristi: «Advanced Centre for PhD students and young researchers in informatics»- «Informatika salasyndaǵy PhD doktoranttary



ЖАҢАЛЫҚТАР

men jas zertteýshilerge arnalǵan ozyq ortalyq (ACeSYRI).

Joba aiasynda Qazaqstannyń joǵary oqý oryndarynyń doktoranttary, jas zertteýshileri men oqytýshylary arasynda yntymaqtastyq jónindegi portal jáne ortalyq qurylady. ACeSYRI portaly qatysýshylarǵa zertteý toptaryn qurýǵa, sheteldik ǵylymı seriktestermen yntymaqtasýǵa jáne aqparat pen jobalardyń nátiyelerimen almasýǵa múmkindik beredi.

Jobanyń maqsattary men mindetteri:

- Jas zertteýshiler men aspiranttar úshin oqytý qaǵıdattary men tájiribesin, zertteý ádisnamasyn jáne etikalyq shekaralardy qamtıtyń bilim bazasyn qurý.

- ACeSYRI portaly aspiranttardyń ǵylymı konsýltasialar alýy jáne qajetti aqparatty izdestirýine arnalǵan baza retinde ǵana emes, sondaı-aq Qazaqstannan tys ǵylymı baǵyttarǵa bailyNSTy salalarda ǵylymı konsýltanttardy izdestirýge arnalǵan Halyqaralyq zertteý jobalaryna engizý úshin de onyń jumys isteýin qamtamasyz etý.

- Jas zertteýshilerdiń jarialanyń maqsatynda qurylǵan «Serera»jýrnalynyń aiasynda olarǵa jarialanyń múmkindik berý.

- Arнай seminarlar men stýdenttik konferensialarda, atap aıtqanda, Jilina ýniversiteti uıymdastyrgan IT-konferensialarda prezentasialar ótkizýge arnalǵan alańdarmen qamtamasyz etý.

Joba qatysýshylary:

Jilina ýniversiteti (Jilin, Slovakia)

Lodz ýniversiteti (Lodz, Polsha)
Universite de Lorraine (Nansi, Fransia)
Nazarbaev Ýniversiteti (Nur-Sultan, Qazaqstan)

Q.I. Sátbaev atyndaǵy Qazaq ulttyq tehnikalyq zertteý ýniversiteti komersialyq emes aksionerlik qoǵamy (Almaty, Qazaqstan)

Almaty energetika jáne telekomýnikasialar ýniversiteti (Almaty, Qazaqstan)

Jáńgir Han atyndaǵy Batys Qazaqstan agrarlıq-tehnikalyq ýniversitet (Oral, Qazaqstan)

Qorqyt Ata atyndaǵy Qyzylorda memlekettik ýniversiteti (Qyzylorda, Qazaqstan)

M. Qozybaev atyndaǵy Soltústik Qazaqstan memlekettik ýniversiteti. (Petropavl, Qazaqstan)

Sýleiman Demirel ýniversiteti (Qaskelen, Qazaqstan)

«Qazaqstandyq aqparattyq qaýıpsizdik qaýymdastyǵy» zańdy tulǵalar odaǵy (Almaty, Qazaqstan)

Jumys tobynyń tizimi:

1. G.S. Djarasova – direktordyń orynbasary

2. H.N.Kasenov – menejer

Jobanyń resmi saıty: acesyri.eu

Qazaqstandaǵy Erazmýs baǵdarlamasynyń ulttyq ofisi: neo@erasmusplus.kz



SHETEL STÝDENTTERINE ARNALĖAN SHÁKIRTAQY BAĖDARLAMASY

Stipendialyq baĖdarlamaĖa kim qatysa alady?

Bakalavriattyń bilim berý baĖdarlamalaryna túsý úshin: shetel azamaty, onyń ishinde Qazaqstan Respýblikasynyń azamaty bolyp tabylmaıtyn ulıy qazaq tulĖa, «jaqsy»degen baĖamen orta bilimniń aıaqtalĖany rastatyn qujaty bar tulĖa;

Magistratýranyń bilim berý baĖdarlamalaryna túsý úshin: shetel azamaty, onyń ishinde Qazaqstan Respýblikasynyń azamaty bolyp tabylmaıtyn ulıy qazaq tulĖa, bakalavr nemese maman diplomy bar, GPA orta baly kem degende 2.33 (4.0-tiń) nemese onyń bilim berý mekemelerinde alyńĖan balamasy.

PhD doktorantýranyń bilim berý baĖdarlamalaryna túsý úshin: shetel azamaty, onyń ishinde Qazaqstan Respýblikasynyń azamaty bolyp tabylmaıtyn ulıy qazaq adam, magistr diplomy bar, GPA orta baly keminde 2.33 (4.0-tiń) nemese onyń bilim berý mekemelerinde alyńĖan balamasy, shet tilin meńgergendigin rastatyn halyqaralyq sertifikaty bar tulĖa.

Shetel azamattary, onyń ishinde Qazaqstan Respýblikasynyń azamaty bolyp tabylmaıtyn ulıy qazaq tulĖalar Sh. Ýalıhanov atyndaĖy KMY-niń bakalavriaty men magistratýranyń bilim berý baĖdarlamalary boıynsha tegin oqýĖa múmkindik alady. Ol úshin Qazaqstan Respýblikasy Bilim jáne Ėylym ministrligi jarialaĖan stipendialyq baĖdarlama

konkýrsyna qatysý qajet. <https://enic-kazakhstan.kz/>

Shákirtaqy qamtıdy:

- tańdalĖan bilim berý baĖdarlamasy boıynsha barlyq merzim ishinde tegin oqý;
- bilim alýshynyń akademialyq jetistikterine bailanysty barlyq oqý merzimi ishinde aı saıynĖy stipendia.

Shákirtaqy qamtymaidy:

- kólik shyĖyndary;
- turý;
- vıza, medısinalyq saqtandyry boıynsha shyĖyndardy.

Qandai qujattar qajet:

- jeke basyn kýalandyratyn qujattyń kóshirmesi;
- aldyńĖy bilim deńgei týraly qujattyń kóshirmesi (transkriptpen);
- motivasialyq esse qazaq nemese orys nemese aĖylshyn tilderinde;
- úmitker oqýĖan bilim berý uıymnan nemese jumys berýshiden qazaq nemese orys nemese aĖylshyn tilderindegi usynym hat;

- shetelge oqýĖa baratyndarĖa arnalĖan medısinalyq anyqtama, sondaı-aq úmitker turatyn eldiń densaýlyq saqtaý resmı organy bergen adamnyń immýn tapshylyĖy virýsynyń (AITV-infeksiasy) jáne JITS aýrýynyń joqtyĖy týraly medısinalyq anyqtama;

- qazaqstandyq JOO-nan shaqyrý haty (bar bolsa).

Shetel azamattarynyń kelý-ketý erejesi

Eger Qazaqstan Respýblikasynyń tiisti memleketpen kelisiminde ózgeshe



ЖАҢАЛЫҚТАР

tártip belgilenbese, sheteldikter jaramdy sheteldik pasporttar nemese olardy almastyratyn qujattar boıynsha Qazaqstan Respýblikasynyń kely vızalary bolǵan kezde Qazaqstan Respýblikasyna kele alady. Bul - vızalyq tártip dep atalady jáne ol negizinen alys shetel azamattaryna qatysty áreket etedi.

Shetel azamattary halyqaralyq jáne jolaıshylar qatynasy úshin ashıq memlekettik shekaradaǵy ótkizy pýnktteri arqyly keledi-ketedi.

Keletin (ketetin) sheteldiktiń pasportyna shekaradan ótken kezde tiisti mórtaban qoıylady.

Pasporttardy tirkeyden diplomatiyalyq jáne qyzmettik pasporttary bar sheteldikter, sonдай-aq Qazaqstan Respýblikasynyń «diplomatiyalyq», «qyzmettik», «investorlyq» sanatyndaǵy vızasy men kelgen nemese ýákiletti organdan «investor» mártebesi rastalǵan kezde (vızasyz bolý rejimi bar elder úshin) Qazaqstan Respýblikasyna kelgen sheteldikter bosatylady.

Jaqn shetelderdiń birqatar memleketterimen vızasyz saparlar tártibi saqtalýda.

Qazaqstan Respýblikasyna kelgen kezde sheteldikterge kóshi-qon kartochkalary beriledi. Kóshi-qon kartochkalarynyń nysany jáne ony berý qaǵıdalaryn Qazaqstan Respýblikasynyń Ulıtyq qaıypsızdik organdary men kelisim boıynsha Qazaqstan Respýblikasynyń Ishki ister mınıstrligi bekitedi. Kelýge vızalardy nemese olarǵa tiisti basqa da qujattardy Qazaqstan Respýblikasynyń diplomatiyalyq ókildikteri men konsýldyq mekemeleri nemese jekelegen jaǵdailarda Qazaqstan Respýblikasynyń osyǵan arnayı ýákilettik berilgen ókilderi beredi.

Eger Qazaqstan Respýblikasynyń halyqaralyq sharttarynda ózgeshe kózdelmese, qabyldaıshy tulǵalardyń shaqyrýlary nemese Qazaqstan Respýblikasynyń osyǵan ýákiletti memlekettik organdarynyń ruqsaty vıza berý úshin negizder bolyp tabylady.

Sheteldikter jaramdy sheteldik pasporttar nemese olardy almastyratyn qujattar boıynsha, eger tiisti memleketpen kelisimde ózgeshe tártip belgilenbese, Qazaqstan Respýblikasynyń osyǵan ýákiletti memlekettik organdary bergen shyǵy vızalary bolǵan kezde Qazaqstan Respýblikasynan ketedi.

Sheteldikke Qazaqstan Respýblikasynan shyǵy ruqsat etilmeitin jaǵdailar:

1) eger ony qylmystyq jaıaptylyqqa tartý úshin negizder bolsa - is boıynsha is júrgizy aıaqtalǵanǵa deın;

2) eger ol qylmystyq quqyq buzıshylyq jasaǵany úshin sottalǵan bolsa, ol úshin probasıalyq baqylaı belgilengen nemese oǵan jazany oryndaıdy keiinge qaldyry qoldanylǵan bolsa, - sot sheshimi negizinde shyǵaryp jiberý jaǵdailaryn qospaǵanda, jazany ótegenge nemese jazadan bosatylǵanǵa, probasıalyq baqylaı merzimi ótkenge, jazany oryndaıdy keiinge qaldyry merzimi ótkenge deın;

3) eger ol ózine sot salǵan mindettemelerdi oryndaıdan jaltarsa, - mindettemeler oryndalǵanǵa deın.

Aqyn Rafael Niazbek qaitys boldy

Belgili aqyn Rafael Niazbek 78 jasynda dúnieden ozdy. Qaraly habardy Jazyshylar odaǵy rastady. Rafael Niazbek 1943 jyly 24



naýryzda Jambyl oblysy, Talas aýdanynyń qazirgi Tamabek aýylynda dúniege kelgen. 1978 jyly Qazaq ulttyq ýniversitetiniń filologia fakúltetin támarađady. 1967 jyly Qazaq radiosynyń ádebiat redaksiyasyna qyzmetke ornalasty. 1971-1977 jyldary «Juldyz» jýrnalynda, 1977-1991 jyldary «Jazyshy» baspasynda redaktor bolǵan. Ol – Sheshen Respýlikasynyń eń joǵary Memlekettik «Ult namysy» ordeniniń iegeri, Sheshenstan Memlekettik jáne Ilias Jansúgirov atyndaǵy sylyqtardyń laýreaty. «Qarataý men Alataý», «Temirqazyq», «Jalyn keshken», «Jer janary», «Orken», «Biikte ber, taýlarym», «Jetigen», «Tamuq otyna janbaǵan», «Sheshender», «Ichkeria» atty jyr jinaqtary jaryq kórgen.

www.24.kz

QR AQDM-de Ázerbajjan delegasiyasymen kezdesý ótti

16 qyrkúiek kún QR Aqqarat jáne qoǵamdyq damý ministrliginde Aida Balaeva Nur-Sultandaǵy Eýrazialyq media forýmnyń qatysyshlary Ázerbajjan Respýlikasynyń ókilderimen kezdesý ótkizdi. Is-sharaǵa Ázerbajjan Respýlikasy Prezidenti ákimshiligi media bóliminiń basshysy K.Gasanov, Televiziya jáne radio jónindegi ulttyq keńestiń basshysy A.Ismailov, Ázerbajjan Respýlikasy Prezidenti ákimshiligi media bólimi basshysynyń orynbasary O.Sattarov, Ázerbajjan Respýlikasynyń Qazaqstandaǵy Tótenshe jáne ókiletti elshisi A.Atamoglanov, «Ázerbajjan televiziya jáne radiohabary» JAQ tóraǵasy R.Mammadov qatysty. Ministr A.Atamoglanovty jaqynda Ázerbajjan Respýlikasynyń Qazaqstandaǵy

Tótenshe jáne ýkiletti elshisi qyzmetine taǵaýndalýymen quttyqtap, ministrlik qyzmetiniń negizgi baǵyttarymen tanystyrdy. Oǵan qosa, Aida Balaeva Ázerbajjan aýmaǵynda kabeldik operatorlar torında «Qazaq tv» telearnasynyń habar taratýyna kómek kórsetýdi surady, sondaı-aq Ministrliktiń Ázerbajjan telearnalarymen birlesken jobalardy iske asyruǵa, mediasaladaǵy mamandardyń tájiribe almasýyn uıymdastyruǵa daıyn ekendigin bildirdi. A.Balaeva Ázerbajjan ókilderin aǵymdaǵy jyldyń 27-28 qyrkúieginde ótetin «Astana Media Week» mediaaptalyǵyna qatysýǵa shaqyrdy. Kezdesý qorytyndysy boıynsha taraptar ózara tiimdi yntymaqtastyqqa qyzyǵyshylyq tanytty.

www.24.kz

Dýshanbede Gala-konsert ótti

16-17 qyrkúiek aralyǵynda Tájikstan astanasy Dýshanbede Shanhai yntymaqtastyq uıymyna múshe memleket basshylary keńesiniń aıasynda Gala-konsert ótti. Tájikstan tóraǵalyǵymen ótken samıt jumysynda SHYU-ǵa múshe memleketter - Úndistan Respýlikasy, Qazaqstan Respýlikasy, Qytaı Halyq Respýlikasy, Qyrǵyz Respýlikasy, Pákitan Islam Respýlikasy men Resei Federasiyasynyń basshylary qatysty. Uıymnyń baqylaıshy memleketteri qatarynda Belarýs Respýlikasy, Iran Islam Respýlikasy jáne Mońǵolia Prezidentteri qatysty. Kezdesýge qurmetti qonaq retinde Túrkiemenstan prezidenti shaqyryldy.

Elimizdiń atynan Gala-konsertte «Saltanat» Memlekettik b1 ansambli,



ЖАҢАЛЫҚТАР

«Astana sazy» fólklorly-etnografia ansambli, dástúrli ánshi, Qazaqstannyń eńbek sińirgen qairatkeri Erlan Rysqalı óner kórsetti. Al 18 qyrkúekte Bohtar qalasynda (Tájikstan) qazaq diasporasy ókilderine arnalǵan konsert uymdastyryldy. Qazaqstandyq ártister belgili qazaq jáne dástúrli múzykalyq shyǵarmalarmen qosa, jańa kompozısiıalar oryndady.

www.24.kz

Naıai kitaptary qazaq tiline ýdaryldy

13 qyrkúiek kúni Tashkentte Halyqaralyq Túrki akademiasy túrki áleminiń tuǵyrlı tulǵasy, ózbek halqynyń uly oıshyl aqyny Álisher Naıaıdyń 580 jyldyq mereitoıy aıasynda ázirlep shyǵarǵan birqatar kitaptardyń tusaıkeser rásimin ótkizdi.

Ózbekstan Jazýshylar odaǵynda ótken alqaly jıynǵa Halyqaralyq Túrki akademiasynyń prezıdenti Darhan Qydyralı, Qazaqstan Respýblikasynyń Ózbekstan Respýblikasyndaǵy Tótenshe jáne Ókiletli Elshisi Darhan Satybaldy, Ózbekstan Respýblikasy Ministrler kabinetiniń Rýhaniat, memlekettik til departamenti basshysy Abdýgappor Kırǵızbaev, Halyqqa bilim berý ministriniń birinshi orynbasary Ýsmon Sharıfhodjaev, Ózbekstan Jazýshylar odaǵynyń tóraǵasy Sırojdiddin Saıd, M.Áyezov atyndaǵy Ádebiet jáne óner institýtynyń direktory Kenjehan Matyjanov, «Qoljazba jáne fólklortanı» ǵylym-innovasiıalyq ortalyǵynyń direktory Tóralı Qydyr, sonymen qatar Ózbekstan Úkimetiniń laıazymdy tulǵalary, qazaq jáne ózbek zıaly qaıym ókilderi qatysty.

«Túrik tili degende aldymen esimizge Bilge Tonykók, Mahmud Qashqarı, Júsip

Balasaǵuny sekildi danalarymyz oralady. Sol babalarynyń jolyn úzbei jalǵaǵan, ana tiliniń órisin keńitip, yrysın tasytyp jańa arnaǵa shyǵarǵan Álisher Naıaı da túrik tiliniń alyp atasy sanalady. Daraboz danyshpan Álisher Naıaı ana tiliniń jaıharlaryn óziniń shyǵarmalarynda jarqyratyp qoldanyp, túrk tilin ǵylym men bilimniń, klasıkalyq ádebiet pen ónerdiń tiline analdyrýǵa berik irgetas qalap, tarıhı-rýhanı sony betburys jasaǵan aimańdaı tulǵa bolady», – dedi Halyqaralyq Túrki akademiasynyń prezıdenti Darhan Qydyralı sóılegen sózinde.

Óz kezeginde Qazaqstannyń Ózbekstandaǵy elshisi Darhan Satybaldy baıyrilas elder arasyndaǵy dostyq, tatý kórshilik jáne strategialyq seriktestik qatynastardyń joǵary deńgeide ekenin atap ótti. Onyń aıtýynsha, mádeni-ǵymanıtarlyq saladaǵy yntymaqtastyqqa erekshe nazar aıdarylyp keledi.

«Búgingi shara – ádebiet pen óner salasyndaǵy bekem baıyrlystyq pen yntymaqtastyq bailyystarynyń taǵy bir dáleli. Uly aqynnyń tereń týyndylary bizdiń elder arasyndaǵy ádebi bailyystyń altyn kópirine analatyny sózsiz», – dep atap ótti qazaqstandyq diplomat.

Aıta ketý kerek, danyshpan aqyn Álisher Naıaıdyń jıynǵa qatysýshylardyń nazaryna usynylǵan «Hamsa» jınaǵyna kórnekti aqyn, Qazaqstan Memlekettik sylyǵynyń laıreaty, «Parasat» ordeniniń iegeri Nesipbek Aıtuly aıdarǵan «Láili – Májin», «Eskendir qorǵany» dastandary engizilgen.

Sonymen qatar, Á.Naıaıdyń «Mýhákámátýl-lýǵátáın» (Eki til týraly pikir) atty eńbegi Túrki akademiasynyń qoldaıymen algash ret qazaq tiline tolyq aıdarylyp, transliterasiıasy jáne faksımilesimen birge jeke kitap retinde



jaryq kórdi. Biregei basylymdy baspaǵa belgili ǵalym Tóralı Qydyr ázirledi. Alisher Naýaıdıń bul shyǵarmasynyń túrkitaný salasynda alar orny erekshe. Eki (túrki hám parsy) tildiń tabıǵatyn tereń zerdelegen aqyn osy eńbegi arqyly túrki ádebi tiliniń bai sózdik qory men poetikalıyq qýatyn naqty mysaldar arqyly jetkizip bergен.

Budan bólek Halyqaralyq Túrki akademiasy uly aqynnyń túbi bir túrki tiline aýdarylǵan tańdamaly týnyndylaryn jınaqtap, «Ǵazaldar» jınaǵyn jaryqqa shyǵardy. Atalǵan kitapqa Alisher Naýaıdyń on bir tildegi óleńderi engizildi.

Bas qosý aiasynda baýyras elderdiń rýhanı baılanysyna qosqan zor úlesi úshin Naýaı ǵazaldarynyń aýdarmalaryn jınaqtaǵan kórnekti aqyn, Ózbekstannyń Halyq jazýshysy Mýhammad Alı jáne qazaqtyń uly aqyny Abaıdyń Qarasózderin ózbek tiline aýdarǵan belgili ǵalym Qozoqboı Iýldashev jáne Ibodýlla Mırzaev Halyqaralyq Túrki akademiasynyń arnayı medalimen marapattaldy.

<http://twesco.org>

Qazaqstannyń iadrolyq fizika nstitýtynda aýqymdy ǵylymı forým ashıldı

Qazaqstannyń iadrolyq fizika nstitýtynda aýqymdy ǵylymı forým ashıldı. Pandemiǵa baılanysty uzaq úzilisten keingi halyqaralyq basqosýǵa álemniń 12 elinen 40-qa jýyq ǵalymdar men mamandar keldi. Basty maqsat – irgeli ǵylymdaǵy baılanystardy qalpyna keltirý. Mamandandyrylǵan nstitýtta 4 kún boıy ótetin halyqaralyq forým «Iadrolyq ǵylym men tehnologıa» dep atalady. Elimizdegi irgeli ǵylymı mekeme bir jylǵa jýyq is júzinde jumys istemedi. Bul, maңызdy sala

úshin úlken úzilis. «Sondyqtan, ony qalpyna keltiretin ýaqyt keldi», - deıdi ǵalymdar. Halyqaralyq baǵdarlamalary júzege asyryda júzbe júz kezdesýdiń maңызы zor.

Batyrjan Qarakózov, QR iadrolyq fizika nstitýtynyń bas direktory: – Sońǵy jyldary oflain kezdesýlerdiń bolmaýy ǵylymnyń damýyna aıtarlyqtai áser etti. Degenmen, onlain konferensıalar ótip turdy. Bıyl jıyndy aralas formatta uıymdastyrdyq. Forýmǵa osy salanyń 200-den asa ǵalymı qatysýda. Atom energetikasy, iadrolyq fizikaǵa qatysty ǵylymı zertteýler talqylanbaq. Forým baǵdarlamasy boıynsha 5 seksia jumys isteıdi. Onda iadrolyq jáne radıasıalyq fizika, materialtaný men radıasıalyq ekologıa máselelerin talqylaı josparlangan. Sondai-aq, Qazaqstanda atom energetikasyn damytýdaǵy ǵylymı izdenister forýmnyń ózegine aınalmaq. Atap aıtqanda, iadrolyq reaktorlardyń qaýipsizdigi basymdyqqa ie. Bul rette bizdiń mamandardyń tájiribesi bar. Máselen, sońǵy jyldary Japonıada salynatyn reaktorlarǵa arnalǵan materialdar Qazaqstannyń qysymdy sý reaktorynda synaqtan ótti. Árıne, birinshi kezekte maman daıarlaı máselesi talqylandy. Bul, atom elektr stansasyn salýdy josparlap otyrǵan Túrkiá memleketi úshin maңызdy.

Ismail Bostosýn, Akdeniz ýnıversitetiniń profesory:

– Biz Qazaqstan stýdentterin Túrkiada tájiribeden ótkizemiz. Forýmıda jańa jobalardy júzege asyry úshin damý men yntymaqtastyqtyń tıimdi joldaryn qarastıramyz. Iadrolyq fizikanyń irgeli máselelerinen basqa, konferensıada qoldanbaly zertteýler salasyndaǵy jobalardy talqylaı da josparlangan. Atap aıtqanda, radıasıalyq medısına salasyndaǵy



ЖАҢАЛЫҚТАР

jetistikter. Bizdiń mamandar sheteldik áritesteriniń nazaryna natrı iodıd 131 radiofarmasevtikalıyq preparatynyń Qazaqstandaǵy algashqy klinikalıyq qoldanylǵy men óndirisi týraly aqparatty usynady. Bul preparat qazirdiń ózinde onkologialıyq aýrýlar men qalqansha bezi aýrýlarynyń radionýklıditi terapiasynda belsendi qoldanylady.

www.24.kz

Qazaqstandıyq ǵalymdar Alseimer jáne Parkinson aýrýlaryna qarsy dári jasap jatyr

Qorqyt Ata atyndaǵy Qyzylorda ýniversitetiniń ǵalymdary Eýropalyq Odaq grantyn jeńip aldy. Olar Portýgalıa, Nıderland, Dania, Resei, Belarýs jáne Ýkraına ǵalymdarymen birlesip, ázirleýshiler tobyna kirdi. Dárilik preparatty daıyndaý úshin Qazaqstannyń ońtústik aimaqtarynda ósetin túie tikenegi paidalanylady. Otandyq zertteýshiler ósimdikten aterosklerozdyń bastapqy formalaryn emdeýde tiimdi biologialıyq belsendi zattardy aldy. «Biz dárilik ósimdik – túie tikenegine zertteý júrgizýi úshin Bilim jáne ǵylym mınıstrligi Ǵylym komitetiniń grantyn aldyq. Sodan keiin biz onyń qundy qasıetterin anyqtadyq. Biz ózimiz ashqan jańalyqty Portýgalıada tanystyrдық. Olar bizdiń ǵylymı ázirlemelerimizge qyzyǵyshlyq tanytyp, yntymaqtastyq usyndı. Jobany oryndaı kezinde flavonoidtardyń sýda eritin formalaryn alamyz, olardy kómirtekti nanomaterialdarmen modifikasıalaymyz. Sheteldik ǵalymdar jedel test ótkizip, biz anyqtaǵan nanomaterialdar Alseimer jáne Parkinson aýrýlarynyń damýyna kedergi keltiretinin jáne pasientterdi

aýrýdyń algashqy kezeńderinde emdeýge kómektesetinin rastady. Sonymen qatar túie tikeneginen alynǵan modifikasıalanǵan biologialıyq belsendi zattardyń janama áserleri joq jáne adam densaýlyǵy úshin qaýıpsiz bolyp tanyldı», – dedi Qorqyt Ata atyndaǵy Qyzylorda ýniversitetiniń zertteýshi-professory Nurbol Appazov.

Qyzylordalyq ǵalymdar sheteldik áriptesterimen birge baıqaýǵa qatysýı úshin ótinish berip, Horizon-2020 baǵdarlamasy boıynsha Eýropalyq Odaqtyń grantyn jeńip aldy. Endi ǵylymı top klinikaǵa deıingi jáne klinikalıyq zertteýler júrgizýdi josparlap otyr. Qorqyt ata atyndaǵy Qyzylorda ýniversitetiniń ǵalymdarynda basqa da kóptegen inovasıalyq jobalar bar, olardyń bir bóligi komersıalandyrylǵan. Máselen, hımik ǵalym, profesor Nurbol Appazov qara altyndy munai shlamynan óndeýdiń tiimdi ádisin oılap taptı. Joba Qumkóldiń iri munai-gaz ken oryndarynyń birinde engizildi. Qazaqstandıyq ǵalymnyń jobasy kóptegen sheteldik jobalar arasynan top jaryp, eń únemdi jobalardyń biri retinde tanyldı. Ǵalymdardyń kúrish sabanyndan selúloza alý jobasy qaǵaz óndirisinde qoldanysqa engizildi. Buryń astıyq jınap, óndegennen keiin myńdaǵan tonna kúrish sabany men qaýyzy qoldanylmaı órteletin. Ǵalymdardyń jumysynyń arqasynda ekologiaǵa taza sheshim tabylđı. Qazir kúrish sabanynyń dánderi men qabyǵynan qaǵaz, belsendirilgen kómir jáne tyńaitqysh - biochar jasalady. Sońǵy úsh jylda qyzylordalyq ǵalymdar 60 biregei ǵylymı ázirlemeni patenttedi. 10-nan astam inovasıalyq jobany komersıalandyryı josparda bar.

www.24.kz




ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Хан жақсы ма?

Ойнаушылар деңгелене жайғасып отырғаннан кейін орталарынан бір ойыншыны «хан», екіншісін «уәзір» етіп сайлайды да, «уәзір» ойынды бастайды. Халық ортаға шыққан «уәзірге»: «Халық ерігіп жатыр, әміршіміз халыққа бір ермек тауып берсін!» деген өтініш айтады. «Уәзір» тағында оңаша отырған «ханға» барып, халықтың өтінішін жеткізеді. Әмірші: «Халық еріксе,

«Хан жақсы ма?» деген ойын ойнасын» дейді. Халық сол ойынды ойнауға кіріседі. «Уәзір» шеткі ойыншыдан бастап: «Хан жақсы ма?»



– деп сұрай бастайды. Әркім әртүрлі жауап береді. «Ханның» жақсы жақтары да, жаман жақтары да ашық айтылады. Ал «уәзір» сол естігендерінің бірін де қалдырмай шетінен «ханға» жеткізіп

отырады. Ең соңында «уәзір» «ханға» келіп: «Тақсыр, кімнен зорлық, кімнен қорлық көрдіңіз?» дейді, сол кезде «хан» өзін жамандағандарды біртіндеп алдына шақырта бастайды. «Анау отырған қауғабасты әкел! Шұнақты әкел!» деп, сырттай бас-басына айдар тағып, сырттай тісін қайрап отырғандарды алдына алдыртып, жазаға тартады. Жазасының түрі «бес қатты, он тәтті» деп аталады. «Уәзір» қолына екі қабатталып есілген орамалды алып, «ханның» бұйрығын жүзеге асырып отырады. Яғни, жазаның «қаттысында» қол иыққа дейін, ал «тәттісінде» қол шынтаққа дейін түріліп, дүре соғылады. «Ханды» жамандағандар жазаларын алып болған соң, енді оны мақтағандар шақырылады. Бұл жолы «хан» әлгінде жабырқап қалған көңілін көтеру үшін оларға ән айтқызып, би билетеді. Осылайша ойын аяқталған соң, «хан» орнын «уәзіріне» береді де, ол өзіне жаңа «уәзір» сайлап алады. Сөйтіп, ойын әрмен қарай жалғасады.

Көрші

Ойын көпшілік жағдайда жастардың ойын-сауық кештерінде ойналады. Ойнаған кезде көрші болып бір жігіт, бір қыз қатар отырады. Ойынға қатысушылардың біреуі көршісіз қалады.



ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ



көрші іздеуге кіріседі. Осылайша ойынның соңында отырғандардың бәрі түгел дерлік тату көршілерге айналады.

Айдап сал

Бұл ойынға ойнағысы келгендердің бәрі қатыса алады. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Сосын бірінші топтың

Жүргізушінің мақсаты – серіксіз тақ қалған ойыншыға көрші іздеу.

Жүргізуші тақ ойыншыдан:

- Сіз кімнің көршісін қалайсыз? – деп сұрайды.

Ойыншы:

- Маған бөленшенің көршісі керек, деп, өзі қалаған ойыншының көршісіне бағыт сілтейді.

Ойын жүргізуші аталған көршілерге келіп:

-Көршіңізбен аразбысыз-татумысыз? – деп сұрайды.

Егер «аразбын» десе, көршісі серіксіз қалған ойыншының қасына барып көрші болады. Ал егер «татумын» десе, татулығын көрсете жаза арқалап, тақ ойыншының талабы бойынша көпшілікке өнер көрсетеді. Ойын барысында тақ ойыншы өзіне көрші тауып алса, соның нәтижесінде серіксіз қалған келесі бір ойыншы өзіне

ойыншылары сыртқа шығып кетеді де, екінші топтағылар үйдің ішінде қалады. Ойын жүргізуші сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандардың әрқайсысына жеке-жеке қойып шығады. Содан соң сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Сырттан кірген ойыншы үйдегі ойыншылардың арасынан өз есімімен аталған ойыншыны табуы керек. Егер таба алмаса, онда айыптылар орнына барып отырады. Ал егер дұрыс тапса, сол өзімен «аттас» ойыншының жанына жайғасады. Осылайша сыртта тұрғандар бір-бірлеп тегіс ішке кіріп болғасын ойын тоқтатылып, айыптылар қатарына іліккендер көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді, домбыра тартады. Әйтеуір білген өнерін көрсетеді. Келесі кезекте екі топтың ойыншылары орындарын алмастырып, ойынды қайта жалғастыруға болады.



QAZAQTYŃ ULTTYQ OIYNDARY

Han jaqsy ma?

Ойнаушылар деңгелене жағасып отырғаннан кейін орталарынан бір ойыншыны «han», екіншісін «ýázir» etip sailaıdy da, «ýázir» ойынды bastaıdy. Halyq ortaға shyqqan «ýázirge»: «Halyq erigip jatyr, ámirshimiz halyqqa bir ermek taıyp bersin!» degen ótinish aıtady. «Ýázir» taғында ońasha otyrған «hanға» baryp, halyqtyń ótinishin jetkizedi. Ámirshi: «Halyq erikse,



«Han jaqsy ma?» degen oıyn oınasyn» deıdi. Halyq sol oıynды oınaуға kirisedi. «Ýázir» shetki oıynshydan bastap: «Han jaqsy ma?» - dep suraı bastaıdy. Árkim ártúrlı jaıap beredi. «Hannyń» jaqsy jaqtary da, jaman jaqtary da ashыq aıtylady. Al «ýázir» sol estigenderiniń birin de qaldyrmai

shetinen «hanға» jetkizip otyrady. Eń sońыnda «ýázir» «hanға» kelip: «Тақсыр, kimнен zorlyq, kimнен qorlyq kórdińiz?» deıdi, sol kezde «han» ózin jamandaғандardy birtindep aldyna shaqyrta bastaıdy. «Анау otyrған qaуғabasty ákel! Shunaqty ákel!» dep, syrttaı bas-basyna aıdar taғыp, syrttaı tisin qarap otyrғандardy aldyna aldyrtyp, jazaға tartady. Jazasynыń túri «bes qatty, on tátti» dep atalady. «Ýázir» qolyna eki qabattalyp esilgen oramaldy alyp, «hannyń»

buıryғыn júzege asyryp otyrady. Іaғnı, jazanyń «qattysynda» qol ıyqqa deın, al «táttisinde» qol shyntaқqa deın túrilip, dúre soғыlady. «Handy» jamandaғандar jazalaryn alyp bolған soń, endi ony maқтағандar shaqyrylady. Bul joly «han» áлginde jabырqap qalған kónilin kóterý úshin olarға án aıtqyzyp, bı біletedi. Osylaısha oıyn aıaқталған soń, «han» ornyn «ýázirine» beredi de, ol

óзine jańa «ýázir» sailap alady. Sótip, oıyn ármen qaraı jalғasady.

Kórshi

Oıyn kópshilik jaғdaıda jastardyń oıyn-saуyq keshterinde oınalady. Oınaған kezde





көрші болып бір жігіт, бір қыз қатар отырады. Ойынға қатысшылардың біреуі көршісіз қалады. Жүргізішінің мақсаты - серіксіз тақ қалған ойыншыға көрші іздеу.

Жүргізіші тақ ойыншыдан:

- Сіз кімнің көршісін қалайсыз? – деп сұрайды.

Ойыншы:

- Маған бөлешенің көршісі керек, деп, өзі қалаған ойыншының көршісіне бағыт сілтеді.

Ойын жүргізіші аталған көршілерге келіп:

- Көршіңізбен аразысыз-татымысыз? - деп сұрайды.

Егер «аразын» десе, көршісі серіксіз қалған ойыншының қасына барып көрші болады. Ал егер «татымын» десе, татылығын көрсете жаза арқалап, тақ ойыншының талабы

бойынша көпшілікке өнеркөрсетеді. Ойын барысында тақ ойыншы өзіне көрші тауып алса, соның нәтижесінде серіксіз қалған келесі бір ойыншы өзіне көрші іздеуге кіріседі. Осылайша ойынның соңында отырғандардың бәрі түгел дерлік таты көршілерге аналды.

Айдап сал

Бұл ойынға ойнағысы келгендердің бәрі қатыса алады. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді.

Сосын бірінші тоқтың ойыншылары сыртқа шығып кетеді де, екінші топтағылар үйдің ішінде қалады. Ойын жүргізіші сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандардың арқасына жеке-жеке қойып шығарды. Содан соң сырттағы ойыншыларды бір-бірілеп шақыра бастады. Сырттан кірген ойыншы үйдегі ойыншылардың арасынан өз есіммен аталған ойыншыны табуы керек. Егер таба алмаса, онда айыптылар орнына барып отырады. Ал егер дұрыс тاپса, сол өзіден «аттас» ойыншының жанына жағасарды. Осылайша сыртта тұрғандар бір-бірілеп тегіс ішке кіріп болғасын ойын тоқтатылып, айыптылар қатарына иліккелер көпшіліктің ұғарымен өлең айтаты, бі біледі, домбыра тартаты. Айтеуір білген өнерін көрсетеді. Келесі кезекте екі тоқтың ойыншылары орындарын алмастырып, ойынды қайта жалғастыруға болады.



Әр ойынның өзіне тән сипаттамасын сәйкестендіріңіз.

Хан жақсы ма?	Бірінші топтың ойыншылары сыртқа шығып кетеді де, екінші топтағылар үйдің ішінде қалады.
	Жастардың ойын-сауық кештерінде ойналады
	Егер «татумын» десе, татулығын көрсете жаза арқалап, тақ ойыншының талабы бойынша көпшілікке өнер көрсетеді.
Көрші	«Уәзір» қолына екі қабатталып есілген орамалды алып, «ханның» бұйрығын жүзеге асырып отырады.
	Сырттан кірген ойыншы үйдегі ойыншылардың арасынан өз есімімен аталған ойыншыны табуы керек.
	Жүргізушінің мақсаты – серіксіз тақ қалған ойыншыға көрші іздеу.
Айдап сал	Жазаның «тәттісінде» қол шынтаққа дейін түріліп, дүре соғылады.
	Ойынның соңында отырғандардың бәрі түгел дерлік тату көршілерге айналады.



РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ:
Авторлардың стилі, орфография қақы сақталады.
Мақалалар редакцияның көзқарасын білдірмейді.

ТУҒАН ТІЛІ

Мемлекеттік тілді дамыту институтының
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

КОРРЕКТОРЫ:
Аягүл Омарова
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:
Жазира Бексейтова

Теруге жіберілген күні 27.09.2021 ж.
Басуға қол қойылған күні 15.10.2021 ж.
Шартты баспа табағы 13.
Пішімі 60x90 1/8
Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Қазақстан Республикасы, 050010,
Алматы қ., Құрманғазы, 40, бөл. 42
tugantil2019@mail.ru